FREEDOM HOLDING CORP.



# ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2023 қаржы жылына арналған

# МАЗМҰНЫ


**Есеп туралы** ... 3
- Есеп беру тәсілі ... 3
- Жоғары басшылықтың үндеуі ... 4

**Freedom Holding Corp. туралы** ... 6
- Компания қызметінің негізгі бағыттары ... 7
- Қызмет көрсету географиясы ... 10
- Цифрлық қаржы-техникалық экожүйені құру ... 11
- Флагмандық цифрлық өнімдер ... 12
- Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік ... 13

**1.0 ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ** ... 16
- 1.1 Тұрақты дамудың негізгі көрсеткіштері ... 17
- 1.2 Тұрақты дамуды басқару тәсілі ... 18
- 1.3 Саясаттар шеңберінде міндеттемелер енгізу ... 19
- 1.4 Маңызды тақырыптарды анықтау ... 20
- 1.5 БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге үлес қосу ... 22
- 1.6 Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл ... 24

**2.0 ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ** ... 27
- 2.1 Таланттарды басқару ... 28
- 2.2 Тең мүмкіндіктер, адам құқықтары және кемсітушілікке жол бермеу ... 30
- 2.3 Әлеуметтік қолдау, ынталандыру және еңбекақы төлеу ... 30

**3.0 ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ** ... 33
- 3.1 Білім беру бастамаларын, мәдениет пен спортты қолдау ... 35
- 3.2 Жергілікті инфрақұрылымға инвестициялар ... 37
- 3.3 Украина қорларына қайырымдылық қолдау ... 38
- 3.4 Экологиялық жобалар ... 39

**4.0 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ** ... 40
- 4.1 Корпоративтік басқару жүйесі ... 41
- 4.2 Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару ... 51
- 4.3 Іскерлік әдеп және комплаенс ... 53
- 4.4 Кері байланыс тетіктері ... 58

**5.0 ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ** ... 59
- 5.1 Климаттың өзгеруі ... 61
- 5.2 Энергия тұтыну және энергия тиімділігі ... 64
- 5.3 Су ресурстарын пайдалану ... 65
- 5.3 Қалдықтарды басқару ... 66

**ҚОСЫМШАЛАР** ... 67
- 1-қосымша: Есепті кезеңнен кейінгі оқиғалар ... 68
- 2-қосымша: Бас акционердің қосқан үлесі ... 70
- 3-қосымша: Freedom Holding Corp., еншілес және байланысты ұйымдардың қызметін реттейтін негізгі ережелер ... 74
- 4-қосымша: GRI көрсеткіштерінің кестесі ... 76
- 5-қосымша: Глоссарий ... 85


## Freedom Holding Corporation туралы

GRI 2-1 GRI 2-6 GRI 2-23

Freedom Holding Corp. (бұдан әрі осы құжатта «Компания», «біз», «біздің», «бізді» деп те аталады) өзінің Тұрақты даму туралы алғашқы есебін (бұдан әрі – Есеп) жариялайды.

Өзінің барлық еншілес және байланысты ұйымдарымен Freedom Holding Corp. (АҚШ Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясы үшін 10-K нысаны бойынша жыл сайынғы есептілікте белгіленген тізбеге сәйкес) «Топ» деп аталады.

Freedom Holding Corp. Невада штатының заңнамасына сәйкес АҚШ-та ұйымдастырылған корпорация болып табылады. Біздің бас атқарушы кеңсеміз Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Esentai Tower» БО-да орналасқан.



# ЕСЕП ТУРАЛЫ

## Есеп беру тәсілі GRI 2-3

Бұл Тұрақты даму туралы есеп Freedom Holding Corp. компаниясының алғашқы есебі болып табылады. Онда Компанияның 2022 жылғы 1 сәуірден бастап 2023 жылғы 31 наурызға дейінгі есептік кезеңдегі тұрақты даму саласындағы қызметінің нәтижелері туралы ақпарат қамтылады.

Ашылатын деректердің сапасы мен салыстырмалылығын қамтамасыз ету үшін Есеп тұрақты даму саласындағы есептілік бойынша Жаһандық бастаманың (Global Reporting Initiative, GRI) Consolidated Set of the GRI Standards 2021 стандарттарына сілтеме жасай отырып дайындалды.

Сонымен қатар, Есептің мазмұны төмендегі бастамалардың ережелеріне сәйкес келеді:

- БҰҰ Жаһандық Шартының қағидаттары (БҰҰ ЖШ);
- 2015 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған Тұрақты даму саласындағы мақсаттар (БҰҰ ТДМ).

### ЕСЕПТІҢ ШЕКТЕРІ

GRI 2-2

Деректер қоршаған ортаға, қоғамға және экономикаға елеулі әсер ететін еншілес және байланысты ұйымдар бойынша шоғырландырылып, төмендегі компанияларға қатысты ашып көрсетілді:

- «Фридом Финанс» АҚ
- Freedom Finance Global PLC
- «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ
- «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ
- «Freedom Life» ӨСК» АҚ
- Freedom Finance Uzbekistan ШК ЖШҚ
- Freedom Finance Europe Ltd.
- Prime Executions, Inc.



Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

# FREEDOM HOLDING CORP. БАС АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРЫНЫҢ ҮНДЕУІ

**Құрметті акционерлер, инвесторлар, серіктестер және әріптестер!**

ESG қағидаттары бүгінде өз қызметінің қоршаған ортаға, қоғамға және экономикаға тигізетін әсеріне жауапкершілікпен қарауды көздейтін компаниялардың даму векторын анықтауда негіз қалаушы болып табылады. Freedom Holding Corp. осындай компаниялардың қатарына кіреді және осы бағытта жан-жақты жұмыс жүргізіп келеді. Осы жұмысымыздың нәтижелерімен біз Компаниямыздың тарихында жаңа тарау ашып отырған Тұрақты даму туралы бірінші есебімізде сіздермен бөлісуге дайынбыз.

Біздің ойымызша, ESG тәжірибесі мен оның құралдарын дамыту Компанияның қайырымдылық қызметі мен экологияға қосқан үлесі шеңберінен асып түсіп, басқарудағы түбегейлі өзгерістерге әкеледі. Freedom Holding Corp. үшін бұл өзгерістер ең алдымен тұрақтылықты арттыруды және қаржылық емес тәуекелдер деңгейін төмендетуді білдіреді. Нәтижесінде Компания инвесторлар тарапынан оң бағаланып, қосымша капиталдандыруға қол жеткізе алады. Өйткені қоғамға жауапкершілікпен қарайтын және өзінің әлеуметтік капиталын құрып, оны үнемі өсіріп отыратын бизнес экономикалық турбуленттілік жағдайында навигациялауға көбірек мүмкіндіктер алады.

Ұйымымыздың БҰҰ Жаһандық Шартына қосылуы оның тұрақты даму мақсаттарына адалдығы мен бейілділігін көрсетеді. Ауқымды мәселелердің көбеюі шешуші ұжымдық әрекеттерді талап ететіні белгілі, ал белгіленген 17 мақсатқа қол жеткізу бизнес-қоғамдастықтың жан-жақты қатысуынсыз мүмкін болмайды. Сондай-ақ, 2022 жылдың қазан айында біз Ұлттық ESG клубына мүше болдық, бұл компаниямызға экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару қызметі тұрғысынан қосымша серпін берді.

Freedom Holding Corp. қаржы нарығының бенчмаркы ретінде «жасыл» экономика қағидаттарын ілгерілетеді және жауапты инвестициялауды таратушы ретінде әрекет етеді. 2023-2027 жылдары Компания тұрақты қаржыландыру құралдарына және ESG принциптарына сәйкес келетін жобаларға 200 млрд теңге инвестициялауды мақсат етіп отыр. Бұл ретте салымшылардың тұрақты инвестициялық құралдарға, оның ішінде біздің Freedom Broker брендімен бизнесіміздің күш-жігерінің арқасында қызығушылығы артып келеді. Осы жылдар ішінде ол Қазақстан қор биржасындағы мемлекеттік, борыштық, үлестік бағалы қағаздар және РЕПО секторындағы ең белсенді ойыншылардың біріне айналып қана коймай, сонымен қатар инвестициялау бойынша халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға дәйекті үлес қосып отырған сенімді ақпарат көзіне айналып отыр.



## ТИМУР ТУРЛОВ

Freedom Holding Corp. Бас атқарушы директоры



Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

Цифрлық экожүйені құрудың батыл және ауқымды мақсатын таңдау арқылы біз бұрынғыға қарағанда технологиялық жағынан дамыған болдық және әркез нарыққа жаңа бірегей шешімдерді ұсынуға мүмкіндік алдық. Цифрландыру өндірілетін қалдықтар мен табиғи ресурстарды тұтыну көлемінің қысқаруы, сондай-ақ адамдар үшін қаржылық қызметтердің қолжетімділігінің артуы арқылы күн сайын ESG күн тәртібіне елеулі үлес қосуға мүмкіндік бере отырып, Freedom Holding Corp-ның ДНҚ-на түпкілікті енді. Freedom Bank Қазақстанда цифрлық ипотека ұсыну нарығындағы ең ірі ойыншылардың біріне айналды, мұндай қызметті ұсынудан кейін осыған ұқсас нысанда автонесиелеу, шағын және орта бизнесті кредиттеу қолға алынды. Біздің сақтандыру ұйымдарымыз өзінің экологиялық сақтандыру өнімдерін әзірледі, ал Freedom Pay ең ірі отандық банктік емес қаржы техникалық төлем сервисі болып табылады. Әртүрлі онлайн-қызметтерді біріктіретін цифрлық сервистер жүйесін құру бүгінде бизнестің заманауи өсу үрдісі мен шарты ғана емес, сонымен қатар сыртқы мүдделі тараптардың қажеттіліктерін қамтамасыз етудің оңтайлы тәсілі де болып табылады. Бұл ретте, біз технологиялық тұрғыдан болашағы зор, керемет инновациялық мүмкіндіктерге ие елде – Қазақстанда өмір сүріп жатырмыз.

Мен Freedom Holding Corp. капиталдануының едәуір өсуі жағдайында адамдар – компаниямыздың басты активі және ең бағалы құндылығы екендігіне сенімдімін. Біз ұжымымызда пайымдары ортақ, шабыты биік, нағыз кәсіпқой, ниеттес жандардан – көп ұлтты, әр алуан мамандардан құрылған команданы жинай алдық. Жоғары дәрежелі корпоративтік жағдайды қалыптастырып, оны үнемі жақсарту бойынша үздіксіз жұмыс істеу Компанияның жауапты жұмыс беруші болып қалуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, біз командамыздың мүшелеріне қамқорлық танытып қана қоймай, Қазақстанның жергілікті қоғамдастықтары мен қызмет көрсететін басқа да өңірлерін дамытып, оларға қолдау көрсетуге тұрақты негізде елеулі үлес қосып келеміз. Біз үшін ESG трансформациясының экологиялық құрамдас бөлігі де маңызды, оның аясында елеулі жұмыс атқарылды. Болашақта біздің экологиялық бастамаларымыздың саны тек өсетініне сенімдімін.

2019 жылы Freedom Holding Corp. әлемдегі ең жоғары технологиялық биржа – Nasdaq-қа шығып, ашық және жария компания болу жауапкершілігін өзіне жүктеді. Біз тұрақты даму саласында да осындай міндеттемелерді ұстанамыз. Біз өз қызметіміздің нәтижелері туралы ғана емес, оның салдары туралы да ойлай отырып, жұртшылық пен ұжымымыздың сенімін жоғары бағалаймыз. ESG бағыты бірте-бірте күшейіп, әрқайсымыздың өмірімізге тереңірек ықпал ете бастайтыны сөзсіз. Сондықтан біздің ортақ міндетіміз – уақыт талабына сай болу және Компанияның негізгі қағидаттарына адал болып қалу. Мен олардың қатарында бірлік, тұтастылық, әділдік, жаңашылдық пен батылдықты атап өтер едім.

Құрметпен,

Freedom Holding Corp.

Бас атқарушы директоры

**Тимур Турлов**

Есеп туралы

Freedom Holding Corp. туралы

Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ

Қосымшалар

# FREEDOM HOLDING CORP. ТУРАЛЫ

## Компанияның даму тарихы



**1981**

- Компанияның ізашары Юта штатында (АҚШ тіркелді.

**2010**

- Тимур Турлов «Белый Город» ЖШҚ-ын сатып алды (кейін атауы «Фридом Финанс» Инвестициялық компаниясы» ЖШҚ-на өзгертілді).

**2013**

- «Фридом Финанс» Инвестициялық компаниясы» ЖШҚ Қазақстанда брокерлік компания сатып алды, кейін оның атауы «Фридом Финанс» АҚ болып өзгертілді).
- Еуропада брокерлік компания құрылды.

**2014**

- «Фридом Финанс» АҚ Қазақстанда 14 кеңсе ашты.

**2015**

- Компания кері қосып алу туралы мәміле жасасып, өз атауын BNB Munai, Inc-тен Freedom Holding Corp-ке өзгертіп, Freedom Finance Europe Ltd, «Фридом Финанс» Инвестициялық компаниясы» ЖШҚ (Ресей) және «Фридом Финанс» АҚ (Қазақстан) компанияларын сатып алды.
- Реттеуші лицензиялау процесі аяқталып, Freedom Finance Europe Ltd. реттеуші органның лицензиясын алды (Кипр бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясы (CySEC) 20.05.2015 ж. берген CIF 275/15 лицензиясы).

**2018**

- Украинада брокерлік компания ашылды.[1]

**2019**

- Freedom Holding Corp. акциялары Nasdaq-та листинг үшін мақұлданып, 15 қазанда сатыла бастады.

**2020**

- Компания Қазақстанда коммерциялық банк сатып алды, кейін оның атауы «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ болып өзгертілді.
- Компания Нью-Йорк қор биржасында тек агент жағдайында жұмыс істейтін тіркелген брокерлік дилер Prime Executions Inc. компаниясын сатып алды.

**2022**

- Компания екі сақтандыру компаниясын: «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ-ын және «Freedom Life» ӨСК» АҚ-ын сатып алу бойынша мәмілені аяқтады.
- Армения мен Әзірбайжанда брокерлік компаниялар ашылды.

**2023**

- Ақпан айында Компания өзінің ресейлік еншілес және байланысты ұйымдарын сатуды аяқтады.

[1] Украинадағы операциялар тоқтатылды.

# КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ[2]

**FREEDOM HOLDING CORP.**

Біз бағалы қағаздармен операцияларды, нарықтық операцияларды, бөлшек бағалы қағаздармен брокерлік операцияларды, инвестициялық банктік қызметтерді, андеррайтинг, коммерциялық банктік қызметтерді, сақтандыруды, инвестициялық зерттеулер мен кеңес беруді қоса алғанда, қаржылық қызметтердің көптеген түрлерін көрсетуге маманданған еншілес және байланысты компанияларымыз арқылы өз қызметін халықаралық деңгейде иеленіп, жүзеге асыратын холдингтік компаниямыз.

## БРОКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕР[3]

Қалыптасқан, жетекші және өсіп келе жатқан сегмент

**$287** МЛН

**Брокерлік қызметтен комиссиялық табыс**

**370** МЫҢ

**Ашық клиенттік брокерлік шоттардың жалпы саны**

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАНКИНГ[4]

Қалыптасқан, жетекші және өсіп келе жатқан сегмент

**$12** МЛН

**Инвестициялық банкингтен комиссиялық табыс**

## КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКИНГ[5]

Қазақстанда ауқымды өсу әлеуеті бар бастапқы кезең

**$826** МЛН

**Клиенттерге берілген қарыздардың жеке қоржыны**

**$1,29** МЛРД

**Пайдаланушы шоттары[8]**

## САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІ[6]

Белсенді өсіп келе жатқан сегмент

**$115** МЛН

**Сақтандыру қызметінен табыс**

**$467** МЛН

**Жиынтық активтер**

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ[7]

Белсенді өсіп келе жатқан сегмент

**$71** МЛН

**Бағалы қағаздармен операциялардан табыс**

**$207** МЛН

**Пайыздық табыс және бағалы қағаздар бойынша дивидендтерден табыс**

**$2,65** МЛРД

**Бағалы қағаздардың жеке қоржыны**

[2] Сандық көрсеткіштер 2023 қаржы жылының соңындағы жағдай бойынша берілген. Барлық сандар АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясына арналған 10-К формасынан алынған.
[3] «Фридом Финанс» АҚ, Freedom Finance Global PLC,Freedom Finance Uzbekistan ШК ЖШҚ, Freedom Finance Europe Ltd. және Prime Executions Inc. ұсынатын брокерлік қызметтер.
[4] «Фридом Финанс» АҚ, Freedom Finance Global PLC және Prime Executions Inc. ұсынатын инвестициялық банкинг қызметтері.
[5] «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ ұсынатын коммерциялық банкинг қызметтері.
[6] «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ ұсынатын сақтандыру қызметтері.
[7] Freedom Holding Corp., «Фридом Финанс» АҚ, Freedom Finance Global PLC, «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ, «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ және «Freedom Life» ӨСК» АҚ инвестициялық қызметі.
[8] Мерзімді депозиттер және ағымдағы клиенттік шоттар.

## Компания акцияларының листингі

Компанияның акциялары Орталық Азия, Шығыс Еуропа және АҚШ елдерінің ең ірі биржаларында листингтеледі.

Есепті кезеңде Freedom Holding Corp. акциялары мынадай биржалардың баға белгілеу тізімдеріне енгізілді:

| | | |
|---|---|---|
| **ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ (KASE)** | KASE | Тикер: **FRHC_US** |
| **АСТАНА ҚОР БИРЖАСЫ (AIX)** | AIX ASTANA INTERNATIONAL EXCHANGE | Тикер: **FRHC** |
| **УКРАИНА БИРЖАСЫ (UX)** | UKRAINIAN EXCHANGE | Тикер: **FRHC** |
| **NASDAQ ҚОР БИРЖАСЫ** | Nasdaq | Тикер: **FRHC** |

## Клиенттеріміздің бейіні

Біздің мақсатты бөлшек клиенттеріміз – саяси, нормативтік, валюталық және банктік белгісіздіктерге байланысты экономикалық тәуекелдерді басқару үшін өздерінің инвестициялық қоржынын әртараптандыруға ұмтылатын жеке тұлғалар мен шағын және орта кәсіпорындар. Біз, сондай-ақ, брокерлік дилер қызметін басқа да қаржы институттарына ұсынамыз.



Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

**ЖАҢА БИЗНЕС САТЫП АЛУ**

2

сақтандыру компаниясы сатып алынды

**КЛИЕНТТІК БРОКЕРЛІК ШОТТАР САНЫ**

370

мың брокерлік шот

**2023 ҚАРЖЫ ЖЫЛЫ ШЫҒАРЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КАРТАЛАРДЫҢ САНЫ**

26 869

шектеулі инвестициялық карта (Invest Card)

FREEDOM HOLDING CORP.

# ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ[9]

2023 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Freedom Holding Corp. әлемнің 30-дан астам елінде клиенттерге қызмет көрсетеді, 15 елде: Қазақстан, Қырғызстан, Украина[10], Армения, Өзбекстан, Германия, Ұлыбритания, Испания, Греция, Франция, БАӘ, Түркия, Әзірбайжан, АҚШ және Кипрде 120-дан астам кеңсесі бар.

Өз қызметкерлері мен клиенттерінің және акционерлерінің қажеттіліктерін мұқият қарастырғаннан кейін, Компания 2022 жылы Ресейдің еншілес және байланысты компанияларындағы 100% үлесін сату туралы шешім қабылдады (Ресей банкі 2023 жылғы 10 ақпанда Freedom Holding Corp. құрамына кіретін екі ресейлік компанияны - «Фридом Финанс» ИК және «Фридом Финанс» Банк ЖШҚ сатуды мақұлдады).

Компанияның кеңселері мен өкілдіктері

Компания клиенттерінің географиясы



>120 филиал

15 елде

[9] Компанияның және оның еншілес және байланысты ұйымдарының, оның ішінде Тұрақты даму туралы ағымдағы есептің периметріне кірмеген ұйымдардың қызметіне қолданылады. Картада Компания клиенттерінің географиясы есепті кезеңнің соңында осы елдердің азаматтары болып табылатын Tradernet пайдаланушыларының саны платформа пайдаланушыларының жалпы санының 0,01%-нан астамын құраған елдерді ғана ескере отырып көрсетілген.
[10] Украинадағы операциялық қызмет тоқтатылды.

# ЦИФРЛЫҚ ҚАРЖЫ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕНІ ҚҰРУ

Freedom Holding Corp. құрамына кіретін барлық компаниялар арасындағы өзара іс-қимылды дамыту Компанияның негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Сенімді цифрлық экожүйені құру нарықтағы бәсекелестік басымдықтарды сақтауға және Компанияның өсуін жеделдетуге мүмкіндік береді. Бұған цифрлық операцияларды үнемі кеңейту, жүйелерді мемлекеттік дерекқорлармен біріктіру және негізделген, прогрессивті шешімдер қабылдау үшін Big Data пайдалану арқылы қол жеткізіледі.

Freedom Holding Corp. қаржы секторындағы заманауи үрдістерден ілгері болуға ұмтылады. Біздің негізгі міндеттеріміздің бірі өнімдеріміз бен қызметтерімізді цифрландыру, оларды мемлекеттік және банктік қызметтермен біріктіру болып табылады, ал бұл клиенттеріміз үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Біз деректердің құпиялылығының қатаң стандарттарын сақтай отырып, цифрландыру тәсілін үнемі жетілдіріп отырамыз.

Freedom Holding Corp. Қазақстанда енгізілген инновациялық интеграцияланған қаржы технологияларын әлемнің басқа нарықтарына таратуды жоспарлап отыр. Біздің банктік және брокерлік бизнесіміздің Қазақстандағы флагмандық өнімі 90-нан астам GovTech[11] мемлекеттік дерекқорларымен әрекеттеседі, бұл компания ұсынатын мемлекеттік ипотекалық бағдарламалар мен басқа да кредиттік бағдарламалардың клиенттері үшін өзекті ақпаратқа жедел қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Біздің технологиялық платформаларымыз көптеген қызметтерімізді қосымша сервистердің оңай қолжетімді жиынтығына біріктіреді, бұл брендімізге ниеттестілікті нығайтуға септігін тигізеді.

Freedom Pay төлем жүйесі жергілікті және халықаралық карталар, Apple Pay, Google Pay, электрондық әмияндар, хабар алмасу қолданбалары және т.б. арқылы төлем жасауға мүмкіндік беретін көптеген өнім және қызмет түрлерімен оңай бірігеді. Freedom Pay дамыған инфрақұрылымның арқасында жоғары өткізу қабілеттілігі, жылдам және қарапайым интеграциялау әдістері, пайдаланушыларды қолдаудың әртүрлі нұсқалары сияқты басымдықтарға, сондай-ақ алаяқтыққа қарсы жеке шешімге ие, бұл барлық еншілес компанияларға Freedom Pay арқылы онлайн төлемдер жасауға мүмкіндік береді.

Біздің жетекші технологиялық өнімдеріміздің бірі – Tradernet. Бұл клиенттерге түрлі әлемдік нарықтарда, оның ішінде NYSE, Nasdaq және т.б. ірі биржаларда сауда жасауға мүмкіндік береді. Бірыңғай аккаунтқа ие бола отырып, олар электронды мәмілелер жасай алады және шоттарды басқара алады. Біз сондай-ақ Tradernet-ті клиенттердің шекті тәуекелдерін және бағалы қағаздарды мидл-кеңсеге аудару бойынша сұраныстарды бағалау үшін қолданамыз. Біздің платформамыз сатылатын өнімдердің кең ауқымына кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз етеді, бұл, біздің ойымызша, оны саладағы ең тиімді электрондық брокерлік платформалардың біріне айналдырады.

**Freedom Holding Corp. цифрлық экожүйесі[12]**




> ***Цифрландыру өндірілетін қалдықтар мен табиғи ресурстарды тұтыну көлемінің қысқаруы, сондай-ақ адамдар үшін қаржылық қызметтердің қолжетімділігінің артуы салдарынан күн сайын ESG күн тәртібіне елеулі үлес қосуға мүмкіндік бере отырып, Freedom Holding Corp-ның ДНҚ-на түпкілікті енді»***

**Тимур Турлов**
Бас атқарушы директор

[11] GovTech термині стартаптар, инновациялық компаниялар және мемлекеттің өзі жаңа технологияларды қолдана отырып, мемлекеттік өнімдер мен қызметтерді цифрландыратын бағытты білдіреді.
[12] Схемада ұсынылған брендтер мынадай компанияларға қатысты: Freedom Broker – «Фридом Финанс» АҚ және Freedom Finance Global PLC, Freedom Bank – «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ, Freedom Insurance – «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ, Freedom Life - «Freedom Life» ӨСК» АҚ, Freedom Pay - «Freedom Pay» ЖШС, Ticketon - «Ticketon Events» ЖШС, Chocotravel - «Интернет Туризм» ЖШС, Aviata - «Aviata» ЖШС, Arbuz - «Arbuz Group (Арбуз Групп)» ЖШС, Rakassa - Redkassa PCI Reader.



Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

# ФЛАГМАНДЫҚ ЦИФРЛЫҚ ӨНІМДЕР




## ЦИФРЛЫҚ ИПОТЕКА

2021 жылдың шілде айында «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ онлайн-режимде 24 сағат ішінде қарыз алуға мүмкіндік беретін жоғары цифрлық ипотекалық өнімді іске қосты. Біздің цифрлық ипотекалық өніміміз Банкке Қазақстан нарығындағы жетекші ипотекалық кредиторлардың біріне айналуға мүмкіндік берді.

## ЦИФРЛЫҚ АВТОКРЕДИТ

2022 жылдың маусым айында «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ онлайн-режимде автокредит алуға мүмкіндік беретін цифрлық өнімді іске қосты. Платформа автокөлікті сатып алу процесін ашық және бірізді етуге, сондай-ақ қаржылық алаяқтық немесе жеке деректерді ұрлау қаупін шектейтін кепілдіктер жасауға мүмкіндік берді. 2023 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша 130-дан астам автосалон Банкпен ынтымақтастықта. Олардың кейбіреулері автокөліктерді бөліп төлеу арқылы сатып алуға мүмкіндік береді.

## ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПОРЫНДАРҒА ЦИФРЛЫҚ КРЕДИТТЕР

Компания заңды тұлғаларға қызмет көрсетудің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге және нарықта кәсіпкерлік қызметке қолдау көрсетуге ұмтылады. 2023 күнтізбелік жылдың басында шағын бизнеске небары бір күнде, құжаттарды қолма-қол жеткізбестен несие алуға мүмкіндік беретін цифрлық бизнес-кредит қызметі іске қосылды. Банк, сондай-ақ, «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қазақстандық мемлекеттік бағдарламасының қатысушысы болып табылады, ол кәсіпкерлерге өз бизнесін дамыту үшін біздің цифрлық бизнес-кредитіміздің көмегімен онлайн-режимде ресімдеуге болатын жеңілдікті мөлшерлеме бойынша кредит алуға мүмкіндік береді.

FREEDOM HOLDING CORP.

# СЫРТҚЫ БАСТАМАЛАРҒА ҚАТЫСУ ЖӘНЕ САЛАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚТАРҒА МҮШЕЛІК

GRI 2-28

2023 жылдың ақпанында Freedom Holding Corp. адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған орта және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы он әмбебап қағидатты басшылыққа ала отырып, өз қызметін құратын компаниялар үшін стратегиялық саяси бастама болып табылатын БҰҰ-ның Жаһандық Шартына және БҰҰ ТДМ-на қол қойып, оларды ұстанатындығын мәлімдеді. БҰҰ-ның Жаһандық Шартының қағидаттарын мойындай отырып, Компания келесі негізгі бағыттар бойынша міндеттемелерін мәлімдейді.

United Nations Global Compact

SUSTAINABLE DEVELOPMENT GOALS

## 1 АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ

- Компания халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етеді және оған құрметпен қарайды
- Компания адам құқықтарының бұзылу жағдайларына қатысы болмауын қамтамасыз етеді

## 2 ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ

- Компания мәжбүрлі еңбекті, еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюға септігін тигізеді
- Компания балалар еңбегін пайдаланбайды
- Компания еңбек қатынастарында кемсітушілікке жол бермейді

## 3 ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҚОРҒАУ

- Компания сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге қатысты көзқарасты қолдайды
- Компания қоршаған ортаның жағдайы үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған ішкі және сыртқы бастамаларды қабылдайды
- Компания тұрақты дамуға септігін тигізетін технологияларды дамытуға және таратуға көмектеседі

## 4 СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС

- Компания сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне және басқа да заңсыз әрекеттерге, соның ішінде бопсалау және парақорлыққа төзбеушілік туралы мәлімдейді

Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

Freedom Holding Corp. ұлттық және халықаралық қауымдастықтарға белсенді қатысу және олармен байланыс орнату арқылы негізгі мүдделі тараптармен, оның ішінде басқа корпорациялармен, инвесторлармен, қаржылық сарапшылармен және реттеуші органдармен байланыс орнатып, ынтымақтаса алатын сала мамандарының кең желісіне қол жеткізе алады, бұл өз кезегінде стратегиялық серіктестікке, білім және озық тәжірибемен алмасуға септігін тигізеді.

### ESG-ОБЛИГАЦИЯЛАР

ESG облигацияларын орналастырудан түсетін түсімдер тек жаңа және/немесе бұрыннан бар жасыл/әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға немесе қайта қаржыландыруға (толық немесе ішінара) бағытталатын кез келген қарыз құралдары болып табылады.

Freedom Holding Corp. қаржы нарығының жауапты қатысушысы ретінде өзіне 2023-2027 жылдары тұрақты қаржыландыру құралдарына және ESG принциптеріне сәйкес келетін жобаларға 200 млрд теңге инвестициялау бойынша орта мерзімді мақсат қойды. Мәлімденген мақсат шеңберінде ESG-көрсеткіштерге сәйкес жобаларды іріктеу жүргізілетін болады. Жобаларды қаржыландыру критерийлері ұлттық және халықаралық бастамалардың талаптарына, яғни Қазақстан Республикасының жасыл және әлеуметтік жобаларының ұлттық таксономиясына, Еуроодақ таксономиясына, ICMA (International Capital Market Initiative) жобаларының санаттарына қойылатын халықаралық талаптарға, Климаттық облигациялар шығару жөніндегі бастамаға (Climate bonds Initiative) сәйкес айқындалатын болады.

## FREEDOM HOLDING CORP.

| | |
|---|---|
| United Nations Global Compact<br>БҰҰ Жаһандық Шарты | 2023 жылдан бастап қол қоюшы; Компания өз қызметін адам құқықтары, еңбек қатынастары, экология және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы он әмбебап қағидатқа сәйкес құруға міндеттенеді. |

## «БАНК ФРИДОМ ФИНАНС ҚАЗАҚСТАН» АҚ

| | |
|---|---|
| KASE<br>Қазақстан қор биржасы | 2015 жылдан бастап кәсіби қатысушы; Банк валюталық операциялар жүргізуге құқылы. |
| AIX<br>Astana International Exchange | 2023 жылдан бастап AIX орталық депозитарийінің мүшесі; банк клиенттер мен АХҚО мүшелеріне кастодиандық қызмет көрсету үшін біліктілігі бар. |
| KDIF<br>Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры | 2021 жылдан бері қатысушы; Мүшелік банктің клиенттеріне өз салымдарының сақтандырылуын қамтамасыз етеді. |
| DAMU<br>«ДАМУ» Кәсіпкерлікті дамыту қоры | 2022 жылдан бастап Микро- және шағын кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасының операторы |
| Ассоциация финансистов Казахстана<br>Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы | 2013 жылдан бастап Қауымдастық мүшесі; мүше ретінде Компания сала мен оның реттеушісі арасындағы қоғамдық пікірталасқа қатысады. |

## FREEDOM FINANCE GLOBAL PLC

| | |
|---|---|
| KASE<br>Қазақстан қор биржасы | 2022 жылдан бастап кәсіби қатысушы |
| AIX<br>Astana International Exchange | 2022 жылдан бастап AIX кәсіби қатысушысы |
| AIFC<br>Астана Халықаралық Қаржы Орталығы | 2020 жылдан бастап мақұлданған фирма. |
| ESG<br>Қазақстан Республикасының Ұлттық ESG-клубы | 2023 жылдан бастап мүше; мүше ретінде Қазақстанда ESG қағидаттарын ұжымдық ілгерілетуге қатысады. |

## «ФРИДОМ ФИНАНС» АҚ

| | |
|---|---|
| KASE<br>Қазақстан қор биржасы | 2007 жылдан бастап кәсіби қатысушы |
| AIX<br>Astana International Exchange | 2018 жылдан бастап кәсіби қатысушы |
| AIFC<br>Астана Халықаралық Қаржы Орталығы | 2018 жылдан бастап АХҚО-ның танылған мүшесі емес. |
| Ассоциация финансистов Казахстана<br>Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы | 2007 жылдан бері мүше; мүше ретінде Компания сала мен оның реттеушісі арасындағы қоғамдық пікірталасқа қатысады. |

Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

## «FREEDOM FINANCE INSURANCE» СК» АҚ

Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры

2018 жылдан бастап қатысушы; мүшелік Компания клиенттеріне аннуитеттік сақтандыру сыныптары бойынша және ол таратылған жағдайда сақтандырудың міндетті түрлері бойынша кепілдендірілген төлемдерді қамтамасыз етеді.

Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы

2010 жылдан бері Қауымдастықтың мүшесі; мүше ретінде Компания сала мен оның реттеушісі арасындағы қоғамдық пікірталасқа қатысады.

Қазақстанның автомобиль бизнесі қауымдастығы

2023 жылдан бері Қауымдастықтың мүшесі.

## «FREEDOM FINANCE LIFE» ӨСК» АҚ

Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры

2018 жылдан бастап қатысушы; мүшелік компания клиенттеріне аннуитеттік сақтандыру сыныптары бойынша және ол таратылған жағдайда сақтандырудың міндетті түрлері бойынша кепілдендірілген төлемдерді қамтамасыз етеді.

«Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы

2016 жылдан бастап мүше; қатысушы ретінде компания Қазақстанның мемлекеттік органдарында бизнестің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға қатысады.

Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы

2015 жылдан бері Қауымдастықтың мүшесі; мүше ретінде Компания сала мен оның реттеушісі арасындағы қоғамдық пікірталасқа қатысады.

## FREEDOM FINANCE UZBEKISTAN ШК ЖШҚ

«Тошкент» Республикалық қор биржасы

2018 жылдан бастап кәсіби қатысушы

Өзбек Республикалық валюталық биржасы

2020 жылдан бастап кәсіби қатысушы

Ұлттық инвестициялық институттар қауымдастығы

2021 жылдан бастап мүше; Қауымдастықтың мүшесі ретінде Компания Өзбекстанның капитал нарығын перспективалық дамыту стратегиясын анықтауға қатысады.

## FREEDOM FINANCE EUROPE LTD.

Афина Қор биржасы

2023 жылдан бастап қашықтықтан саудаға қатысушы.

Еуропа Қаржы Нарықтарының Қауымдастығы

2021 жылдан бастап Қауымдастырылған мүше; қатысушы ретінде Компания салалық реттеушімен өзара іс-қимылға және сала қатысушыларының мүдделерін ілгерілетуге қатысады.

Кипр-Қазақстан бизнес қауымдастығы

2022 жылдан бастап мүше; мүше ретінде Компания Кипр мен Қазақстан арасындағы іскерлік қатынастарды дамытуға және ілгерілетуге қатысады.

## PRIME EXECUTIONS, INC.

Nasdaq қор биржасы

2006 жылдан бастап тіркелген брокер-дилер

Нью-Йорк қор биржасы (NYSE)

1991 жылдан бастап тіркелген брокер-дилер

Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссия

1991 жылдан бастап тіркелген брокер-дилер

Қаржы қызметтері саласын реттеу қызметі (FINRA)

1994 жылдан бастап тіркелген брокер-дилер

Бағалы қағаздарға инвесторлардың құқықтарын қорғау корпорациясы

2007 жылдан бастап тіркелген брокер-дилер

Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар



01

# Тұрақты дамуды басқару жүйесі

Тұрақты дамудың негізгі көрсеткіштері .....17
Тұрақты дамуды басқару тәсілі ....18
Саясаттар шеңберінде міндеттемелер енгізу .....19
Маңызды тақырыптарды анықтау .....20
БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі .....22
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл .....24

# ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ[13]

## ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР[14]

₸349,8

МЛН

**Сыртқы жобаларды қолдауға бөлінген жалпы сома[15]**

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР[14]

₸61,7

МЛН

**Экологиялық жобаларды іске асыруға қаржылық қолдаудың жалпы сомасы**

9,2

мың т$CO_2$-балама

**Парник газдары шығарындыларының жалпы көлемі (1, 2 және 3-қамту)**

48,8

МЕГАЛИТР

**Жалпы су тұтыну**

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ[14]

$4,42

МЛН

**Freedom Holding Corp. жоғары атқарушы лауазымды тұлғаларының сыйақысын құрады[16]**

**АХҚО тексеру барысында анықталған тәуекел-менеджмент саласындағы бұзушылықтарды жою**

**Контроллинг департаменті бүкіл Компания бойынша ішкі бақылау жүйелерін тексерді.**

[13] Қаржылық қолдау сомалары «Freedom Finance Life» ӨСК» АҚ 2023 қаржы жылындағы нақты төлемдері бойынша айқындалатын құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен офицерлерінің балаларына аннуитеттік төлемдерді қоспағанда, жасалған шарттарға сәйкес көрсетілген (толығырақ «Жергілікті қоғамдастықтар мен қатысу өңірлерін дамытуға қосқан үлесі» бөлімін қараңыз). Барлық көрсеткіштер 2023 қаржы жылының соңындағы жағдай бойынша келтірілген.

[14] Барлық деректер 2023 қаржы жылының соңындағы жағдай бойынша берілген.

[15] Қосымша ақпарат алу үшін «жергілікті қауымдастықтар мен қатысу аймақтарын дамытуға үлес»бөлімін қараңыз.

[16] Көрсеткіш Компанияның Proxy Statement мәлімдемесінен алынған. Бұл көрсеткіш 2023 қаржы жылында төленген  жылдық жалақыны (жалақыға байланысты барлық табыс салығын, ұлттық зейнетақы бағдарламаларына міндетті жарналарды, әлеуметтік сақтандыру және міндетті медициналық сақтандыруды шегергенде), сыйлықақыларды, акция сыйақылары және барлық басқа өтемақыларды (жалақыға байланысты табыс салығы, ұлттық зейнетақы бағдарламасына міндетті жарналар, әлеуметтік сақтандыру, міндетті медициналық сақтандыру) қамтиды.


Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

# ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ТӘСІЛІ GRI 2-14 2-23

Компания өзінің экономикалық дамуға, қоршаған ортаға және қоғамға ықпалының маңыздылығын мойындайды. 2022 жылы біз ықтимал жағымсыз әсерлерді азайту және жою үшін Компанияда тұрақты дамуды басқару жүйесін құру бойынша жұмысты бастадық. 2022 жылы ESG департаменті құрылды, онда есепті кезеңде Компанияның ESG-диагностикасы бойынша жұмыстар басталды, оның нәтижелері бойынша экологиялық және әлеуметтік салалардағы, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы негізгі өсу аймақтары айқындалатын болады.

Компанияның БҰҰ Жаһандық Шартының бастамасына қосылуы және АХҚО жасыл қаржы орталығы мен Freedom Finance Global PLC арасындағы ынтымақтастық туралы негіздемелік келісімге қол қоюы есепті кезеңдегі маңызды оқиға болды. Осылайша, Freedom Finance Global PLC өзін Қазақстан Республикасы Ұлттық ESG-клубының жаңа қатысушысы ретінде жариялады.

Тұрақты даму саласындағы қызметтің басым бағыттарын айқындау кезінде Компания 2030 жылға дейінгі кезеңге БҰҰ ТДМ, сондай-ақ осы саладағы басқа да халықаралық стандарттар мен бастамалардың ережелерін басшылыққа алады.

Компанияның тұрақты даму саласындағы басым бағыттары:

- Қызметкерлерді дамыту және қолдау;
- Қайырымдылық және әлеуметтік жобаларды қолдау;
- Тиімді корпоративтік басқару;
- Қаржылық емес ақпаратты жария етудің ашықтығын қамтамасыз ету;
- Парник газдарының шығарындылары туралы мониторинг және есеп беру жүйесін құру;
- Әлеуметтік-мәдени алуантүрлілікті қолдау және барлық қызметкерлер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.

Тұрақты дамуды басқару мәселелері Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің барлық деңгейлерінде жауапкершілікке енгізілген. Директорлар кеңесі экологиялық, әлеуметтік және экономикалық әсерді басқару процестеріне қатысады және тұрақты даму саласындағы қызмет нәтижелеріне бақылауды жүзеге асырады.

Тұрақты дамудың әртүрлі аспектілерін тікелей басқару міндеттері функционалдық бағыттарға сәйкес деректерді жинауға, шоғырландыруға, сондай-ақ қаржы секторындағы компаниялардағы заманауи ESG күн тәртібінің критерийлеріне жауап беретін іс-шараларды іске асыруға жауапты Компанияның бөлімшелері арасында бөлінеді.

2023 қаржы жылынан бастап Есептілік бойынша жаһандық бастама (GRI) стандарттарына сәйкес Тұрақты даму туралы жыл сайынғы есептілікті шығару бойынша тәжірибені енгізу жоспарлануда. Тұрақты даму туралы есептілікті дайындау процесіне Директорлар кеңесін тарту Компанияның тұрақты дамуы туралы есепті қарауды және жариялауға бекітуді қамтиды.

Компанияның тұрақты дамуын басқару жүйесінің негізгі құрамдастары:

- Компанияның бизнес-процестеріне тұрақты даму мәселелерін үнемі жетілдіру және интеграциялау;
- ESG негізгі аспектілерімен байланысты мақсаттар мен міндеттердің орындалуын анықтау және бақылау;
- барлық мүдделі тараптармен өзара тиімді қарым-қатынас;
- тұрақты даму саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- негізгі ESG-бағыттар бойынша бастамаларды іске асыру.




*Freedom Holding Corp. CEO Тимур Турлов 2022 жылдың қазан айында ESG инвестициялық форумына қатысты.*

Компанияның тұрақты дамуын басқару жүйесін реттейтін құжаттар туралы ақпарат «Саясаттар шеңберінде міндеттемелер енгізу» тарауында берілген.

Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
**ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ**
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

FREEDOM HOLDING CORP.

# САЯСАТТАР ШЕҢБЕРІНДЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЕНГІЗУ

GRI 2-24

Freedom Holding Corp. тұрақты дамуды басқару күн тәртібін реттейтін негізгі құжаттар болып табылады:

- Компанияның корпоративтік веб-сайтында орналастырылған әдеп және іскерлік мінез-құлық кодексі. Құжат Компанияның өз қызметінде басшылыққа алатын негізгі қағидаттарының тізімін анықтайды, сонымен қатар Freedom Holding Corp. іскерлік мінез-құлықтың жоғары стандарттарын қамтамасыз ету тәсілін қалыптастырады. Атап айтқанда, Кодекс мүдделер қақтығысын басқару тәсілін анықтайды.
- Компаниядағы шағымдар мен өтініштерді қарау тетіктерінің жұмысын реттейтін комплаенс саласындағы бұзушылықтар туралы өтініштерге қатысты саясат. Саясат іскерлік әдеп саласындағы бұзушылықтарға, корпоративтік саясаттарға, қаржылық аудит және бухгалтерлік есеп саласындағы алаяқтыққа, сондай-ақ қолданылатын заңдар мен нормативтік актілердің өзге де бұзушылықтарына қатысты шағымдар мен өтініштер тұрғысынан Freedom Holding Corp-қа және оның еншілес және байланысты ұйымдарына таралады.

Келесі есепті кезеңде тұрақты даму саласындағы процестерді жетілдіру бойынша кешенді жұмыс жоспарлануда, оның ішінде ESG департаменті келесі саясаттарды әзірлеу және енгізу бойынша мақсат қояды: Тұрақты даму жөніндегі саясат және Адам құқықтары жөніндегі саясат.




Есеп туралы

Freedom Holding Corp. туралы

Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ

Қосымшалар

# МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫ АНЫҚТАУ

GRI 2-14 3-1 3-2

Freedom Holding Corp. тұрақты дамуды басқару кезінде маңыздылық қағидатын басшылыққа алады және күш-жігерін маңызды тәуекелдер мен әсерлермен сипатталатын бағыттарда ESG-бастамаларды іске асыруға бағыттайды. Маңыздылықты бағалау Компания үшін бірінші қаржылық емес есептілікті ашып көрсетудің стратегиялық басымдықтары мен негізгі тақырыптарын анықтаудағы маңызды кезең болып табылады.

Маңыздылығын анықтау кезінде Компания жаңа редакциядағы GRI (2021) халықаралық стандартының талаптарын басшылыққа алады. Біз экономикалық, экологиялық немесе әлеуметтік ықпал тұрғысынан Компания үшін негізгі тақырыптардың маңыздылығын бағаладық. Бағалау үш кезеңнен тұрды: ұқсас компаниялармен салыстырмалы талдау жүргізу, мүдделі тараптардың пікірлерін жинау және маңызды тақырыптардың тізімін жасау. Төмендегі кестеде келтірілген тақырыптар жетекші әлемдік рейтингтік агенттіктердің талаптарына сәйкес оларға қарап өз көрсеткіштерімізді арттыруға тырысатын қызмет аспектілері болып табылады.

## 1 БЕНЧМАРК-ТАЛДАУ ӨТКІЗУ

- Компания туралы қоғамдық ақпарат көздеріндегі талдау;
- Эталондық компаниялар ашқан маңызды тақырыптарды салыстырмалы талдау және саладағы ең үздік тәжірибелерді талдау;
- ESG саласындағы рейтингтік агенттіктердің талаптарына талдау жүргізу.

## 2 МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ПІКІРЛЕРІН ЖИНАУ

- Ішкі мүдделі тараптар арасында онлайн-сауалнама жүргізу;
- Компанияның экономикалық, экологиялық немесе әлеуметтік ықпалының маңыздылығына қатысты Компания басшылығымен сұхбат жүргізу.

## 3 МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗІМІН ҚҰРУ

- Тақырыптарды маңыздылық деңгейі бойынша саралау;
- Маңыздылық шегін анықтау;
- Маңызды тақырыптар тізімін түпкілікті келісімдеу.

Мүдделі тараптар үшін онлайн-сауалнама дайындалып, оған Компания өкілдері қатыстырылды.

Тұрақты дамудың әрбір тақырыбын маңыздылық дәрежесі бойынша бірден беске дейінгі шкіл бойынша бағалау ұсынылды:

**1** – «маңызды емес»;
**2** – «маңыздылығы аз»;
**3** – «маңыздылығы орташа»;
**4** – «маңыздылығы салыстырмалы түрде жоғары»;
**5** – «маңыздылығы ең жоғары немесе сыни дәрежеде».

Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

FREEDOM HOLDING CORP.

# МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗІМІ

*Компания тарихындағы алғашқы маңыздылықты бағалау нәтижелері бойынша ESG және тұрақты даму саласындағы келесі маңызды тақырыптар анықталды:*

- Энергия
- Парник газдарының шығарындылары
- Қалдықтар

- Еңбек қатынастары және жұмыспен қамту
- Әлеуметтік дамуға үлес қосу
- Адам капиталын дамыту

- Корпоративтік басқару және іскерлік әдеп
- Тәуекелдерді басқару
- Экономикалық нәтижелілік
- Салықтар
- Киберқауіпсіздік
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл




Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
**ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ**
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

# БҰҰ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҮЛЕС ҚОСУ[17]

БҰҰ ЖШ қол қоюшылары бола тұра және бизнестің БҰҰ ТДМ-на қол жеткізудегі рөлінің маңыздылығын түсіне отырып, біз жұмыс істейтін қауымдастықтар мен өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына, қаржы нарықтары мен банк секторының қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету, экономикалық құндылық пен жұмыс орындарын құру, қызметкерлерді дамыту және бір мезгілде жауапты іскерлік қызметті жүргізу арқылы елеулі үлес қосамыз. БҰҰ ТДМ-ын ұстану Компанияда тұрақты дамудың тиімді жүйесін құруға ғана емес, сонымен қатар қазіргі және келешек ұрпақтың тұрақты болашағына өз үлесін қосуға көмектеседі деп есептейміз.




### 3-МАҚСАТ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ БАРЛЫҚ ЖАСТАҒЫ АДАМДАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫНА СЕПТІГІН ТИГІЗУ

**Қосқан үлесіміз:**

- Денсаулықты қолдауға, спорт пен инфрақұрылымды дамытуға бағытталған жобаларды қолдаймыз.

**Есепті кезеңдегі негізгі іс-шаралар:**

- 2022 жылдың маусым айында Компанияның қолдауымен Алматы қаласында шахмат ойнауды үйренгісі келетін балаларды тегін оқыту бойынша іс-шара ұйымдастырылды.
- «Oceanman Kazakhstan» ашық суда халықаралық жүзуді ұйымдастыру үшін 2 млн теңге көлемінде демеушілік қолдау көрсетілді.

### 4-МАҚСАТ БАРЛЫҒЫН ҚАМТИТЫН ЖӘНЕ ӘДІЛ САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ БАРЛЫҚ АДАМДАР ҮШІН ӨМІР БОЙЫ БІЛІМ АЛУ МҮМКІНДІГІН ҚҰПТАУ

**Қосқан үлесіміз:**

- Балаларға қаржылық сауаттылық бойынша тегін оқытуды ұсынамыз.

**Есепті кезеңдегі негізгі іс-шаралар:**

- «Freedom Life» ӨСК» АҚ Қазақстан Республикасында бірегей Freedom Camp жобасын іске қосты, ол қаржылық сауаттылық негіздері бойынша 10 жастан 14 жасқа дейінгі балаларға арналған 40 тегін онлайн-сабақты қамтиды.

### 8-МАҚСАТ ҮДЕМЕЛІ, ТОЛЫҚ ҚАМТЫЛҒАН ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУГЕ, ЖАН-ЖАҚТЫ ӘРІ НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУҒА ЖӘНЕ БАРЛЫҚ АДАМДАРДЫ ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ЖӘРДЕМДЕСУ

**Қосқан үлесіміз:**

- Өзіміз қызмет ететін өңірлерде жұмыс орындарын ашамыз.
- Жас мамандар мен талантты жастарды оқыту және жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін ұйымдастырамыз.
- Компания операциялық қызметін жүргізетін елдердің мемлекеттік бюджетіне салық аударамыз және өзге де міндеттемелерді орындаймыз.

**Есепті кезеңдегі негізгі іс-шаралар:**

- Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарымен серіктестікте бос орындар жәрмеңкелеріне қатыстық.

### 9-МАҚСАТ ТҰРАҚТЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ҚҰРУ, ЖАН-ЖАҚТЫ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ МЕН ИННОВАЦИЯЛАРҒА ЖӘРДЕМДЕСУ

**Қосқан үлесіміз:**

- Шағын және орта бизнеске арналған қызметтер мен өнімдерді құру арқылы кәсіпкерлерге қолдау көрсетеміз.
- Банктік қызметтердің цифрлық арналарын дамытамыз.

**Есепті кезеңдегі негізгі іс-шаралар:**

- «Freedom Life» ӨСК» АҚ Freedom Train пойыздарда жазатайым оқиғалардан сақтандыру бойынша жаңа өнімді іске қосты.

[17] Демеушілік және қайырымдылық жобалары бойынша төлем есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша берілді.

Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

**11-МАҚСАТ ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ АШЫҚТЫҒЫН, ҚАУІПСІЗДІГІН, ӨМІРШЕҢДІГІН ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

**Қосқан үлесіміз:**

- Қызмет көрсететін өңірлердегі қалалардың қауіпсіздігі мен экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған жобаларды 102 млн теңге мөлшерінде қаржылық қолдау.
- Қалаларда жол қозғалысы қауіпсіздігіне ілеспе іс-шараларды жүзеге асырамыз.

**Есепті кезеңдегі негізгі іс-шаралар:**

- Есепті кезеңде «Фридом Финанс» АҚ 56 млн теңге сомасына Vision Zero әлеуметтік жобасын қаржыландыруды бастады, оның басты қағидаты автожолдардағы өлім-жітімге «нөлдік төзімділік» болып табылады.
- Есепті кезеңде Алматы және Астана қалаларында кейіннен қайта өңдеу мақсатында пластикалық бөтелкелер мен алюминий банкаларды қабылдайтын 100 фандоматты орнату бойынша жобаны іске асыру басталды.
- Ұлттық ағаштар күніне арналған іс-шара аясында 950 мың теңгеге аязға төзімді сакура ағашының 77 көшеті отырғызылды.

**13-МАҚСАТ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЫНА ҚАРСЫ ШҰҒЫЛ ШАРАЛАР ҚОЛДАНУ**

**Қосқан үлесіміз:**

- Одан әрі төмендету мақсатында парник газдарының шығарындыларына мониторинг жүргізіп, бағалауды жүзеге асырамыз.

**Есепті кезеңдегі негізгі іс-шаралар:**

- Компанияның ірі еншілес және байланысты ұйымдары бойынша парник газдары (ПГ) шығарындыларының көздеріне түгендеу жүргізілді.
- 1, 2 және 3-қамту[18] бойынша ПГ шығарындыларына сандық бағалау жүргізіліп, әдіснамалық тәсіл әзірленді.

**14-МАҚСАТ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТЫНДА МҰХИТТАРДЫ, ТЕҢІЗДЕР МЕН ТЕҢІЗ РЕСУРСТАРЫН САҚТАУ ЖӘНЕ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ**

**Қосқан үлесіміз:**

- 16,6 миллион теңге – Арал теңізінің экожүйесін қалпына келтіруге көрсетілген демеушілік көмек.

**Есепті кезеңдегі негізгі іс-шаралар:**

- 2023 жылғы 25 қаңтарда «Фридом Финанс» АҚ және Халықаралық Аралды құтқару қорының Қазақстан Республикасындағы Атқарушы дирекциясы (ХАҚҚ ҚР АД) «Арал теңізінің құрғап қалған түбіндегі экожүйелерді қалпына келтіру» жобасына қаржылық көмек көрсету туралы шартқа қол қойды.

**17-МАҚСАТ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТЫНДА ЖАҺАНДЫҚ ӘРІПТЕСТІК ШЕҢБЕРІНДЕГІ ЖҰМЫСТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӘНЕ БЕЛСЕНДЕНДІРУ ҚҰРАЛДАРЫН НЫҒАЙТУ**

**Қосқан үлесіміз:**

- Әлемдік қоғамдастық алға тартқан тұрақты даму саласындағы бастамаларды қолдаймыз.

**Есепті кезеңдегі негізгі іс-шаралар:**

- Компания БҰҰ Жаһандық Шарты халықаралық бастамасына ресми түрде қосылды. Компания өз қызметіне Жаһандық Шарттың 10 қағидатын енгізу бойынша ресми міндеттеме алды.

[18] Толығырақ ақпарат Климаттың өзгеруі бөлімінде

SUSTAINABLE DEVELOPMENT GOALS

Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

FREEDOM HOLDING CORP.

# МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ GRI 2-29

Компания барлық мүдделі тараптардың пікірлері мен үміттерінің маңыздылығын түсінеді және жыл сайын өзара әрекеттесу процестерін жетілдіру тұрғысынан жұмыс істейді. Компанияның көзқарасы ашықтық, сенім және өзара сыйластық қағидаттарына негізделген.

Қызметті жүзеге асыру барысында Компания мүдделі тараптардан келіп түскен сауалдар мен кері байланысқа жауап бере отырып, олардың мүдделерін қорғауға тырысады. Көрсетілетін қызметтердің кең аясын, күрделі ұйымдық құрылымын және ауқымды қызметін ескере отырып, Компания жергілікті, мемлекеттік және халықаралық ұйымдарды қамтитын мүдделі тараптардың кең ауқымымен өзара іс-қимыл жасайды.

Freedom Holding Corp. стейкхолдерлерді анықтау және олармен жұмыс істеу бизнестің іскерлік беделін арттыруға, Компанияны капиталдандыруға, барлық мүдделі тұлғалармен тиімді және теңгерімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін құралдардың бірі екенін түсінеді. Жауапты функционалдық және құрылымдық бөлімшелер мүдделі тараптардың негізгі топтарын анықтаумен және олармен өзара іс-қимылды үйлестірумен тұрақты негізде айналысады. Өзара іс-қимылдың негізгі құралдары корпоративтік есеп беру, Компанияның корпоративтік веб-сайты, реттеушілердің жұмыс топтарына қатысу, сондай-ақ форумдарға, көрмелерге, кездесулерге және өзге де іс-шараларға қатысу, БАҚ-та және Компанияның әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында жариялау болып табылады.

| МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ТОПТАРЫ | СТЕЙКХОЛДЕРДІҢ КОМПАНИЯҒА ҚАТЫСТЫ МҮДДЕСІ | ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ТЕТІКТЕРІ |
|---|---|---|
| **Акционерлер және инвесторлар** | • Экономикалық тиімділік, экономикалық пайда<br>• Таза активтердің құны (Net Asset Value)<br>• Нарықтардағы үлес және қатысу | • Компания акционерлерінің Жалпы жиналысының және ДК шешімдерін қабылдау<br>• Сауалнамалау және сауалнамалар жүргізу<br>• АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясы үшін жылдық және тоқсандық есептерді дайындау<br>• Инвесторлар үшін таныстырылымдар дайындау<br>• US GAAP стандарттарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитін жүргізу |


Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

| МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ТОПТАРЫ | СТЕЙКХОЛДЕРДІҢ КОМПАНИЯҒА ҚАТЫСТЫ МҮДДЕСІ | ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ТЕТІКТЕРІ |
|---|---|---|
| **Менеджмент және персонал** | • Жұмыспен қамту, қызметкерлер мен басшылықтың қарым-қатынасы<br>• Кемсітушілікке жол бермеу<br>• Алуантүрлілік және тең мүмкіндіктер<br>• Оқыту және білім беру<br>• Корпоративтік мәдениет деңгейін арттыру | • Қызметкерлерді марапаттаудың және қызметкерлердің кәсіби өсуінің әділ және ашық жағдайын қамтамасыз ету<br>• Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау бойынша шараларды іске асыру<br>• Қызметкерлердің кәсіби өсуіне мүмкіндік беру<br>• Қызметкерлерді Компанияның қызметі, екіжақты коммуникациялар, әлеуметтік желілер және Компанияның корпоративтік веб-сайты арқылы кәсіби өсу мүмкіндіктері туралы хабардар ету<br>• Корпоративішілік коммуникация арналарының және Компанияның корпоративтік веб-сайтының жұмыс істеуі |
| **Клиенттер** | • Өнім желілері мен нарықтағы қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі | • Клиенттерге қызмет көрсету және өнім ұсыну, соның ішінде цифрлық арналар арқылы<br>• Клиенттердің әртүрлі санаттары үшін Компанияның қаржылық қызметтері мен өнімдері туралы ақпаратты ашу<br>• Клиенттердің қанағаттануы мен үміттерін бағалау (NPS)<br>• Байланыс орталығы, цифрлық арналар және әлеуметтік желілер арқылы байланыс<br>• Корпоративтік хабарландыруларды орналастыру (баспасөз хабарламалары)<br>• Қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша білім беру бастамаларын іске асыру<br>• Жедел желілердің жұмыс істеуі және клиенттердің шағымдарына жедел ден қою<br>• Қаржылық нәтижелерді және маңызды қаржылық емес ақпаратты ашып көрсету |

Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

| МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ТОПТАРЫ | СТЕЙКХОЛДЕРДІҢ КОМПАНИЯҒА ҚАТЫСТЫ МҮДДЕСІ | ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ТЕТІКТЕРІ |
|---|---|---|
| **Мемлекеттік органдар** | • Талаптарға сәйкестік, тұрақтылық және бизнестің тұрақтылығы<br>• Жұмыс орындарын құру және сақтау | • Қолданыстағы талаптар мен заңнама нормаларын сақтау бойынша ақпаратты толық және уақтылы ашу<br>• Қаржы секторын дамыту жөніндегі кеңестер мен кездесулерге қатысу<br>• Заңнамада талап етілетін барлық төлемдер мен салықтарды төлеу<br>• Қажетті лицензияларды, рұқсаттарды, қорытындыларды алу, заңдылықты сақтау<br>• Қаржылық нәтижелерді және маңызды қаржылық емес ақпаратты ашып көрсету |
| **Қор биржалары** | • Листинг ережелерін орындау<br>• Қаржылық есептілікті және өзге де ақпаратты уақтылы ұсыну | • Қор биржаларының өкілдерімен тұрақты коммуникацияны жүзеге асыру<br>• Компанияның және биржалық реттеушінің корпоративтік веб-сайтында ақпаратты ашып көрсету<br>• АҚШ Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясы, NASDAQ және өңірлік биржалар үшін тоқсан сайынғы және жылдық есептерді дайындау және шығару |
| **БАҚ** | • Ашықтық пен адалдық<br>• Мүдделі тараптар үшін маңызды аспектілер бойынша ақпаратты уақтылы ашу | • Компанияның корпоративтік веб-сайтында ақпаратты ашып көрсету<br>• Корпоративтік хабарландыруларды (баспасөз хабарламаларын) орналастыру |
| **Халықаралық ұйымдар** | • Компанияның халықаралық келісімдерге, бастамаларға қатысуы | • Конференцияларға, форумдарға және жыл сайынғы кездесулерге қатысу<br>• Стратегиялық ынтымақтастық туралы шарттарға, меморандумдарға, келісімдерге қол қою<br>• Жұмыс топтарына, кеңестерге, келіссөздерге, сауалнамаға қатысу<br>• Жылдық есепті дайындау және шығару, ақпаратты Компанияның корпоративтік веб-сайтында орналастыру |



Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

FREEDOM HOLDING CORP.



# 02

# Қызметкерлерге қамқорлық


Таланттарды басқару .....28

Тең мүмкіндіктер, адам құқықтары және кемсітушілікке жол бермеу .....30

Әлеуметтік қолдау, ынталандыру және еңбекақы төлеу .....30

# ТАЛАНТТАРДЫ БАСҚАРУ

Freedom Holding Corp. табыс нәтижелі команда құрумен және адам капиталын дамытумен тығыз байланысты екенін мойындайды. Мансаптың барлық кезеңдерінде қызметкерлердің кәсіби білімін, дағдылары мен машықтарын арттыруға ресурстар жұмсай отырып, өз салаларында үздік сарапшыларды тартуға және кадрларды дамытуға ерекше назар аударылады.

Біздің халықаралық қызметіміз, әсіресе интеграцияланған көпұлтты мәдениеті бар елдерде, табиғи түрде этникалық тұрғыдан алуан түрлі жұмыс ортасын қалыптастырады. Компаниямызда іскерлік әдеп пен мінез-құлықтың жоғары стандарттарын ұстанатын 15 елдің тәжірибелі қызметкерлерінен құрылған талантты және әртарaптандырылған команда жұмыс істейді. Компания еңбек қатынастарын заңдылық қағидаты мен жалпыға бірдей танылған еңбек құқықтарын және қызмет көрсету өңірлерінің заңнамасын сақтау негізінде құрады.

Компания өз қызметкерлерінің ең маңызды инвестиция екенін түсінеді және оларды:

- қауіпсіз және қолайлы жұмыс ортасымен;
- инклюзивті өсумен және тең мүмкіндіктермен;
- әділ өтемақымен және жеңілдіктермен қамтамасыз етуге тырысады.

Freedom Holding Corp. деңгейінде операциялық қызметтің болмауына байланысты Компания қызметкерлерінің штатын Директорлар кеңесінің атқарушы мүшелері мен топ-менеджерлер ғана ұсынады, персоналды басқару функциясы орталықтандырылмаған және Компанияның еншілес және байланысты ұйымдары деңгейінде жергілікті ұйымдастырылған.

Еншілес және байланысты ұйымдар деңгейінде адам капиталын басқару тәсілін реттейтін негізгі құжаттар мен саясаттар:

- Компания Жарғысы;
- Әдеп және іскерлік мінез-құлық кодексі;
- Персоналды басқару саясаты;[19]
- Қызметкерлерге еңбекақы төлеу, сыйақы беру, демалыс және жеңілдіктер ұсыну тәртібі мен шарттары туралы ереже;[19]
- Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау туралы ереже; [19]
- Теңдік және алуантүрлілік саясаты.[20]

Бұған қоса, Компанияның еншілес және байланысты ұйымдары деңгейінде осы ұйымдардың салалық ерекшеліктеріне тән іскерлік және кадрлық әкімшілендіру саласындағы жеке ішкі нормативтік құжаттары әзірленіп, бекітілді.

Еншілес және байланысты ұйымдар деңгейінде еңбек қатынастарын басқару Компанияның қызмет көрсету өңірлерінде қолданылатын еңбек заңнамасына және жергілікті нормативтік актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Компанияның еншілес және байланысты ұйымдары[21] Қазақстанда, Еуроодақта, АҚШ-та және Өзбекстанда операциялық қызметті жүзеге асырды. Реттеуші ортаның талаптарына сәйкес Компанияның еншілес және байланысты ұйымдары еңбек құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету, қызметкерлерге жеңілдіктер мен кепілдіктер беру үшін жауапкершілікті өз мойнына алады.

Бизнестің қарқынды өсуін ескере отырып, Компания тұрақты даму мен нарықтағы табысқа жету жолында кадрларды тиімді басқару шешуші рөл атқаратынын түсінеді. Компанияның еншілес және байланысты ұйымдары адам капиталы басты құндылық болып табылатындай жұмыс ортасын құруға күш салуда. Персоналды басқарудың бизнес-функцияларын орталықсыздандыруға байланысты жергілікті деңгейде компаниялардың еншілес және байланысты ұйымдарының персоналды басқару қызметін сипаттайтын және реттейтін ішкі нормативтік құжаттар әзірленіп, бекітілді.[23] Бұл құжаттар, басқалармен қатар, ең үздік мамандарды тарту, дамыту және сақтаудың құндылықтары мен негізгі қағидаттарын көрсетеді.[24]

## Негізгі жетістік

**ҮЗДІК-5**

**Freedom Finance Europe компаниясы Great Place to Work[22] үздік жұмыс берушілер рейтингіне кірді**




[19] Prime Executions, Inc. компаниясынан басқа барлық еншілес және байланысты компанияларда бар
[20] Тек Freedom Finance Europe Ltd. компаниясында бар
[21] Еншілес және байланысты ұйымдар «Есеп шектерінде» көрсетілгендей
[22] https://www.greatplacetowork.com.cy/best-workplace-cat/best-workplaces-in-cyprus/2023-best-workplaces-in-cyprus/
[23] Prime Executions Inc. компаниясын қоспағанда.
[24] Freedom Finance Europe Ltd. персоналды басқару саясатында қызметкерлерді тарту, дамыту және ұстап қалудың басқа қағидаттары көрсетілген.




Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар




Freedom Finance Europe қызметкерлердің қанағаттануы мен ынталандырылуының неғұрлым жоғары көрсеткіштері бар компанияларға берілетін беделді Great Place to Work («Тамаша жұмыс орны») сыйлығын жеңіп алды. Номинацияны Great Place to Work Institute жаһандық зерттеу компаниясы жыл сайын қызметкерлердің пікірлері негізінде береді.

Компанияның еншілес және байланысты ұйымдарындағы кадрлық мәселелерді қызметкерлерді іріктеуге, бейімдеуге және дамытуға, соның ішінде оларды оқытуға, тиімділікті басқаруға, корпоративтік мәдениетті дамытуға және сыйақыларды басқаруға жауапты персоналмен жұмыс жөніндегі департаменттер реттейді.

[25] Персоналмен жұмыс жөніндегі департамент «Фридом Финанс» АҚ, Freedom Finance Global PLC, «Freedom Life» ӨСК» АҚ, «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ, Freedom Finance Europe Ltd., «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ-да бар. Prime Executions, Inc. компаниясында персоналды басқару мәселелері, оның ішінде қызметкерлерді іріктеу және оларды одан әрі кәсіптік оқыту қосалқы мердігерлік ұйымға жүктелген.

## КОМПАНИЯНЫҢ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҰЙЫМДАРЫНДА ПЕРСОНАЛМЕН ЖҰМЫС ЖӨНІНДЕГІ ДЕПАРТАМЕНТТІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ[25]

- Компанияны білікті кадрлармен қамтамасыз ету;
- Компанияның кадрлық саясатын қалыптастыру және енгізу;
- ұйымдық құрылымды және штаттық кестені қалыптастыру;
- персоналды ынталандыру жүйесін ұйымдастыру;
- персоналды бейімдеу және дамыту жүйесін қалыптастыру және енгізу;
- кадрлық резервпен жұмысты ұйымдастыру;
- ұжымды біріктіруге және ұжымда ортақ міндеттерді шешу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған корпоративтік іс-шараларды ұйымдастыру;
- қызметкерлерді тарту стратегиясын әзірлеу және оның тиімділігін талдау;
- кадрлардың тұрақтамауын азайту, қолайлы еңбек жағдайларын жасау, персоналды басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру;
- персоналға қатысты қажеттілікті жоспарлау;
- персонал шығыстарының бюджетін қалыптастыру және басқару.

# ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР, АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ КЕМСІТУШІЛІККЕ ЖОЛ БЕРМЕУ

Біз Компанияның еңбек ұжымындағы алуантүрлілік инновация мен өсуді ынталандыратын көзқарастар, тәжірибелер мен таланттардың байлығын әкеледі деп сенеміз. Алуантүрлілікті ілгерілету қызметкерлерге өздерінің ерекше көзқарастарын білдіруге және ұйымның ұжымдық табысына үлес қосуға мүмкіндік беретін инклюзивті мәдениетті дамытады.

Қызмет көрсету өңірлерінің нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес қызметкерлердің ешқайсысы шығу тегі, жынысы, нәсілі, ұлты, жасы, тілі, діні, сенімі, тұрғылықты жері, әлеуметтік, лауазымдық жағдайы, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығы бойынша жұмыс орнында қандай да бір кемсітушілікке ұшырай алмайды.

Freedom Holding Corp. балалар мен мәжбүрлі еңбекті пайдаланбайды және барлық қызметкерлердің тең құқықтарын мойындайды. Компания өзінің еншілес және байланысты ұйымдарының барлық өңірлері мен қызмет салаларында адам құқықтарын сақтауға міндеттенеді. Өзінің ниеттестігін нығайту мақсатында Freedom Holding Corp. компаниялардың бүкіл тобына қолданылатын адам құқықтары саласындағы негіздемелік саясатты әзірлеуді жоспарлап отыр. Осылайша, біз адам құқықтарын қамтамасыз ету тәсілін одан әрі дамыту үшін берік негіз қалаймыз деп күтеміз.

# ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ, ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ

## Әлеуметтік қолдау

GRI 401-2 401-3

Қызметкерлерге қолайлы жағдайлар жасау, жоғары білікті қызметкерлерді ұстап қалу және тарту мақсатында әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Іске асырылатын қолдау тетіктері жұмыс тиімділігін арттыруға ықпал етеді және персоналды басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Freedom Holding Corp. еншілес және байланысты ұйымдарының қызметкерлеріне келесі әлеуметтік жеңілдіктер беріледі:

- Компания алдындағы айрықша еңбегі үшін, сондай-ақ зейнеткерлікке шығар алдындағы арнайы сыйақылар немесе сыйлықақылар[26];
- Медициналық сақтандыруды ішінара қамту[27];
- Мемлекеттік мерекелерге арналған мерекелік іс-шараларды өткізу, еншілес ұйымдардың қаражаты есебінен корпоративтік іс-шараларды ұйымдастыру[28];
- Еншілес және байланысты ұйымдардың қаражаты есебінен қызметкерлерді оқытуға (біліктілігін арттыруға, курстарға, тренингтерге, семинарларға) жіберу[29];
- Қызметкерлердің белгілі бір тобы үшін бір лауазымдық жалақы мөлшерінде сауықтыруға емдік жәрдемақы төлеу[30];
- Клиенттермен тікелей жұмыс істейтін функционалдық бөлімшелердің қызметкерлері үшін ұялы байланыс қызметтеріне ақы төлеу[31];
- Компанияның «Жеңілдікті ипотека» және «Жеңілдікпен сақтандыру» өнімдеріне жеңілдікті шарттар[32].

Еншілес және байланысты ұйымдардың қызметкерлеріне материалдық көмек қызметкердің өтініші және бұйрық шығару арқылы расталатын құжаттың көшірмесі негізінде ұсынылады. Алу үшін негіздер[33]:

- Барлық еншілес және байланысты ұйымдарда бала тууға, жаңа туған балаларды асырап алуға байланысты;
- Компания қызметкерінің, жақын туыстарының қайтыс болуына байланысты;
- Компанияның барлық еншілес және байланысты ұйымдарында некеге тұруға байланысты;

[26] Арнайы төлемдер «Фридом Финанс» АҚ және Freedom Finance Global PLC-ге беріледі. «Freedom Insurance» СК» АҚ төлемдерді зейнеткерлікке шығар алдында жүргізеді.
[27] Ерікті медициналық сақтандырудың ішінара қамтылуы Кипр мен АҚШ-та жұмыс істейтін қызметкерлерге беріледі. Freedom Finance Europe Ltd. компаниясында жұмыс берушінің есебінен жұмыс визасы мен отбасын визалық қолдау үшін медициналық сақтандыру ұсынылады.
[28] «Фридом Финанс» АҚ және Freedom Finance Global PLC корпоративтік саясаттарына сәйкес.
[29] Prime Executions, Inc қоспағанда.
[30] Емдеу жәрдемақысы Қазақстан Республикасының Абай, Шығыс Қазақстан және Қызылорда облыстарында жұмыс істейтін Қазақстан Республикасындағы Компанияның барлық қызметкерлеріне беріледі.
[31] «Фридом Финанс» АҚ, «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ, «Freedom Life» ӨСК» АҚ, «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ және Freedom Finance Global PLC компанияларына ұсынылады.
[32] Қазақстандағы Компанияның еншілес және байланысты ұйымдарының барлық қызметкерлеріне ұсынылады.
[33] Prime Executions, Inc-тен басқа



Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

- Қызметкерге оған қатысты заңсыз әрекеттер (қарақшылық, ұрлық және т.б.) жасалуы, сондай-ақ төтенше жағдайлар мен табиғи апаттар (тұрғын үй апаттары, өрт, жер сілкінісі, су тасқыны және т.б.) салдарынан мүліктік зиян келтірілген жағдайда[34];
- Қызметкердің медициналық емделуіне ақы төлеуге (құрылымдық бөлімше Басқармасының шешімі бойынша)[35].

Нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әрбір қызметкерге бала күтімі бойынша демалыс беріледі. Есепті кезеңде 362 қызметкер бала күтімі бойынша демалыс алуға құқылы болды, олардың 127-сі осы мүмкіндікті пайдаланды.

**FREEDOM HOLDING CORP. ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БАЛА КҮТІМІ БОЙЫНША ДЕМАЛЫС АЛҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ САНЫ**

| Көрсеткіш | FY 2021 | FY 2022 | FY 2023 |
|---|---|---|---|
| Ана/әке демалысы берілуі тиіс қызметкерлердің саны | 256 | 332 | **362** |
| Ана/әке демалысын алған қызметкерлер саны | 137 | 139 | **127** |
| Ана/әке демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа қайта оралуы керек қызметкер-лердің саны | 25 | 23 | **37** |
| Ана/әке демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа қайта оралған қызметкерлердің саны | 20 | 24 | **23** |
| Ана/әке демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа қайта оралған және жұмысқа оралғаннан кейін 12 ай бойы жұмыс істеп жүрген қызметкерлердің саны | 11 | 15 | **19** |
| Ана/әке демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа қайта оралу коэффициенті, % | - | 104 | **62** |
| Ана/әке демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа қайта оралған қызметкерлерді ұстап қалу коэффициенті, % | - | 75 | **79** |

## Персоналды таңдау

Жаңа жұмыс орындарын, еншілес және байланысты ұйымдарды құру арқылы Freedom Holding Corp. адамдарға жеке және кәсіби дамуға мүмкіндік бере отырып, өңірлердің экономикалық өсуіне ықпал етеді. Қызметкерлерге инвестиция салу және алуан түрлі және инклюзивті жұмыс ортасын құру арқылы Компанияның еншілес және байланысты ұйымдары қызмет көрсететін өңірлердегі жергілікті қауымдастықтарға оң әсер етеді және олардың ұзақ мерзімді өркендеуіне және экономикалық өсуді ынталандыруға ықпал етеді.

## Жаңа қызметкерлерді бейімдеу

Бейімделу жүйесін енгізу жаңа қызметкерлерге жұмыс жағдайларына тезірек үйренуге көмектеседі және олардың тікелей лауазымдық міндеттерін орындауға тиімді көшуін қамтамасыз етеді. Бөлімше басшысы болып жаңадан қабылданған қызметкерді қолдайтын, ұжымға кіруге септігін тигізіп, кәсіби көмек көрсететін тәлімгер тағайындалады. Компания қызметкерлердің үздік тәжірибесі мен кәсіби білімін команданың жаңа мүшелеріне беруге тырысады.

Жаңа жұмыскерді бейімдеу келесі кезеңдерден тұрады:
- Заңнамада белгіленген тәртіппен жұмысқа қабылдау және еңбек шартын жасасу;
- Лауазымдық нұсқаулықтармен, бастаушы буклетімен, кіріспе электрондық оқытумен, еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықпен және Компанияның негізгі ішкі нормативтік құжаттарымен танысу;
- Қажет болған жағдайда жаңа қызметкерге белгілі бір мерзімге тәлімгер бекіту.

## Қызметкерлердің қызметін бағалау

Қызметкерлер қызметінің тиімділігін басқарудың жылдық циклі шеңберінде атқаратын лауазымына және функционалдық міндеттеріне байланысты Компанияның барлық еншілес және байланысты ұйымдарында біріздi 3 кезең бөлінеді:

Лауазымдық міндеттерге кірмейтін қосымша функцияларды

**1-КЕЗЕҢ** — Бар қызметкерлер үшін немесе жұмысқа қабылдау кезінде есепті кезеңнің бірінші тоқсанында мақсаттар қою

**2-КЕЗЕҢ** — Жыл қорытындысы бойынша қызметкерлер қызметінің тиімділігін бағалау

**3-КЕЗЕҢ** — Қызмет тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша сыйлықақы тағайындау

немесе міндеттерді орындау, жобалау қызметіне қатысу, басшының жекелеген тапсырмаларын орындау, жұмыста ерекше нәтижелерге қол жеткізу кезінде қызметкер бағалау нәтижелері бойынша бонусқа қосымша пайыз алуға құқылы, оның мөлшерін бөлімше басшысы жеке белгілейді.

[34] «Фридом Финанс» АҚ, Freedom Finance Global PLC, «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ, «Freedom Finance Life ӨСК» АҚ және «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ компанияларында ұсынылады.
[35] «Фридом Финанс» АҚ, Freedom Finance Global PLC, «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ, «Freedom Finance Life ӨСК» АҚ және «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ компанияларында ұсынылады.

Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар




## Ынталандыру және еңбекақы төлеу

GRI 202-1

Freedom Holding Corp. барлық еншілес және байланысты ұйымдарында ынталандыру және еңбекақы төлеу жүйесі жұмыс істейді. Компания өз қызметкерлеріне ұйымның табысына қосқан үлесіне сәйкес әділ сыйақы беруге тырысады. Еңбекақы төлеу шарттары мен тәртібі штат кестесіне, лауазымдық жалақы схемасына, атқаратын позициясына сәйкес айқындалады және еңбек шарттарында көрсетіледі. Жоғары өнімділікке қол жеткізген қызметкерлерді марапаттау ынталандырудың жоғары деңгейін сақтау үшін өте маңызды. Компанияның еншілес және байланысты ұйымдары өз қызметкерлеріне нарықтық мәндердің медиандық деңгейінде немесе одан жоғары деңгейде жалақы төлеуге тырысады. Қолда бар ақпаратқа сүйене отырып, біз Компания бойынша бастапқы деңгейдегі қызметкерлердің орташа жалақысы қызмет көрсету өңірлеріндегі ең төменгі жалақыдан 67%-ға жоғары деп есептейміз.

# КЕЛЕСІ ЕСЕПТІ КЕЗЕҢГЕ АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР (FY 2024)

**Адам құқықтары жөніндегі саясатты әзірлеу және оны Компания мен оның ұйымдық құрылымына кіретін ұйымдар деңгейінде бекіту**

**«Фридом Финанс» АҚ және Freedom Finance Global PLC-дегі өзінің HR-порталы арқылы жаңа түйіндемелерді қабылдау жүйесін автоматтандыру**

**WSS Docs электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы Компанияның еншілес және байланысты ұйымдарында[36] кадрлық есепті автоматтандыру**

**Ерікті медициналық сақтандырудың ішінара өтемақысын енгізу[37]**

[36] Қазақстан Республикасындағы еншілес және байланысты ұйымдарға қатысты
[37] Қазақстан Республикасындағы еншілес және байланысты ұйымдардың қызметкерлеріне қатысты.



03

# Жергілікті қоғамдастықтар мен қызмет көрсету өңірлерінің дамуына үлес қосу

Білім беру бастамаларын, мәдениет пен спортты қолдау .....35
Жергілікті инфрақұрылымға инвестициялар .....37
Украина қорларына қайырымдылық қолдау .....38
Экологиялық жобалар .....39

# ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ

GRI 203-1 413-1

Freedom Holding Corp. маңызды жобаларды, оның ішінде қайырымдылық қорлары мен қоғамдық ұйымдар іске асыратын жобаларды қолдау үшін жағдай жасауға ерекше назар аударады. Таңдалған іс-шаралар өңірлерді дамытудың экономикалық, әлеуметтік және мәдени аспектілеріне оң және ұзақ мерзімді әсер етеді. Демеушілік және қайырымдылық қызмет жергілікті қауымдастықтардың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын арттыруға бағытталған негізгі құралдардың бірі болып табылады. Салынған стратегиялық инвестициялары мен әртүрлі ұйымдармен серіктестігі арқылы Компания әлеуметтік жауапты ұйым ретіндегі позициясын нығайтып қана қоймай, сонымен бірге өзінің елеулі үлесін қосып келеді. Есепті кезеңдегі қайырымдылық және демеушілік қызметтің негізгі географиялық бағыттары ретінде операциялық қызметтің негізгі аймағы Қазақстан және геосаяси оқиғаларға байланысты Украина болды.

Қайырымдылық және демеушілік қызметті жүзеге асыру кезінде Компания төмендегідей қағидаттарды басшылыққа алады:

- заңдылық – Компанияның барлық демеушілік, қайырымдылық және меценаттық қызметі жергілікті заңдарға сәйкес жүзеге асырылады[38];
- ұйымның көрсетілген қызметінің ашықтығы;
- көрсетілетін көмекті бақылау, оның ішінде орындаушыларды, түпкілікті бенефициарларды талдау және тексеру, сондай-ақ қаражатты мақсатты пайдалану туралы есептілік алу.

Компания үшін есепті кезеңнің нәтижелері бойынша қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетудің басым бағыттары:

- балалар мен студенттерге арналған білім беру бастамаларын қолдау;
- қалалар мен ауылдық елді мекендерді абаттандыру;
- дене шынықтыру мен спортты дамыту;
- инфрақұрылымды дамыту;
- табиғи апаттар мен қолайсыз азаматтық әрекеттердің салдарын жою кезінде халықты қолдау;
- қоршаған ортаны қорғау.

Freedom Holding Corp. бас акционерінің үлесі 2-қосымшада көрсетілген.

## Негізгі көрсеткіштер

€10,4
млн
**Украинаның қайырымдылық қорларын қолдауға бағытталған**

₸349,8[39]
млн
**Білім беру, спорттық және экологиялық жобаларға көрсетілген сыртқы қаржылық көмек**



[38] 2015 жылғы 16 қарашадағы № 402-V «Қайырымдылық туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
[39] Сома есепті кезеңде жасалған қайырымдылық көмек және қызмет көрсету туралы шарттар, сондай-ақ Freedom Support бағдарламасы шеңберінде сақтандыру төлемдері туралы деректер негізінде есептелген (Бағдарлама туралы толығырақ 36-бетті қараңыз).



Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

# Білім беру бастамаларын, мәдениет пен спортты қолдау

### ХАЛЫҚТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Есепті кезеңде қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша екі негізгі Freedom Camp және Freedom Academy жобалары жұмыс істеді. «Freedom Life» ӨСК» АҚ және «Фридом Финанс» АҚ есепті кезеңде Қазақстан Республикасы халқының қаржылық сауаттылығын арттыру үшін семинарлар мен тренингтер өткізді. Бұл бастамалардың мақсаты – қаржылық шешімдер қабылдауға, ресурстарды тиімді басқаруға және сайып келгенде қаржылық әл-ауқатты жақсартуға қажетті білім мен дағдыларды беру.

### FREEDOM CAMP БАЛАЛАР ЛАГЕРІ

Қайырымдылық жобаларының бірі – Freedom Camp. Бастаманың негізгі мақсаты – әртүрлі жастағы балалар мен жоғары оқу орындарының студенттерін ақшаны дұрыс қолдануға және қаржылық мақсаттарға жетуге үйрету. Бүгінгі таңда жоба Қазақстан Республикасы бойынша 15 мектеппен ынтымақтастықта жүзеге асырылуда. Мектеп оқушылары үшін қаржылық сауаттылықтың негізгі ұғымдарымен қатар, киберқауіпсіздік бойынша дәрістер өткізіледі. Оқушыларға интернет-алаяқтықтың негізгі түрлері, ақпараттық қауіпсіздік ережелері және төлем карталары мен әлеуметтік желілерді пайдалану кезінде өз деректерін қорғау тәсілдері туралы айтылады.

Бұл бастама 2019 жылы құрылғаннан бері жобаны 5000-нан астам оқушы бітірді. Балалардың Freedom Camp жазғы лагеріне қатысуы үшін өтінімдерді жинау әлеуметтік желілер арқылы өтеді, оқу ұзақтығы 15 академиялық сағатты құрайды. Есепті кезеңде 1200 бала жоба бағдарламасы бойынша оқудан өтті.

Есепті кезең ішінде жоба шеңберінде Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен (ҚНРДА) ынтымақтаса отырып, қазақстандық жоғары оқу орындарының (ХАТУ, ҚазАТУ, ҚазҰУ, Тұран, Satbayev University, ЕТУ, ҚР ҰҚК академиясы) қабырғасында 700-ден астам студентке арналған арнайы



қонақ семинарлары қосымша өткізілді. Оқу бағдарламасына келесі оқыту курстары кірді: «Қаржылық және цифрлық сауаттылық негіздері», «Қаржы институттары», «Цифрлық сауаттылық дағдылары», «Ақпаратты іздеу және пайдалану дағдылары», «Желідегі мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру» және «Мемлекеттік қызметтер».

### FREEDOM ACADEMY

**Freedom Academy миссиясы – адамдардың инвестициялау және өз әл-ауқатын арттыру дағдыларын меңгеруіне көмектесу арқылы қоғамды дамыту.**

Freedom Finance Global PLC жанында Freedom Academy – қатысушылардың кең ауқымының қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған курстардың көп деңгейлі жүйесі бар білім беру орталығы жұмыс істейді. Трейдинг, акцияларға инвестициялау және соған байланысты қаржылық тақырыптар бойынша жасалған оқыту материалдары білім беру платформасының веб-сайтында қолжетімді. Ұсынылған тегін сабақтар жиынтығы пайдаланушыларды қаржы нарықтарының жұмысын түсіну үшін қажетті негізгі біліммен және құралдармен қаруландырады. Курстардан басқа, Freedom Academy YouTube арнасы арқылы білім беру аясын кеңейтеді. Арна пайдаланушыларға американдық сауда нарығының шолуларын, нарықтық тенденцияларды талдауды және тәжірибелі мамандардың пікірлерін ұсынады.




Цифрлық платформаларды пайдалана отырып, жоба білім беру мазмұнын кеңінен таратуға ұмтылады, бұл адамдардың сауда және инвестиция туралы түсініктерін өздеріне ыңғайлы уақытта кеңейтуге мүмкіндік береді.

### OCEANMAN KAZAKHSTAN

Есепті кезеңде Freedom Finance Global PLC 2022 жылдың шілде айында өткен Oceanman Kazakhstan – халықаралық деңгейдегі жарысты ұйымдастыру және өткізу үшін 2 миллион теңге көлемінде демеушілік көмек көрсетті. Іс-шара Қазақстанда алғаш рет өткізіліп, оған 11 елден 1200-ден астам адам қатысты. Жүзу Қапшағай су қоймасында өткізілді және қатысушыларға бір жарым шақырымнан он шақырымға дейінгі төрт қашықтықтың бірін таңдауға мүмкіндік берілді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, қазақстандықтар жүзуге қатысу мүмкіндігін пайдаланып, белсенділік танытты және Oceanman Kazakhstan сериясының соңғы үш жылдағы ең жаппай бастамасына айналды.

FREEDOM HOLDING CORP.

**МӘДЕНИЕТТІ ДАМЫТУ**

2022 жылғы желтоқсанда Алматы қаласында «Шертпе күй» республикалық дәстүрлі музыка фестивалінің жабылуы аясында Freedom Holding Corp. Бас атқарушы директоры Тимур Турлов «Фридом Финанс» АҚ атынан Н.Тілендиев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық фольклорлық-этнографиялық ұлттық аспаптар оркестрінің және Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінің концертмейстерлеріне жаңа домбыралар табыстады. Қаржыландырудың жалпы бөлінген сомасы 20 млн теңгені құрады. Сыйға тартылған аспаптарды белгілі қазақстандық шебер Жолаушы Тұрдығұлов тяньшань шыршасынан, канадалық емен мен қайыңнан жасады. Бұл бастама Компанияның мәдени дамуға және Қазақстанның музыкалық мұрасын сақтауға деген ұмтылысын көрсетеді. Домбыра табыстау Компания мен көрнекті музыканттар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға ықпал ететін маңызды оқиға болды. Жаңа аспаптар қазақ мәдениеті дәстүрлерінің сақталуы мен сабақтастығына, сондай-ақ Қазақстанның музыкалық өнерінің дамуына қосылған маңызды үлес болады.






**FREEDOM GALA BALLET**

2023 жылғы наурызда Freedom Finance Global PLC Freedom GalaBallet өткізілуіне 153 млн теңге көлемінде қаржы бөлді. Астана мен Алматыда өткен іс-шараларда әлемге әйгілі балет топтарының, хореографтар мен бишілердің қызықты қойылымдары ұсынылды. Компания бұл үлкен оқиғаны шындыққа айналдыруда шешуші рөл атқарды, бұл көрермендерге әлемдік деңгейдегі балет мамандарының көрнекті қойылымдарының куәсі болуға мүмкіндік берді.

**«ЖҰЛДЫЗАЙ» БАЛАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ФЕСТИВАЛІ**

«Фридом Финанс» АҚ мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған фестивальді қаржыландыру, материалдық және өзге де көмек көрсету, сондай-ақ психоневрологиялық бейіндегі балаларды медициналық оңалту мақсатында 1 млн теңге көлемінде қайырымдылық көмек көрсетті. «Жұлдызай» балалар шығармашылығы фестивалі бірнеше кезеңде өтті, гала-концерт 2022 жылдың маусым айында болды. Байқауға қатысушылар төрт номинация бойынша бақ сынады: вокал, хореография, аспаптық орындау, ымдап ән айту. Қатысушылар 10-18 жас аралығындағы мүмкіндігі шектеулі балалар болды.

**ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫ ҚОЛДАУ**

Әлеуметтік күйзелістер кезеңінде жергілікті қауымдастықтарды қолдаудың маңыздылығын түсіне отырып, Компания өз қызметін жүргізетін қауымдастықтардың оң өзгерістері мен әл-ауқатын жақсартуға көмек көрсетеді және ықпал етеді. «Freedom Life» ӨСК» АҚ Қазақстандағы қаңтар оқиғалары нәтижесінде қаза тапқан қызметкерлер мен күш құрылымдары қызметкерлерінің балаларына аннуитеттік төлемдерді жүзеге асырады. Отбасыларға аннуитеттік төлемдер 2022 жылдың қаңтарында басталып, есепті кезеңде жалғасты. Көмек көрсету мақсатында «Freedom Support» бағдарламасы шеңберінде ерікті дереу аннуитеттік сақтандыру» өнімі әзірленді. Шарттарға сәйкес «Freedom Life» ӨСК» АҚ ай сайын құқық қорғау органдарының қаза тапқан қызметкерлерінің балаларының пайдасына ақшалай көмек көрсететін болады. Есепті кезеңде төлемдер сомасы 55,2 млн теңгені құрады.



Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
**ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ**
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

## Жергілікті инфрақұрылымға инвестициялар

### VISION ZERO

2023 жылдың ақпан айында «Фридом Финанс» АҚ Алматы қаласындағы Vision Zero бастамасын қолдау шеңберінде 56 млн теңге көлемінде демеушілік көмек көрсету туралы шартқа қол қойды. Vision Zero бастамасы – жол-көлік оқиғасы салдарынан болатын өлім-жітім мен ауыр жарақаттардың алдын алуға бағытталған халықаралық деңгейде мойындалған жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру бағдарламасы. Іске асыру құралдары білім беру науқандарын және жол қозғалысы ережелерін сақтауды ынталандыруды қамтитын көлік инфрақұрылымын жақсарту стратегияларын құруды қамтиды.

Жоба шеңберінде көлік инфрақұрылымы саласындағы сарапшылардың кең ауқымының белсенді қатысуымен урбанистер мен сәулетшілер аса қауіпті авариялық учаскелер мен көшелерге кешенді талдау жүргізетін болады, мектептер мен балабақшалар сияқты әлеуметтік объектілердің айналасында жол қауіпсіздігі шараларын арттыру жөнінде ұсыныстар әзірленеді.

Vision Zero бастамасына ниеттестік қаржылық қолдаудан асып түседі. Компания жақсартулар жасалуы мүмкін бағыттарды анықтау және демеушілік жобаны тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін жергілікті билік органдарымен, жол қауіпсіздігі бойынша сарапшылармен және басқа да мүдделі тараптармен ынтымақтасуға ниетті. Өз тәжірибесі мен ресурстарын пайдалана отырып, Freedom Holding Corp. Vision Zero науқанының жалпы табысына белсенді үлес қосуға және қаладағы жол қауіпсіздігіне ұзақ мерзімді оң ықпал етуге тырысады.



*2022 жылдың қараша айында өткен Vision Zero дөңгелек үстелі*

### FREEDOM FINANCE АЛЛЕЯСЫ

2022 жылдың мамыр айында Компания «Тұрақты даму «Жер Қоры» жастар бірлестігінің экологиялық бастамасын қолдады. Ұлттық орман отырғызу күніне орайластырылған науқан аясында «Фридом Финанс» АҚ еріктілері мен өкілдері аязға төзімді сакура ағашының 77 көшетін отырғызуға қатысты. Акцияның негізгі мақсаттары қаланы көгалдандыру және экологиялық мұраға қамқорлық жасау, тарихи жадыны сақтау және мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын орындауға қадам жасау болды.









Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
**ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ**
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

## Украина қорларына қайырымдылық қолдау

Есепті кезеңде Компанияның еншілес ұйымы, Freedom Finance Europe Ltd., жергілікті қайырымдылық қорларына 10,4 миллион еуро табыстады. Компанияның күш-жігері өмірлік маңызы бар гуманитарлық көмек көрсетуге, жергілікті қауымдастықтарды дамыту жобаларын қолдауға және қиындықтар кезінде әлеуметтік келісімді нығайтуға бағытталған.

Бұл сома қазіргі уақытта мемлекет пен халықтың стратегиялық қажеттіліктерін қамтамасыз ететін келесі қорлардың арасында бөлінді:

- Балаларға мектептеріне оқуға қайта оралуға мүмкіндік беретін қауіпсіз және жайлы кеңістіктер құруға бағытталған Freedom Space жобасына 3 миллион еуро бөлінді. Жобаны жүзеге асыру үшін Украинаның 12 өңірінде 69 мектеп таңдалды. Үй-жайлар қауіпсіздікті қамтамасыз ету және балалардың білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін барлық қажетті жабдықтармен қамтылатын болады. Freedom Space-тің маңызды ерекшелігі – балаларға арнайы жасалған жұмсақ ойыншықтарды қолдана отырып, стресті басқаруға көмектесетін израильдік әдіс – хибуки терапиясын қолдануы;
- 2 млн еуро «Ukraine House DC Foundation» қорына жедел жәрдем машиналарын сатып алуға аударылды; «Твоя опора» қорына Украинаның үш облысындағы балалар ауруханаларында шұғыл медициналық көмек көрсету үшін жабдықтар сатып алуға 300 мың еуро бөлінді, олар майдан шебінен жараланған балаларды қабылдайды.
- 300 мың еуро «Поможем вместе» қорына аударылды. Қаражат қоныс аударушыларға гуманитарлық көмек сатып алуға бағытталды;
- 2,4 миллион еуро Польшадағы «Help Ukraine» қайырымдылық қорына дәрі-дәрмек, азық-түлік, мал азығы, гигиена құралдары және басқа да қажетті тауарларды сатып алуға аударылды;
- 103 мың еуро Soborna Ukraine халықаралық қайырымдылық қорының шотына аударылды. Қаражат Николаев қаласында атыс салдарынан қираған орталық сумен жабдықтау жүйесін қалпына келтіруге бағытталды;
- Жедел жәрдем машиналарын сатып алуға 259 мың еуро бөлінді;
- Бір немесе екі ата-анасынан айрылған балаларға қолдау көрсету үшін «Дети героев» қорына 1,03 миллион еуро аударылды;
- 650 мың еуро Андрей Ставницер құрған «Superhumans» Денсаулық сақтау жобасына бағытталды. Бұл бастаманың мақсаты – тегін протездеу, бетті қалыпқа келтіру және Ресей-Украина қақтығысынан зардап шеккендерді оңалту. Қор кейіннен жөндеу жұмыстарын өткізу үшін Львов облысындағы аурухананы мемлекеттен жалға алды.
- 400 мың еуро жарақат алып, аяқ-қолынан айрылған азаматтарға көмек көрсету жобасына берілді. «Поможем вместе» қоры протездік-ортопедиялық бұйымдар мен оңалту құралдарын өндіруде әлемдік көшбасшы болып табылатын Ottoblack SE & Co неміс компаниясымен ынтымақтастық жасады;
- 20 мың еуро 2023 жылдың қазан айында Игорь Сикорский атындағы Киев ұлттық политехникалық институтының жанындағы «Sikorski Challenge Ukraine: Украинаның инновациялық трансформациясы» конференциясын қолдау үшін аударылды.



## Экологиялық жобалар

Freedom Holding Corp. тұрақты дамуға ұмтыла отырып, өзінің экологиялық әсерін азайту үшін қадамдар жасап қана коймай, табиғатты сақтап қалудың маңыздылығын жете түсінеді. Тұрақты тәжірибені насихаттай отырып, Компания ресурстарды ұтымды пайдалануға, парник газдары шығарындыларын азайтуға және қоршаған ортаның жалпы әл-ауқатына үлес қосуға тырысады. Есепті кезеңде Компания тарапынан қалдықтарды азайту және қайта өңдеу, биоалуантүрлілікті сақтау және табиғи мекендеу ортасын қалпына келтіру жобаларына демеушілік көмек көрсетілді.

### АРАЛ ТЕҢІЗІНІҢ ҚҰРҒАП ҚАЛҒАН ТҮБІНДЕГІ ЭКОЖҮЙЕЛЕРДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

Есепті кезеңде Freedom Holding Corp. Арал теңізін қалпына келтіріп, сақтап қалуды қолдау үшін маңызды қадамдар жасады – бір кездері гүлденген су қоймасы көптеген жылдар бойы елеулі экологиялық проблемаларға тап болды. Арал теңізінің шөгуі мен деградациясының жойқын салдарын түсіне отырып, Компания Арал теңізі өңірін жандандыруға, биоалуантүрлілікті сақтауға және әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге бағытталған жобаға белсенді инвестиция салуда. 2023 жылы «Фридом Финанс» АҚ және Қазақстан Республикасындағы Халықаралық Аралды құтқару қорының Атқарушы дирекциясы (ХАҚҚ ҚР АД) 16,6 млн теңге көлемінде «Арал теңізінің құрғап қалған түбіндегі экожүйелерді қалпына келтіру» жобасына қаржылық көмек көрсету туралы шартқа қол қойды.

ХАҚҚ ҚР-дағы АД-мен ынтымақтастық 500 гектар аумақта орман отырғызуды жүзеге асыруға бағытталмақ. Қызылорда облысы Арал ауданы Каратерен кентінен батысқа қарай 50 шақырым жерде жасыл желектер оазисі құрылады.

Халықаралық Аралды құтқару қоры USAID-тің «Арал теңізінің құрғап қалған түбіндегі экожүйелерді қалпына келтіру» жобасының серіктесі болып табылады. Жұмыстар әрқайсысы 5 гектардан 30 пилоттық учаскеде жоспарланған. Бұл учаскелерде 200 мың қара сексеуіл көшеті отырғызылады, қоршаулар мен суару жүйесі салынады. 2023 жылдың қысқы маусымында екпелерді, жабайы және үй жануарларын суаруға арналған ұңғыманы бұрғылау басталды.




*ХАҚҚ мәліметтері бойынша, Арал теңізінің 5,4 млн гектардан астамы тұзды шөлге – тұз аэрозольдерін Жер атмосферасына шығару көзіне айналды..*




### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУМАҒЫНДА ПЛАСТИК ҚАБЫЛДАУҒА АРНАЛҒАН ФАНДОМАТТАРДЫ ОРНАТУ

Пластикалық қалдықтарды қайта өңдеу мәселесін шешу және айналмалы экономиканы ілгерілету қажеттілігін мойындай отырып, Компания қайта өңдеу үшін қалалық инфрақұрылымды құруға белсенді түрде ықпал етеді. Есепті кезеңде Компания одан әрі қайта өңдеу мақсатында Астана және Алматы қалаларында пластик пен қалайы банкаларын қабылдайтын фандоматтар орнату жөніндегі жобаны іске асыруды бастады. Есепті кезеңде фандоматтарды енгізу және сүйемелдеу жөніндегі жобаның жалпы сомасы 36,6 млн теңгені құрады. Инновациялық шешімдерді енгізу пластикалық қалдықтарды тиімді жинау, қайта өңдеу және қайта пайдалануды қамтамасыз ететін қалдықтарды басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөліктері болып табылады. Бүгінгі таңда фандоматтар пластикалық қалдықтарды азайту және олардың қоршаған ортаға теріс әсерін азайту үшін практикалық шешім ұсынады.





04

# Корпоративтік басқару

Корпоративтік басқару жүйесі .....41
Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару .....51
Іскерлік әдеп және комплаенс .....53
Кері байланыс тетіктері .....58

FREEDOM HOLDING CORP.

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Өз акционерлерінің мүдделерін барынша қорғауды қамтамасыз ету және өзге де мүдделі тараптарының үміттерін ақтау мақсатында, Freedom Holding Corp. корпоративтік басқару саласында үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес жоғары стандарттарды ұстанады.

Компаниядағы корпоративтік басқару жүйесі Невада штатының тиісті түзетулерімен заңдар жинағына, Nasdaq талаптарына, АҚШ бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясының (SEC) және қаржылық қызметтерді реттеу қызметінің (FINRA) талаптарына сәйкес құрылған (толығырақ 3-қосымшаны қараңыз).

Компанияның корпоративтік басқару жүйесін реттейтін негізгі құжаттар мен саясаттар:

- Компанияның құрылтай құжаттары мен Жарғысы; Әдеп және іскерлік мінез-құлық кодексі;
- Инсайдерлік саудаға қатысты саясат;
- Санкция саясаты;
- Комплаенс саласындағы бұзушылықтар туралы өтініштерге қатысты саясат.

Freedom Holding Corp. Nasdaq корпоративтік басқару стандарттарымен тұжырымдалған анықтамаға сәйкес бақыланатын компания болып табылады. Турлов мырза компанияның дауыс беретін акцияларының басым бөлігін бақылайды.

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ОРГАНДАРЫ

GRI 2-9 2-11 2-12 2-16 2-17 2-18




[40] Есепті жылы Басқарма Транзакциялар жөніндегі комитет құру туралы шешім қабылдады.

Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
**КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

## Акционерлердің жыл сайынғы жиналысы

Компанияның жоғары басқару органы Акционерлердің жыл сайынғы жиналысы (бұдан әрі - Жиналыс) болып табылады. Акционерлердің жыл сайынғы жиналысын өткізу және ұйымдастыру тәртібі Компанияның Жарғысында бекітілген. Жиналыстың күн тәртібіне Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау, тәуелсіз аудиторды бекіту және топ-менеджменттің сыйақы жоспарын талқылау кіреді. Есепті жылы Акционерлердің жыл сайынғы жиналысы қыркүйек айында өткізілді.

## Директорлар кеңесі

Компанияның негізгі қадағалау және стратегиялық басқару органы Директорлар кеңесі болып табылады. Директорлар кеңесінің міндеттеріне қолданыстағы заңнамаға, корпоративтік Жарғыға және құрылтай құжаттарына сәйкес шешім қабылдау акционерлердің айрықша құзыретіне жататын жағдайларды қоспағанда, Компанияның меншігі мен істерін басқару кіреді. Атап айтқанда, Директорлар кеңесі ESG саласындағы мәселелерді қадағалау мен басқаруға жауапты.

Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Директорлар кеңесіне үш класқа бөлінген алты директор кіреді (Директорлар кеңесінің мүшелерін тағайындау бөлімін толығырақ қараңыз): I класс, II класс және III класс. Алты директордың төртеуі тәуелсіз. «Тәуелсіз» мәртебесі жоқ Директорлар Тимур Турлов пен Асқар Таштитов болып табылады. Директорлар кеңесінің төрағасы Турлов мырза сондай-ақ Компанияның бас директоры болып табылады. Асқар Таштитов Компанияның Президенті және Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады. Директорлардың үштен бірін Акционерлердің жыл сайынғы жиналысы үш жылдық мерзімге сайлайды. Директорлар кеңесі мүшелерінің жартысы өз қызметінде 10 жылдан астам уақыт болды. Бір директор 5 жылдан астам уақыт қызмет етеді. Алты директордың екеуі 5 жылдан аз уақыт қызмет етеді.



**ТИМУР ТУРЛОВ**

**Бас атқарушы директор; 2015 жылдан бастап Компания директоры**

Тимур Турлов 2009 жылы К.Е.Циолковский атындағы Ресей мемлекеттік технологиялық университетін экономика және кәсіпорында басқару бакалавры дипломымен бітірді.

Турлов мырзаның Халықаралық бағалы қағаздар саласының әртүрлі салаларында он жылдан астам тәжірибесі бар. 2008 жылдың аяғынан бастап ол топ шеңберінде бизнесті дамытумен айналысады. 2013 -2017 жж. аралығында Турлов Мырза «Фридом Финанс» АҚ Директорлар Кеңесі Төрағасының кеңесшісі болды. Бұл лауазымда Турлов мырза стратегиялық басқаруға, қоғаммен және инвесторлармен іс-шараларға, сату және инвестициялық қызмет стратегиясына, сондай-ақ мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесуге жауапты болды. 2017 жылдың шілдесінде Турлов Мырза «Фридом Финанс» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып тағайындалды.

**FREEDOM HOLDING CORP. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ БОЛУ МЕРЗІМІ, %**




2015 жылдан бастап Тимур Турлов Freedom Holding Corp. Директорлар кеңесінде қызмет етеді және оның төрағасы болып табылады. Сонымен қатар, ол «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ, «Freedom Life» ӨСК» АҚ сақтандыру компанияларында, «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ банкінде, сондай-ақ «Kcell» АҚ-да Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады. Ол сондай-ақ бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары болып табылатын басқа компаниялардың акционері болып табылады.

Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
**КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар



**АСКАР**
**ТАШТИТОВ**

**Президент, Атқарушы директор; 2008 жылдан бастап Компания директоры**

Таштитов мырза 2002 жылы Йель университетін экономика және тарих академиялық мамандығы бойынша бакалавр дипломымен бітірді. Оның мұнай-газ секторында жоғары басшылық лауазымдарда он жылдан астам және қаржы индустриясында бес жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. 2004-2015 жж. аралығында ол Freedom Holding Corp. ізашары болып табылатын BMB Munai компаниясында жұмыс істеді және 2006 жылдан 2015 жылға дейін Президент қызметін атқарды.



**ДЖЕЙСОН**
**КЕРР**

**2008 жылдан бастап Тәуелсіз директор**

Керр мырза 1995 жылы экономика бойынша бакалавр дәрежесін алды, ал 1998 жылы Юта университетінде докторантураны бітіріп, Уильям Г.Лири стипендиясының лауреаты атанды. 2011 жылы Джейсон Керр Price Parkinson & Kerr заң фирмасын құрды, онда ол сауда құқығы саласында сот істерін жүргізді. 2006-2011 жж. аралығында Керр мырза зияткерлік меншік процестерімен айналысатын Basic Research, LLC бас заң кеңесшісінің көмекшісі болды. 1996 жылдан 2001 жылға дейін және 2004 жылдан 2006 жылға дейін Керр мырза Юта штатындағы Солт-Лейк-Ситидегі Plant Christensen & Kanal заң фирмасында серіктес болды. 2001 жылдан 2004 жылға дейін ол Лас-Вегастағы Lewis and Rock кеңсесінде коммерциялық адвокат болып жұмыс істеді.



**ЛЕОНАРД**
**СТИЛЛМАН**

**2006 жылдан бастап Тәуелсіз директор**

Стиллман мырза Бригам Янг университетін математика ғылымдарының бакалавры дәрежесімен бітіріп, Юта университетінде бизнесті басқару магистрі дәрежесін алды. Стиллман мырза көптеген жылдар бойы Бригам Янг университетінде бағдарламалау тілдерін әзірлеуші және мұғалім болып жұмыс істеді және Research and Development for Automated Industrial Systems Inc. компаниясының вице-президенті қызметін атқарып, World Data Systems Company компаниясына иелік етті. Стиллман мырзаның стратегиялық жоспарлау, венчурлық қаржыландыру, бюджетті жоспарлау, өндірісті жоспарлау, шығындарды басқару, персоналды басқару, сапаны жоспарлау және басқару, стандарттарды, саясаттар мен процедураларды әзірлеу сияқты 45 жылдан астам ауқымды іскерлік сараптамасы бар. Қазіргі уақытта Стиллман мырза Business Plan Tools LLC компаниясында жұмыс істейді.



Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
**КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар



**ЭМБЕР**
**УИЛЬЯМС**

**2020 жылдан бастап**
**Тәуелсіз директор**

Уильямс ханым 2004 жылы Юта Университетін Бухгалтерлік есеп бакалавры дәрежесімен бітіріп, 2005 жылы сол университетте бухгалтерлік есеп магистрі дәрежесін алды. Оның Бухгалтерлік есеп және аудит саласында 15 жылдан астам тәжірибесі бар. 2012 жылдан бастап Уильямс ханым бизнес үшін CFO бухгалтерлік есеп және кеңес беру қызметтерін көрсетті. Уильямс ханым сертификатталған аудитор. 2018 жылдан 2019 жылға дейін ол Brixey & Meyer-де жұмыс істеді, онда компанияларға ай сайынғы, тоқсандық және жылдық қаржылық есептілікті дайындауға және ішкі бақылау жүйелерін жетілдіруге көмектесетін бухгалтерлер тобын басқарды. 2004 жылдан 2012 жылға дейін Уильямс ханым Grant Thornton, Basic Research, Goldman Sachs және Pricewaterhouse Coopers-те әртүрлі бухгалтерлік және қаржылық позицияларда болды, оның міндеттері: аудиторлық функцияны жоспарлау және басқару, далада жұмыс істеу және ішкі бақылау жүйелерін сынау; жаңа өнімдерді шығаруға көмектесу; корпоративтік есептілікті жақсартуға ықпал еткен ішкі/сыртқы тәуекелдерді бақылау, қадағалау және есеп беру процестерін жақсарту бастамасын бірлесіп басқару оның ашықтығын арттырды және тәуекелдерді азайтты.



**БОРИС**
**ЧЕРДАБАЕВ**

**2019 жылдан бастап**
**Тәуелсіз директор**

Чердабаев мырза Уфа мұнай-газ институтын «Мұнай-газ кен орындарын игеру жөніндегі инженер» мамандығы бойынша бітірген. 2011 жылы Гарвард бизнес мектебінде «Advanced Management Program» курсын аяқтады. 2000 жылы Колумбия университетіндегі «Columbia Senior Executive Program» курсына түсіп, оны 2002 жылы аяқтады. Жұмыс барысында ол Сан-Францискодағы (Калифорния) Chevron Corporation кеңселерінде CHAMP (Chevron Advanced Management Program) және Колумбия университетінде CSEP (Columbia Senior Executive Program) бағдарламасын бітірді.

Чердабаев мырза қазіргі уақытта Weatherford International және Caspian Energy Research LLP-ге тиесілі жеке компания Weatherford-CER Басқарма Төрағасының кеңесшісі қызметін атқарады. Оның АҚШ-тағы биржалық листинг тізімінде тұрған компанияны басқаруда бай тәжірибесі бар. Чердабаев мырза Директорлар кеңесінің төрағасы, BMB Munai Бас директоры қызметін атқарды, 2003 жылдан 2015 жылға дейін және 2000 жылдан 2003 жылға дейін Чердобаев Мырза Tengizchevroil LLP директоры болды. 1998 -2000 жж. аралығында Чердабаев мырза Директорлар кеңесінің мүшесі, барлау және өндіріс жөніндегі вице-президент, сондай-ақ «Қазақойл» үшін қызмет көрсету саласындағы жобаларды дамыту жөніндегі атқарушы директор лауазымдарын атқарды.

## Директорлар кеңесі құрамындағы алуантүрлілік

GRI 405-1

Компания корпоративтік басқару органдарының құрамындағы алуантүрлілік қабылданатын шешімдердің сапасын, өзгермелі сыртқы факторлар жағдайында Компанияның икемділігі мен тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді деп санайды. Freedom Finance Corp-тың әлеуметтік-мәдени алуантүрлілік қағидаттарын ілгерілетуге ұмтылысы Компанияның Директорлар кеңесі құрамының құрылымында көрініс табады. Біздің директорларымыздың үштен бірі өзін азиялық этникалық топқа, жартысы еуропалық топқа жатқызады, ал бір директор өзі туралы бұл ақпаратты ашып көрсетпейді. Директорлар кеңесі құрамының гендерлік құрылымы келесідей ұсынылған: бір әйел, төрт ер адам, бір директордың гендерлік сәйкестігі туралы ақпарат ашып көрсетілмейді.

**FREEDOM HOLDING CORP. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚҰРАМЫНЫҢ ГЕНДЕРЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ, %**




Ерлер · Әйелдер · Ашып көрсетілмейді

Директорлар Кеңесі құрамының этникалық құрылымы былайша ұсынылған:

**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚҰРАМЫНЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ, %**




Сондай-ақ, Компанияның Директорлар кеңесінің құрамында әр түрлі жас топтары ұсынылған. Директорлар кеңесінің бір мүшесі 40 жасқа толмаған, директорлардың үштен бір бөлігі 40 пен 50 жас аралығында, ал директорлардың жартысы 50 жастан асқан.



**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚҰРАМЫНЫҢ ЖАС ҚҰРЫЛЫМЫ, %**




Есепті кезеңде Freedom Holding Corp. Директорлар кеңесі 14 отырыс өткізді. Бұған қоса, сырттай дауыс беру арқылы 5 шешім қабылданды. Әр директор Директорлар кеңесі отырыстарының кем дегенде 75 %-на қатысты. Отырыстарға қатысудан басқа, біздің директорлар жыл бойы жеке кездесулер мен басқа да байланыс түрлері, соның ішінде телефон байланысы арқылы, кез келген және іскерлік сипаттағы мәселелер бойынша өз міндеттерін атқарды. Компанияда директорлардың Акционерлердің жыл сайынғы жиналысына қатысуына қатысты талаптарды белгілейтін ресми саясат бекітілмеген. Алайда, Freedom Holding Corp. директорлардың мүмкіндігі болған жағдайда, жиналысқа қатысуын құптайды.

Есепті кезеңде Компанияның Директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі негізгі мәселелер: Компанияның ресейлік еншілес және байланысты ұйымдарын сату; мүдделі мәмілелер санын қысқарту; санкциялық комплаенс мәселелері; бизнесті кеңейту және жаңа активтерді сатып алу туралы мәселелер болды.

## Директорлар кеңесінің тиімділігін бағалау

Корпоративтік басқару тәжірибесін ұдайы жетілдіруді қамтамасыз ету мақсатында есепті жылы Директорлар кеңесі өзін-өзі бағалау арқылы өз жұмысын бағалаудың алғашқы ресімделген рәсімінен өтті.

## Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдылары мен құзыреттерін жетілдіру

Есепті жылы Компания әрбір директорға Корпоративтік директорлардың ұлттық қауымдастығына (National Association of Corporate Directors) – өз қызметін мүшелерінің дағдыларын, білімі мен әлеуетін дамытуға бағыттайтын корпоративтік директорларға арналған коммерциялық емес ұйымға жыл сайынғы мүшелік берді. Қауымдастық өз мүшелеріне ұйымның қажеттіліктерін ескере отырып арнайы әзірленген Директорлар кеңесінің мүшелеріне арналған білім беру бағдарламалары мен курстарын ұсынады. Қолжетімді оқу бағдарламаларының тізіміне ESG және бизнестің тұрақты дамуына арналған тақырыптық курстар да кіреді.

## ESG саласындағы мәселелерді басқаруға Директорлар кеңесін тарту

Freedom Holding Corp. Директорлар кеңесі Тәуекелдер жөніндегі комитет арқылы ESG тәуекелдерін басқаруды қадағалайды. Комитет Компанияның тәуекелдерді басқару тәсілін анықтайды және Директорлар кеңесі үшін тиісті ұсыныстар қалыптастырады. Сондай-ақ Директорлар кеңесінің міндеттеріне Компания басшылығы немесе тәуелсіз тараптар дайындап, іске асыратын тиісті қырағылық және тиісті есептілік практикаларын қадағалау жатады.

Бұған қоса, Freedom Holding Corp. Директорлар кеңесінің өкілеттігіне стратегиялық мақсаттарды анықтау және ESG мәселелеріне қатысты ішкі нормативтік құжаттарды бекіту кіреді.





Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
**КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

## Директорлар кеңесінің комитеттері

Директорлар кеңесі деңгейінде төрт комитет жұмыс істейді:

- Аудит жөніндегі комитет;
- Сыйақы жөніндегі комитет;
- Тағайындау және корпоративтік басқару комитеті;
- Тәуекелдер жөніндегі комитет.

Есепті кезеңдегі жағдай бойынша Компания Директорлар кеңесі деңгейінде жаңа комитет құру процесінде болды: Транзакциялар жөніндегі комитет. Freedom Holding Corp. Директорлар кеңесі тиісті ережені бекітуді және 2024 қаржы жылында Транзакциялар жөніндегі комитетті құруды аяқтауды жоспарлап отыр. Комитеттер туралы ережеге сәйкес, әр комитет жыл сайын өз қызметін бағалайды және осындай бағалаудың нәтижелері туралы Компанияның Директорлар кеңесіне есеп береді.

## Аудит жөніндегі комитет

**АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ҚҰРАМЫ**

**Эмбер Уильямс,** Комитет Төрағасы

**Леонард Стиллман,** Комитет мүшесі

**Борис Чердабаев,** Комитет мүшесі

Аудит жөніндегі комитеттің міндеттеріне корпоративтік бухгалтерлік есепті, қаржылық есептілікті дайындауға және корпоративтік қаржылық есептілік аудитіне байланысты процестерді қадағалау кіреді. Комитеттің міндеттерін, оның жауапкершілігі мен жұмыс істеу ережелерін реттейтін негізгі ережелер Freedom Holding Corp. Аудит жөніндегі комитет туралы ережеде тұжырымдалған.

Комитет құрамына үш директор кіреді. АҚШ-тың 1934 жылғы Бағалы қағаздар туралы Заңына және Nasdaq листинг ережелеріне сәйкес Комитеттің барлық мүшелері тәуелсіз директорлар болып табылады. Комитет мүшелерінің ешқайсысы Компанияның қызметкері емес және олардың ешқайсысы аудит жүргізуге немесе Компанияның не оның еншілес және байланысты ұйымдарының қаржылық есептілігін дайындауға жауапты емес. Комитет үшінші тарапты тәуелсіз кеңесшілер және консультанттар ретінде жалдауға құқылы.

## Сыйақы жөніндегі комитет

**СЫЙАҚЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ҚҰРАМЫ**

**Джейсон Керр,** Комитет Төрағасы

**Борис Чердабаев,** Комитет мүшесі

**Леонард Стиллман,** Комитет мүшесі

Сыйақы жөніндегі комитеттің міндеті Директорлар кеңесі берген Компанияның топ-менеджментіне сыйақы тағайындау жоспарын қайта қарауға және айқындауға байланысты міндеттерді орындау болып табылады. Комитеттің міндеттерін, оның жауапкершілігі мен жұмыс істеу ережелерін реттейтін негізгі ережелер Freedom Holding Corp. Сыйақы жөніндегі комитет туралы ережеде тұжырымдалған.

Комитет құрамына үш директор кіреді. Nasdaq листинг ережелері Комитет құрамына тәуелсіз емес, эмитент бақылайтын директорлардың кіруіне мүмкіндік беретіндігіне қарамастан, Freedom Holding Corp. көзқарасы үздік тәжірибелерге сәйкестікке негізделген болғандықтан, Комитеттің барлық мүшелері тәуелсіз директорлар болып табылады.

## Тағайындау және корпоративтік басқару комитеті

**ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ҚҰРАМЫ**

**Тимур Турлов,** Комитет Төрағасы

**Эмбер Уильямс,** Комитет мүшесі

**Леонард Стиллман,** Комитет мүшесі

Тағайындаулар және корпоративтік басқару комитеті Компанияның жаңа директорларын ұсыну процесі мен процедураларына, Компанияның корпоративтік басқару саясатын әзірлеуге және орындауға, сондай-ақ федералдық бағалы қағаздар заңнамасының талаптарына қатысты мәселелерге қатысты Директорлар кеңесі берген міндеттерді орындауға жауапты. Комитеттің міндеттерін, оның жауапкершілігі мен жұмыс істеу ережелерін реттейтін негізгі қағидалар Freedom Holding Corp. Тағайындау және корпоративтік басқару комитетінің ережесінде тұжырымдалған.

Комитеттің құрамына үш мүше кіреді. Nasdaq листингі ережелеріне және Комитет мүшелерінің тәуелсіздігі жөніндегі корпоративтік нұсқаулықтарға сәйкес Комитеттің екі мүшесі тәуелсіз директор болып табылады.

.

Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
**КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

## Тәуекелдер жөніндегі комитет

**ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ҚҰРАМЫ**

**Джейсон Керр,** Комитет Төрағасы

**Эмбер Уильямс,** Комитет мүшесі

**Тимур Турлов,** Комитет мүшесі

Тәуекелдер жөніндегі комитет Директорлар кеңесіне Компанияның топ-менеджерлері мен тәуекел-менеджерлерінің тәуекелдерді басқару бөлігінде міндеттерін орындауын қадағалау және мониторингтеуге көмек көрсету үшін жауапты, оның ішінде:

- Компанияны және оның еншілес және байланысты ұйымдарын қаржылық басқару;
- Компанияның, оның еншілес және байланысты ұйымдарының тәуекелдерін анықтау мен бағалауды қоса алғанда, Компанияның тәуекел-бейінін анықтау;
- Компанияның қаржылық тәуекелдері мен кірістерін басқару;
- Заңнамалық және реттеуші талаптарды сақтау;
- Стратегиялық жоспарлау, оның ішінде Компанияның үшінші тараптарға елеулі стратегиялық операциялары мен әлеуетті елеулі инвестицияларын немесе Компанияға үшінші тараптардың инвестицияларын қадағалау.

Комитеттің міндеттерін, оның жауапкершілігін және жұмыс істеу ережелерін реттейтін негізгі ережелер Freedom Holding Corp. Тәуекелдер жөніндегі комитетінің ережесінде тұжырымдалған. Комитеттің құрамына үш мүше кіреді. Nasdaq және Компания стандарттарына сәйкес Комитет мүшелерінің екеуі тәуелсіз директорлар болып табылады. Комитет Директорлар кеңесіне тоқсан сайынғы негізде есеп береді. Комитеттің есептерінде Компанияның қызметіне қатысты ұсыныстар немесе негізгі мәселелер қамтылады, оның ішінде:

- Тәуекелдерді басқару;
- Капиталдың жеткіліктілігі;
- Тәуекел бейіні;
- Әлеуетті елеулі стратегиялық транзакциялар немесе қомақты инвестициялар;
- Материалдық активтерді басқару;
- Үшінші тараптармен байланысты инвестициялар;
- Немесе Комитет не Директорлар кеңесі қажет деп санайтын басқа салалар.

## Директорлардың тәуелсіздігі

Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіздігін анықтау үшін Компания Nasdaq листингі бойынша кеңейтілген нұсқаулығында көрсетілген қағидаттарды басшылыққа алады. Егер Директор:

- Атқарушы лауазымды тұлға немесе Компания қызметкерлері болып табылмаса;
- Директорлар кеңесінің пікірінше, директорлық міндеттерді орындау барысында тәуелсіз пікірге кедергі келтіруі мүмкін қатынастарда болмаса,



Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
**КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

## Егер Директор:

- Соңғы үш жылда кез келген уақытта Компанияның қызметкері болып табылса немесе табылған болса;
- Тәуелсіздік белгіленгенге дейінгі соңғы үш жыл ішінде он екі ай қатарынан Компаниядан 120 мың доллардан асатын қандай да бір сыйақыны (Nasdaq ережелерінде көзделген жағдайларды қоспағанда) өзі қабылдаған болса немесе осындай сыйақыны қабылдаған тікелей туысы бар болса;
- Компания жіберген немесе Компания ағымдағы немесе алдыңғы үш фискалдық жылда мүлкі немесе қызметтері үшін тиісті жылы алушының шоғырландырылған кірісінің жалпы көлемінің 5%-нан асатын немесе $200 мың мөлшеріндегі сомадан асатын ақшалай төлемдерді алған (Nasdaq ережесінде көзделген жағдайларды қоспағанда) кез келген ұйымның серіктесі немесе бақылаушы акционері немесе атқарушы лауазымды тұлғасы болып табылса немесе осындай тікелей туысы бар болса;
- Соңғы үш жыл ішінде Компанияның кез келген лауазымды тұлғасы Сыйақы жөніндегі комитетте қызмет атқарған кез келген ұйымның атқарушы лауазымды тұлғасы ретінде жұмысқа орналасқан болса немесе осындай тікелей туысы бар болса;
- Компанияның сыртқы аудиторының қазіргі серіктесі болып табылатын немесе Компанияның сыртқы аудиторының серіктесі немесе қызметкері болған және соңғы үш жыл ішінде кез келген уақытта Компанияның аудитінде жұмыс істеген болса немесе осындай тікелей туысы бар болса, онда Директорды тәуелсіз деп есептеуге болмайды.



### FREEDOM HOLDING CORP. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ , %




Тәуелсіз директорлар

Директоры, не обладащие статусом «независимого»

## Директорлар кеңесінің мүшелерін тағайындау

GRI 2-10

Директорлар кеңесінің құрамы үш топқа (класқа) бөлінген. Директорлардың осылай класқа бөлінуі арқылы, жыл сайын Директорлар кеңесінің үштен бірі үш жылдық мерзімге сайланады. Есепті кезеңдегі жағдай бойынша әр класқа екі директор кірді.

Компания Freedom Holding Corp. Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды іріктеу кезінде Nasdaq критерийлерін басшылыққа алады. Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды Тағайындау және корпоративтік басқару комитеті немесе акционерлер Комитет арқылы тікелей ұсына алады. Комитет акционерлер ұсынған кандидатураларды тиісті өтінімдер АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясының қолданыстағы ережелеріне, Компания Жарғысына, Невада штатының корпоративтік құқығына және басқа да қолданыстағы заңнамаларға, директорларды тағайындауға қатысты нормативтік құқықтық актілерге немесе ережелерге сәйкес берілген жағдайда қарауға қабылдайды.

Осы есеп жарияланған сәттегі жағдай бойынша Акционерлердің жыл сайынғы жиналысы Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына бірде-бір кандидат ұсынбаған.

Тағайындаулар және корпоративтік басқару комитеті номинанттарды Директорлар кеңесіне ұсынады, осыдан кейін Директорлар кеңесі Акционерлердің жыл сайынғы жиналысына тиісті ұсыныс жасайды. Директорлар кеңесі ұсынған кандидаттарды мақұлдағаннан кейін олар туралы ақпарат сенімхат туралы жыл сайынғы корпоративтік өтінішке енгізіледі және директорлар Акционерлердің жыл сайынғы жиналысында сайланады. Кандидаттарды іріктеу кезінде Комитет Директорлар кеңесінің өзекті қажеттіліктерін басшылыққа алады және Директорлар кеңесі тарапынан қолданыстағы талаптарға жауап беретін кандидаттарды мақсатты түрде іздейді. Үміткердің іскерлік тәжірибесі, оның пайымдаулары, өмірбаяны, ықтимал мүдделер қақтығысы, адалдық, әдептілік және акционерлер үшін құндылықты арттыру мақсатына ниеттестік ескеріледі. Үміткер төменде келтірілген бірнеше дағдылар мен қасиеттерге ие болуы керек:

- Қаржылық қызметтер саласындағы тәжірибе;
- Халықаралық бизнестегі тәжірибе;
- Қаржылық сараптама;
- Бухгалтерлік есеп дағдылары;
- Персоналды басқару;
- Қоғамдық компанияны басқару;
- Заң сараптамасы.

Компанияда Директорлар кеңесінің алуантүрлілігіне қатысты ресми саясат бекітілмеген, алайда Компания Nasdaq листингінің қатысушысы ретінде Nasdaq ережелеріне сәйкес Директорлар кеңесінің алуантүрлілігі туралы ақпаратты ашып көрсетеді. Бұл ақпарат жыл сайын Freedom Holding Corp. Proxy statement-те ашылады.

## Директорлар кеңесі мен топ-менеджмент мүшелеріне сыйақы тағайындау

GRI 2-19 2-20

### СЫЙАҚЫ БЕЛГІЛЕУ ТӘСІЛІ

Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелері мен топ-менеджерлері үшін сыйақы жоспарын қалыптастыруға Сыйақы жөніндегі комитет жауап береді. Комитет өз міндеттерін орындау үшін Директорлар кеңесінің қарауына жататын сыйақыларға қатысты ұсынымдар дайындайды. Директорлар кеңесі ұсынылған сыйақы жоспарын бекіту бойынша айрықша өкілеттіктерге ие. Freedom Holding Corp. Директорлар кеңесі мүшелерінің және топ-менеджерлердің сыйақысын қалыптастыру тәсілін қалыптастыратын негізгі құжат Сыйақы жөніндегі комитет туралы ереже болып табылады.

Әр үшінші жылы Компания акционерлері Акционерлердің жыл сайынғы жиналысында ұсынымдық дауыс беруге қатыса алады. Алайда, мұндай дауыс берудің нәтижелері орындалуға міндетті емес және Freedom Holding Corp. топ-менеджерлерінің сыйақысын айқындау бөлігінде Директорлар кеңесі мен Сыйақы жөніндегі комитет үшін ұсынымдық сипатта болады. Дауыс беру соңғы рет 2021 жылы өтті, ал келесі дауыс беру 2024 жылы Акционерлердің жыл сайынғы жиналысында өткізіледі деп күтілуде.

Сыйақы жөніндегі комитет жоғары корпоративтік басшылықтың сыйақысы саласындағы тәуелсіз консультанттардың қызметтерін тартады және ықтимал сыйақы диапазонының тиісті шекараларын анықтау үшін саладағы салыстырмалы әлемдік компаниялардың бенчмарк-талдауын жүргізеді.

Қазіргі уақытта Компания Директорлар кеңесі мүшелерінің және топ-менеджерлердің сыйақыларын қалыптастыру кезінде ESG саласындағы ТНК-ні пайдаланбайды.

### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

Freedom Holding Corp. Директорлар кеңесінің Компания қызметкерлері болып табылмайтын мүшелері тоқсан сайынғы негізде бөліп төленетін жыл сайынғы ақшалай сыйақы алады. Есепті кезеңде директорлар Директорлар кеңесінің комитеттерінде, оның ішінде Комитет төрағасы ретінде жұмыс істегені үшін қосымша төлемдер алмады. Сондай-ақ, Директорлар кеңесінің отырыстарына, комитет отырыстарына немесе Акционерлердің жыл сайынғы жиналысына қатысқаны үшін Директорлар арнайы төлемдер алмайды.

Компания қызметкерлері болып табылмайтын Директорлар Freedom Holding Corp. акциялары түріндегі сыйақы төлеу тетігіне қатыса алады. Алайда, есепті кезеңде осы санатқа жататын директорлардың ешқайсысы осы тетік шеңберінде сыйақы алған жоқ. 2023 қаржы жылының соңындағы жағдай бойынша Компанияда атқарушы емес директорларға Freedom Holding Corp. акциялары түріндегі сыйақыларды төлеуге қатысты бекітілген жоспар болған жоқ. Осыған қарамастан, Сыйақы жөніндегі комитет пен Директорлар кеңесі өз қалауы бойынша осындай сыйақы беру туралы шешім қабылдауға құқылы.

### ТОП-МЕНЕДЖЕРЛЕРДІҢ СЫЙАҚЫСЫ

Freedom Holding Corp-тың Компания топ-менеджерлерінің сыйақысына қатысты қолданатын тәсілі Компанияның нарықта көшбасшылыққа, кірістің өсуіне және акционерлік құн мен кірістің өсуіне қол жеткізуге ұмтылысына сәйкес құрылған. Компанияның сыйақы бағдарламасы сыйақыларды жоғары буын басшыларының жұмыс нәтижелеріне, олардың Компаниядағы қызмет ету мерзіміне және басқа көрсеткіштерге байланыстырады. Осылайша, бағдарлама қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді қаржылық және іскерлік мақсаттар арасындағы тепе-теңдікті сақтауға тырысады. Сөйтіп, Компания топ-менеджерлердің мүдделерін акционерлердің мүдделерімен үйлестіруге тырысады.

FREEDOM HOLDING CORP.

Компанияның топ-менеджерлеріне сыйақы тағайындау бағдарламасы, әдетте, екі компоненттен тұрады: ақшалай сыйақы және акционерлік капитал үлесі түріндегі сыйақы. Қазіргі уақытта жоғарғы буын басшыларымен еңбек келісімі бұзылған жағдайда бағдарлама ешқандай төлемдер қарастырмайды. Freedom Holding Corp. өзінің топ-менеджерлеріне корпоративтік зейнетақы бағдарламаларын немесе жұмыстан босатылған жағдайда қосымша өтемақы ұсынбайды. Сондай-ақ, Компанияда базалық жалақыны автоматты түрде арттыру қарастырылмаған. Топ-менеджерлердің жалақысы жыл сайынғы негізде қайта қаралуға жатады, алайда шешім тәуелсіз кеңесші жинаған нарықтық деректер негізінде қабылданады. Жоғарғы буын басшыларының сыйақысы үш компоненттен құралады: базалық жалақы, жыл сайынғы бонус және акциялар түріндегі ұзақ мерзімді бонус. Жыл сайынғы бонус Компанияның қаржылық, стратегиялық және операциялық мақсаттарына, сондай-ақ топ-менеджерлер қызметінің жеке нәтижелеріне қол жеткізуге байланысты айқындалады. Акциялар түріндегі ұзақ мерзімді бонус Компанияның көп жылдық кезеңдегі акциялары құнының көрсеткіштеріне негізделеді.

## ESG САЛАСЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ БАСҚАРУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН БЕРУ

GRI 2-13 2-14

Есепті кезеңде Компания Freedom Global PLC-де ESG департаментін құрды. ESG департаментінің директоры Freedom Holding Corp. Директорлар кеңесінің төрағасы және Бас атқарушы директоры болып табылатын Freedom Global PLC Президентіне тікелей есеп береді. Департамент жұмысының негізгі бағыттары:

- **Корпоративтік басқару, Компанияның әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік саласындағы қызметінің басым бағыттарын айқындау**
- **Қаржылық емес ақпаратты уақтылы ашуды қоса алғанда, әртүрлі ESG бастамаларын жоспарлау, ұйымдастыру және ілгерілету**
- **Халықаралық талаптар мен стандарттарға сәйкес Компанияның ESG мақсаттарын енгізу және оларға қол жеткізу**
- **Компанияның тұрақты дамуы туралы жыл сайынғы есепті дайындау және Компанияның Директорлар кеңесіне ұсыну**

Департамент дайындаған жыл сайынғы қаржылық емес есептілік Freedom Holding Corp. есептілік периметріне кіретін еншілес және байланысты ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен келісімделіп, Директорлар кеңесімен бекітіледі.




Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
**КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

# ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

GRI 2-12 2-16

Жоғары экономикалық нәтижелерді қамтамасыз ету және мүдделі тараптардың Компанияға жүктеген үміттерін ақтау мақсатында Freedom Holding Corp. тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін белсенді дамытады.

Freedom Holding Corp. және оның еншілес және байланысты ұйымдарындағы тәуекелдерді басқару стратегиялық жоспарлауға, инвестициялық шешімдер қабылдауға, бюджетті жоспарлауға және операциялық қызметке байланысты процестердің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуекелдерді басқару барлық елеулі тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға және мониторингтеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша уақтылы және барабар шаралар қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Компаниядағы тәуекелдерді басқару функциясы орталықтандырылмаған және Freedom Holding Corp. еншілес және байланысты ұйымдарының тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері арасында бөлінген. Бұл тәсіл Компанияның қатысу аймақтарында ерекшеленетін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау функциясын қамтамасыз етуге қатысты реттеуші талаптардың ерекшелігіне байланысты.

Freedom Holding Corp. еншілес және байланысты ұйымдарының тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері жүргізілетін мониторинг пен тиімділікті талдау нәтижелері негізінде үздіксіз жетілдіруге жатады.

Операциялық қызметті жүргізетін Компанияның барлық еншілес және байланысты ұйымдарында ұйымдардың тәуекелдерді басқару тәсілін сипаттайтын және осы бизнес-процесті реттейтін өздерінің ішкі нормативтік құжаттары әзірленіп, бекітілді.

Компанияның тәуекелдерді басқару тәсілі үш дәстүрлі қорғаныс желісі түрінде ресімделген:

- Құрылымдық бөлімшелер – тәуекел иелері және басшылық;
- Тәуекелдерді басқару және комплаенс-бақылау бөлімшелері;
- Ішкі аудиттің корпоративтік функциясы[41].

Freedom Holding Corp. еншілес және байланысты ұйымдарындағы тәуекелдерді басқару процесі бірнеше дәйекті кезеңдерден тұрады:

1. Стратегиялық мақсаттарды анықтау және тәуекел деңгейін компания деңгейінде бекіту;
2. Тәуекелдерді анықтау;
3. Олардың табиғаты мен сипаттамаларын, сондай-ақ тәуекел деңгейін анықтау мақсатында тәуекелдерді талдау;
4. Шешім қабылдауды қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдерді бағалау;
5. Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске асыру;
6. Тәуекелдерді басқару бойынша іске асырылатын іс-шаралар жоспарының және оның тиімділігінің кейінгі мониторингі, сондай-ақ тәуекелдерді басқарудың қолданыстағы жүйесінің тиімділігін талдау;
7. Тәуекелдерді басқару қызметі мен нәтижелері туралы есеп беру.

Өз функцияларын іске асыру шеңберінде еншілес және байланысты ұйымдардың тәуекелдерді басқаруға және ішкі бақылауға жауапты бөлімшелері тоқсан сайын және жыл сайын осы ұйымдардың басшы органдары немесе жоғары лауазымды тұлғалары алдында есеп береді.

Компанияның еншілес және байланысты ұйымдарының Директорлар кеңесі жыл сайынғы тәуекелдерді басқару туралы есеп арқылы тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуіне мониторинг жүргізеді. Сондай-ақ, еншілес және байланысты ұйымдардың басшы органдары немесе жоғары лауазымды тұлғалары оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін, оның ішінде тиісті компаниялардың қызметіне әсер ететін өзгермелі ішкі және сыртқы факторларды ескере отырып, ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөнінде қажетті шаралар қабылдайды.

Еншілес және байланысты ұйымдардағы тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың әрбір жүйесі үшін процестерді реттейтін және тәуекелдерді басқару әдістемелерін сипаттайтын ішкі нормативтік құжаттар әзірленіп, бекітілді. Жыл сайын тәуекелдерді басқаруға жауапты бөлімшелер еншілес және байланысты ұйымдардың корпоративтік басқару органдары бекітетін анықталған тәуекелдер тізілімдерін дайындайды.

## Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерді басқару[42]

Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін жүзеге асыру Компания қызметінің үздіксіздігінің бұзылуына, қаржылық және беделдік шығындардың туындауына, сондай-ақ Freedom Holding Corp. және еншілес / байланысты ұйымдары клиенттерінің, іскерлік серіктестерінің және қызметкерлерінің деректерінің құпиялылығына нұқсан келтіруі мүмкін. Freedom Holding Corp. еншілес және байланысты ұйымдары өз өнімдері мен қызметтерін цифрландыру бағытында қызметін белсенді дамытуда. Бұл өз кезегінде ұйымдардың қызметін ақпараттық қауіпсіздік пен ақпараттық технологиялар тәуекелдеріне ерекше осал етеді.

Осыған байланысты ақпараттық қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерді басқару Компания үшін тәуекелдерді басқару бөлігінде басымдықтардың бірі болып табылады. Freedom Holding Corp. деңгейінде операциялық қызмет жүргізілмейтіндіктен, ақпараттандырылған қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерді басқару еншілес және байланысты ұйымдар деңгейінде жүзеге асырылады және жергілікті тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйелеріне біріктіріледі.

Есепті кезеңде Freedom Holding Corp-тың 2025 жылға дейінгі технологиялық стратегиясын әзірлеу іске қосылды, онда

[41] Freedom Holding Corp-тың кейбір еншілес ұйымдарында ішкі аудит қызметін сыртқы тәуелсіз мердігер атқарады.
[42] АҚШ Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясының ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдері туралы ақпаратты ашып көрсету талаптарына байланысты бұл тақырып бөлек ашылады.



Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
**КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

ақпараттық қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерді басқару бағытын дамыту қамтылады.

Корпоративтік аудит процедуралары SOX стандартына сәйкес қаржылық көрсеткіштердің сенімділігін қамтамасыз ететін АТ бақылауларын тексеруді қамтиды. Бұл аудит қызметтерінің нәтижелері реттеуші есептілікке енгізілген Компанияның барлық еншілес және байланысты ұйымдарында жүргізіледі.

Freedom Holding Corp. еншілес және байланысты ұйымдарында ақпараттық қауіпсіздік және ақпараттық технологиялар саласындағы тәуекелдерді басқару жалпы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесіне біріктірілген.

| КОРПОРАТИВТІК ОРГАН / БӨЛІМШЕ / ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒА | ЖАУАПКЕРШІЛІК |
|---|---|
| Корпоративтік басқарудың жоғары органдары және топ-менеджмент | АТ және АҚ тәуекелдерін басқару жөніндегі ішкі нормативтік құжаттарды бекіту, оларға өзгерістер мен толықтырулар;<br><br>АТ және АҚ тәуекелдерін тиімді басқаруды қамтамасыз ету. |
| АТ және АҚ саласындағы тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімше немесе лауазымды тұлға | АТ және АҚ тәуекелдерін басқарудың тиімді жүйесін енгізу және дамыту;<br><br>Оның қатысушылары арасындағы өзара іс-қимыл тәртібін белгілеу және АТ мен АҚ тәуекелдері бойынша есептілікті ұсыну. |
| Компаниялардың құрылымдық бөлімшелері | Күнделікті қызметте АТ және АҚ тәуекелдерін азайту бойынша талаптарды сақтау. |

Жалпы алғанда Компанияның еншілес және байланысты ұйымдарында ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жауапкершілігі төмендегідей бөлінген:
Киберқауіпсіздік тәуекелдерін басқару процесіне күнделікті қызметте ұйымдағы тәуекелдерді жалпы басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары, сондай-ақ АТ және АҚ құрылымдық бөлімшелерінің басшылары қатысады.

Ұйымдардың бөлімшелеріне жәрдемдесу, АҚ саласындағы тәуекел-менеджмент функцияларын үйлестіру және басқару үшін мамандандырылған құрылымдық бөлімшелер немесе лауазымды тұлғалар жауап береді. Бұл бөлімшелер мен лауазымды тұлғалар ақпараттық активтерді санаттауды және кейін маңызды ақпараттық активтер үшін тәуекелдерді бағалауды жүзеге асырады. Осы бағалау нәтижелері бойынша АТ және АҚ саласындағы тәуекелдер тізілімі мен картасы, сондай-ақ сәйкестендірілген тәуекелдерді өңдеу жөніндегі іс-шаралар жоспары қалыптастырылады.

Корпоративтік басқарудың жоғары органдары мен жоғары буын басшылары бизнес-процестердің әдістемелері мен регламенттерін қоса алғанда, ішкі нормативтік құжаттаманы бекітуге жауапты, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару функциясының тиімділігін қадағалауды жүзеге асырады.

АҚ тәуекелдерін басқару саласындағы ішкі нормативтік құжаттар Freedom Holding Corp. барлық еншілес және байланысты ұйымдарында әзірленіп бекітілді және өзекті сын-қатерлер мен тәуекелдерге, сондай-ақ қолданылатын реттеуші талаптарға сәйкес өзектендіру қажеттілігі тұрғысынан тұрақты талданып тұруы тиіс.

## Ішкі аудит

Freedom Holding Corp. ішіндегі ішкі аудит функциясы орталықтандырылмаған. Оның орындалуына жауапкершілік операциялық қызметті жүргізетін Компанияның еншілес және байланысты ұйымдарына жүктеледі. Бұл ұйымдарда ішкі аудиттің мамандандырылған бөлімшелері құрылды немесе бұл функция сыртқы тәуелсіз мердігерге берілді.

Бұдан басқа, Freedom Holding Corp. SOX-реттеу талаптарына сәйкестігі үшін жеке аудит функциясы бөлінген. Ол Бақылау бөліміне жүктелген.

Департамент функционалдық тұрғыдан Компанияның аудит жөніндегі комитетіне және Freedom Finance Global PLC Директорлар кеңесіне тікелей бағынады, бұл осы бизнес-функцияның тәуелсіздігін, оның объективтілігін және тәуекелге бағдарланған тәсілін қамтамасыз етеді. Департамент директоры Freedom Holding Corp. Тағайындау жөніндегі комитетінің шешімімен тағайындалады.

Компаниядағы ішкі SOX аудитінің бизнес-процесі үш негізгі ішкі нормативтік құжаттармен реттеледі:
- Контроллинг департаменті туралы ереже;
- Ішкі аудит департаментіне арналған нұсқаулық;
- Ішкі бақылауды SOX талаптарына сәйкестендіру бойынша практикалық нұсқаулық.

Департамент қызметкерлерінің міндеттеріне мыналар кіреді:
- Тәуекел-бақылау матрицаларын қалыптастыру және Аудит жөніндегі комитет бекіткен жоспарға сәйкес ішкі бақылау жүйесіне тест жүргізу
- Freedom Holding Corp. еншілес және байланысты компаниялары бөлімшелерінің қаржылық есептілікті жасау мерзімдерін, оның ішінде АҚШ-тың Бағалы қағаздар мен биржалар жөніндегі комиссиясы белгілеген мерзімдерін сақтауын және қаржылық есептілікті жасау процесінде бақылау рәсімдерін дұрыс ресімдеуін, сондай-ақ жасалатын операциялардың заңдылығын бақылау ;
- Freedom Holding Corp. еншілес компанияларының ішкі бақылау жүйесінің тестіленуін тексеру және талдау;
- Freedom Holding Corp. еншілес және байланысты компанияларының қызметін тиімсіз ұйымдастырылған бақылау рәсімдеріне және /немесе олардың болмауына қатысты тексеруді жүзеге асыру және тексеру нәтижелері бойынша анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі ұсынымдарды қалыптастыру;
- Freedom Holding Corp. еншілес және байланысты компанияларының ішкі бақылау жүйесін тексеру және талдау барысында анықталған кемшіліктерді уақтылы жою мониторингі;
- Freedom Holding Corp. еншілес және байланысты компанияларының қызметкерлеріне ішкі бақылау жүйесін жүргізуге қатысты мәселелер бойынша, оның ішінде тәуекелдерді азайту, ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкес бақылау рәсімдерін жақсарту мәселелері бойынша кеңес беру.

Есепті кезеңде Контроллинг департаменті Компанияның ішкі бақылау жүйелеріне тексеру жүргізді, сондай-ақ анықталған кемшіліктерді жою бойынша ұсынымдар және бизнес-процестердегі тәуекелдерді азайту бойынша ұсынымдар дайындалды.



Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
**КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

FREEDOM HOLDING CORP.

# ІСКЕРЛІК ӘДЕП ЖӘНЕ КОМПЛАЕНС

GRI 2-23 2-24

Freedom Holding Corp. іскерлік әдеп қағидаттарын ұстанудың және мемлекеттік реттеушілер мен компания өз қызметін жүргізетін юрисдикциялардың жергілікті нормативтік-құқықтық актілерінде бизнеске қойылатын талаптарды сақтаудың маңыздылығын мойындайды. Freedom Holding Corp. мүдделі тараптардың Компанияға сенімін жоғары бағалайды және адал, жауапты және әдепті іскер серіктестің беделін сақтау үшін бар күшін салады.

Freedom Holding Corp. іскерлік мінез-құлық және әдеп мәселелерін басқаруды реттейтін негізгі құжат Компанияның веб-сайтында орналастырылған корпоративтік Әдеп және іскерлік мінез-құлық кодексі болып табылады. Құжат Компанияның өз қызметінде басшылыққа алатын негізгі қағидаттарының тізімін белгілейді, сонымен қатар Freedom Holding Corp. компаниясының іскерлік мінез-құлықтың жоғары стандарттарын қамтамасыз ету тәсілін қалыптастырады.

## FREEDOM HOLDING CORP. ЭТИКАЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ

- Бизнесті адал және әдепті түрде жүргізу, соның ішінде ықтимал мүдделер қақтығысын адал басқару
- Жосықсыз мінез-құлық пен құқық бұзушылықтарға жол бермеу
- Есептілікте және Компания реттеушілерге жіберетін немесе жария түрде ашатын өзге де құжаттарда ақпаратты толық, анық, ашық, уақтылы және қолжетімді ашып көрсету
- Қолданыстағы заңнаманы, ережелер мен реттеушілердің талаптарын сақтау
- Корпоративтік активтерді, құпия ақпаратты және Компаниялардың алдында ашылатын мүмкіндіктерді қорғау


Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
**КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

## Мүдделер қақтығысы

GRI 2-11 2–15 2–23 2–24

Компания ықтимал мүдделер қақтығысын болдырмауға және шешуге көп көңіл бөледі. Freedom Holding Corp. деңгейінде мүдделер қақтығысын басқаруға Компанияның көзқарасын белгілейтін негізгі құжат Корпоративтік әдеп және іскерлік мінез-құлық кодексі болып табылады. Кодекстің ережелері Компанияның барлық директорлары мен қызметкерлеріне, оның еншілес және байланысты ұйымдарына қолданылады және міндетті болып табылады.

Кодекске сәйкес, Freedom Holding Corp. мүдделер қақтығысын жеке тұлғаның немесе оның туыстарының жеке мүдделерінің Компания мүдделерімен нақты немесе көзге көрінуі мүмкін қиылысуы ретінде анықтайды. Мүдделер қақтығысы қызметкер, лауазымды тұлға немесе директор (немесе олардың отбасы мүшелері) Компанияның мүддесі үшін өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауды объективті түрде қиындатуы ықтимал әрекет жасаған немесе мүдделі болған жағдайда туындауы мүмкін. Сондай-ақ, мүдделер қақтығысы қызметкердің, лауазымды тұлғаның немесе директорлардың (немесе олардың отбасы мүшелерінің) Freedom Holding Corp., оның еншілес және байланысты ұйымдарындағы лауазымдарының арқасында жеке мақсатта пайда табуы кезінде туындауы мүмкін.

Компания, еншілес және байланысты ұйымдар ұсынатын қарыздар немесе қызметкерлерге не олардың отбасы мүшелеріне берілетін кепілдіктер факті мен жағдайларға байланысты орынсыз жеке пайда әкелуі мүмкін, бұл Freedom Holding Corp-тің ерекше алаңдаушылығын тудырады. Компания, еншілес және байланысты ұйымдардың тарапынан жоғары буын басшылары мен директорлардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің пайдасына берілген осындай кез келген қарыздар мен міндеттемелерге Кодекс ережесінде тікелей тыйым салынады.

Freedom Holding Corp. компаниясының Әдеп және іскерлік мінез-құлық кодексі мүдделердің нақты немесе ықтимал қақтығысы туралы ақпарат пайда болған кезде әрекет ету тәртібін анықтайды. Мұндай ақпаратқа ие немесе кеңес алғысы келетін мүдделі тараптар оны комплаенс функциясына жауапты бас лауазымды тұлғаға жіберуі керек. Егер мұндай лауазымды тұлға еншілес немесе байланысты ұйымға тағайындалмаған жағдайда, осы мәселелерді қарауға өтініш берушілердің тікелей басшылары немесе ұйым басшысы жауап береді. Кодекстің ережелеріне сәйкес, уәкілетті лауазымды тұлға мүдделер қақтығысының нақты немесе ықтимал болу дерегін анықтауға, сондай-ақ мүдделер қақтығысымен әлеуетті байланысы бар әрекетті келісімдеуге немесе жасауға рұқсат беруге жауапты.

Директорлар мен жоғары буын басшыларына қатысты мүдделер қақтығысының болу дерегін анықтау, сондай-ақ ықтимал операцияларды мүдделілікпен алдын ала келісу Freedom Holding Corp. Аудит жөніндегі комитетінің айрықша өкілеттіктеріне жатады.

## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарымен байланысты оқиғалар Компанияға едәуір экономикалық залал келтіріп, оның беделін түсіруге, мүдделі тараптардың сенімі мен акционерлердің мүдделеріне нұқсан келтіруге қабілетті. Сондықтан Freedom Holding Corp., еншілес және байланысты ұйымдар сыбайлас жемқорлыққа қатысты кез келген көріністе «нөлдік төзімділік» қағидатын ұстанады. Freedom Holding Corp. операциялық қызметті жүргізбейтіндіктен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін басқару Компанияның еншілес және байланысты ұйымдарының жергілікті құрылымдық бөлімшелері мен лауазымды тұлғаларына тапсырылады.

Жергілікті деңгейде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды реттейтін негізгі құжаттар ретінде тиісті саясат қарастырылады[43]. Осы саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтау барлық қызметкерлер үшін, сондай-ақ қызмет көрсету өңірлерінде қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және тиісті нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын сақтау үшін міндетті болып табылады. Осы саясаттардың ережелері сондай-ақ Freedom Holding Corp. еншілес және байланысты ұйымдарының атынан әрекет ететін контрагенттерге және өзге де тұлғаларға қолданылады.

## Комплаенс-бақылау жүйесі

Топ шеңберінде комплаенс-бақылау функциясын Freedom Holding Corp. Комплаенс жөніндегі вице-президент басқарады, ол тікелей Компания Президентіне бағынады. Freedom Holding Corp-тың әрбір еншілес және байланысты ұйымында Компанияның комплаенс жөніндегі Вице-президентімен үйлестіре отырып, комплаенс функциясының орындалуы үшін жауапкершілік жергілікті мамандандырылған бөлімшелерге немесе белгіленген лауазымды тұлғаларға жүктелген. Олардың өкілеттіктері мен лауазымдық міндеттері осы бизнес-функцияның орындалуын реттейтін жергілікті ішкі нормативтік құжаттарға және еншілес /байланысты ұйымдар қызметінің ерекшеліктеріне сәйкес ерекшеленеді.

Freedom Holding Corp., еншілес және байланысты ұйымдардың қызметін реттейтін негізгі нормативтік-құқықтық актілер 3-қосымшада көрсетілген.

[43] 2023 қаржы жылының аяғына қарай қалыптасқан жағдай бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаттар «Фридом Финанс» АҚ, Freedom Finance Global PLC, «Freedom Insurance» СК» АҚ және Freedom Finance Europe Ltd компанияларында бекітілген..

Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
**КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

Freedom Holding Corp. комплаенс-бақылау бизнес функциясы келесі құжаттармен реттеледі: Әдеп және іскерлік мінез-құлық кодексі, Санкциялық комплаенс саласындағы саясат, Инсайдерлік сауда саясаты және Комплаенс саласындағы бұзушылықтар туралы өтініштерге қатысты саясат. Компанияның еншілес және байланысты ұйымдары деңгейінде бекітілген негізгі ішкі нормативтік құжаттардың тізімі («Есептілік шектерінде» көрсетілгендей) төменде келтірілген:

## КОМПЛАЕНС-БАҚЫЛАУ САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ІШКІ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

| «Фридом Финанс» АҚ | Freedom Finance Global PLC | «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ | «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ | «Freedom Life» ӨСК» АҚ | Freedom Finance Europe Ltd. | Prime Executions, Inc. |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын алу саясаты | Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын алу саясаты | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат[44] | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат | Комплаенс-тәуекелдерді басқару саясаты | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат | Комплаенс бойынша құжатталған ұйғарымдар |
| Комплаенс-тәуекелдерді, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін басқару әдістемесі | Комплаенс-тәуекелдерді басқару әдістемесі | Комплаенс-тәуекелдерді басқару саясаты | Комплаенс-тәуекелдерді басқару саясаты | Кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау қағидалары | Комплаенсті басқару саясаты | |
| «Фридом финанс «АҚ еншілес ұйымдарында қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау қағидалары | Қолданыстағы және ықтимал мүдделер қақтығысын басқару саясаты | Мүдделер қақтығысын басқару саясаты | Шағым-талаптарды қарау тәртібі | Шағымдарды қарау және дауларды реттеу рәсімі | Мүдделер қақтығысын басқару саясаты | |
| Іскерлік қатынастарды қашықтан орнатқан жағдайда клиенттерді тиісті тексеру рәсімі | «Freedom Finance Global PLC» Жария компаниясының қызметкерлерінің жеке операцияларын/мәмілелерін жасау қағидалары | Болжалды бұзушылықтар туралы хабарлау саясаты | Санкциялық саясат[44] | | Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық | |

[44] Есепті кезең аяқталғаннан кейін бекітілді.



Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

| «Фридом Финанс» АҚ | Freedom Finance Global PLC | «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ | «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ | «Freedom Life» ӨСК» АҚ | Freedom Finance Europe Ltd. | Prime Executions, Inc. |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қызметкерлердің реттеуші органмен өзара әрекеттесуі туралы нұсқаулық (AFSA) | Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру және терроризмді қаржыландыру тәуекелін басқару саясаты | | | Санкциялық саясат | |
| | Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша ішкі бақылау қағидалары | Салықтық сәйкестік жөніндегі халықаралық актілермен жұмыс істеу қағидалары | | | Клиенттің активтері мен қаражатын қорғау саясаты | |
| | Іскерлік қатынастарды қашықтан орнатқан жағдайда клиенттерді дұрыс тексеру жөніндегі нұсқаулық | Халықаралық экономикалық санкциялармен жұмыс істеу ережесі | | | Клиенттерді санаттау саясаты | |
| | | Инсайдерлік ақпаратты бақылау қағидалары | | | Шағымдарды өңдеу саясаты | |
| | | | | | Өтініштерді өңдеу саясаты | |
| | | | | | Жеке транзакцияларға қатысты саясат | |
| | | | | | Маркетингтік коммуникациялар саясаты | |
| | | | | | Кипрлік инвестициялық фирманың қызметін ілгерілету саясаты | |

Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
**КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

## КОМПЛАЕНС-БАҚЫЛАУДЫҢ БАНКТІК ЖҮЙЕСІ

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің талаптарына сәйкес «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ-да өз қызметінің қолданыстағы заңнамаға сәйкестігін тексерудің өзіндік жүйесі құрылды. Комплаенс-бақылаудың жергілікті жүйесі «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ қаржылық тұрақтылығы мен орнықтылығын қамтамасыз етеді – реттеуші органдардан айыппұлдарды, санкцияларды және басқа да бақылау шараларын барынша азайтады, сондай-ақ лицензиядан айыру тәуекеліне жол бермейді. Комплаенс-бақылаудың банктік жүйесі үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес құрылған. Осының арқасында Банктің сенімді серіктес ретіндегі беделі сақталады, бұл шетелдік банктермен және қаржы ұйымдарымен табысты іскерлік қатынастар құруға мүмкіндік береді.

Комплаенс-бақылаудың құрылымдық бөлімшесінің міндеттеріне мыналар кіреді:

- Күдіктілерді анықтау мақсатында барлық ішкі операцияларды мониторингтеу;
- Қызмет көрсетуді бастамас бұрын Банк клиенттерін тексеру;
- Халықаралық санкциялардың орындалуын қамтамасыз ету.

Бұдан басқа, комплаенс-бақылау қызметі Банк қызметкерлерін комплаенс, мүдделер қақтығысын басқару және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқытуды жүргізуге; өнімдерді іске қосу алдында тексеруге және комплаенс-тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған ұсынымдарды қалыптастыруға жауапты.

Комплаенс-тексерулер рәсімдерін автоматтандыру мақсатында технологиялық шешімдердің екі түрі пайдаланылады: 1) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы қазақстандық заңнамаға сәйкес қаржылық мониторинг және тәуекелдерді басқару процестерін автоматтандырудың мамандандырылған кешені; 2) халықаралық және өңірлік деректер қоры және комплаенс-мониторинг сервистері.

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бөлігінде қолданылатын заңнама талаптарының сәйкестігін тексерудің тиімділігі мен сапасын арттыру үшін Банк Prime Source бағдарламалық жасақтамасын пайдаланады. Бұл технологиялық шешім мыналарды қамтамасыз етеді:

- Халықаралық санкциялар, террористер мен экстремистер тізімдері бойынша автоматты тексеру;
- Тәуекел деңгейін есептеу және клиенттерге тәуекел рейтингін беру;
- Шекті және күдікті операцияларды анықтау және уақтылы әрекет ету;
- Қорғалған байланыс арнасы бойынша уәкілетті органмен өзара іс-қимыл – күдікті операциялар туралы хабарлау, қосымша сауал-деректермен алмасу;
- Басқарушылық және реттеушілік есептілікті қалыптастыру.

Санкциялық тізімдерді мониторингтеу, саяси маңызы бар адамдарды, террористер мен экстремистерді, сондай-ақ жоғары тәуекелдермен байланысты адамдарды анықтау үшін Банк мынадай көздерден алынған ақпаратты пайдаланады:

- Dow Jones тәуекелдерді басқаруға және комплаенс-талаптарды орындауға арналған халықаралық қызмет;
- WorldCheck жеке тұлғалардың Халықаралық деректер қоры;
- Ресейлік тұлғаларды тексеру қызметі - Контур.Призма;
- Қазақстан, ТМД және басқа елдердің контрагенттерін тексеру сервисі - Kompra.



# КЕРІ БАЙЛАНЫС ТЕТІКТЕРІ

GRI 2-16 2-23 2-24 2-25 2-26

Компаниядағы шағымдар мен өтініштерді қарау тетіктерінің жұмыс істеуін реттейтін негізгі құжат Комплаенс саласындағы бұзушылықтар туралы өтініштерге қатысты саясат болып табылады. Саясат Freedom Holding Corp-қа және оның еншілес және байланысты ұйымдарына іскерлік әдеп саласындағы бұзушылықтарға, корпоративтік саясаттарға, қаржылық аудит және бухгалтерлік есеп саласындағы алаяқтыққа, сондай-ақ қолданылатын заңдар мен нормативтік актілердің өзге де бұзушылықтарына қатысты шағымдар мен өтініштерге қатысты таралады.

Шағымдар мен өтініштерді қараудың корпоративтік тетіктері мынадай байланыс арналарын болжайды:

- Тиісті еншілес немесе байланысты ұйымның тікелей менеджеріне хабарласу;
- Тиісті еншілес немесе байланысты ұйымның корпоративтік хатшысына, вице-президентіне, бас қаржы директорына немесе заң департаментінің тиісті қызметкеріне жүгіну.

Сондай-ақ, Компанияда анонимді байланыс арнасы қарастырылған:

- Компанияның сенім телефоны 801-355-2227 немесе 888-996 3742 (АҚШ-та тегін);
- Электрондық пошта: compliancemonitor@freedomholdingcorp.com.

Саясат ережелеріне сәйкес, тергеу барысында қолжетімді болған барлық мәлімдемелер мен ақпарат құпия болып табылады. Сонымен қатар, Саясат мәлімдеушілерге Компания тарапынан кейінгі қудалаудан қорғау кепілдігін бекітеді.

Аудитке және бухгалтерлік есепке байланысты барлық өтініштер бөлек санатқа белгіленеді, тиісті лауазымды тұлға тарапынан қаралып, кейін бүкіл ақпарат Аудит жөніндегі комитетке жеткізіледі.

Өтініштердің қалған санаттарын тиісті ұйымдардың заң департаменттерінің қызметкерлері қарайды, кейін оларды тиісті лауазымды тұлғаларға немесе құрылымдық бөлімшелерге тергеу үшін қайта жібереді.

Еншілес және байланысты ұйымдар деңгейінде еншілес ұйымдар белгілеген саясаттарға сәйкес құрылған және Freedom Holding Corp. еншілес ұйымдарының құрылымдық бөлімшелері жергілікті деңгейде басқаратын өтініштер мен шағымдарды беру мен өңдеудің жергілікті тетіктері де қарастырылған.

Корпоративтік байланыс арналарынан басқа Директорлар кеңесінің төрағасы мен Компанияның Бас атқарушы директорының жеке жедел желісі – «Тимур Турловтың жедел желісі» жұмыс істейді. Бұл механизм сыртқы мүдделі тараптарға арналған және Freedom Broker веб-сайтында онлайн-режимде қолжетімді:

https://ffin.kz/hotline.

Есепті кезеңде еншілес және байланысты ұйымдарға шағымдар мен өтініштерді қараудың корпоративтік арналары арқылы 4 өтініш келіп түсті. Барлық өтініштерді өз қызметкерлеріміз жіберген, олар жеке қызығушылық, әдепсіз мінез-құлық, COVID-19-ға қарсы медициналық сақтандыру, сондай-ақ корпоративтік оқыту мәселелеріне қатысты болды.




Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
**КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар



05

# Тұрақты дамудың экологиялық құрамдас бөлігі


Климаттың өзгеруі .....61

Энергия тұтыну және энергия тиімділігі .....64

Су ресурстарын пайдалану .....65

Қалдықтарды басқару ....66

Қаржы секторының қоршаған ортаға айтарлықтай тікелей экологиялық әсерінің жоқтығына қарамастан, Freedom Holding Corp. өзінің күнделікті операциялық қызметіне сақтық қағидатын[45] енгізеді.

Freedom Holding Corp. қоршаған ортаға әсерді басқару тәсілі үш басым бағытқа негізделеді:

- Жеке энергия тиімділігін арттыру арқылы климатқа теріс әсерді азайту;
- Су ресурстарын жауапкершілікпен пайдалану;
- Қалыптасатын қалдықтардың көлемін азайту.

Қоршаған ортаға теріс әсерді азайту мақсатында Компания бірнеше экологиялық бастамаларға қатысады. Атап айтқанда, Freedom Finance Global PLC «Жасыл кеңсе» қағидаттарын енгізуді бастады. 2022 жылғы желтоқсанда қатысуы нәтижесінде Freedom Finance Global PLC-нің Алматы қаласындағы кеңсесі төртінші республикалық байқаудың финалистері қатарына кіре алды.

Конкурсты Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрлігі және ЕҚЫҰ бағдарламалар кеңсесінің қолдауымен «Жасыл экономика» Коалициясы мен GreenKaz ұйымдастырды. Бұл марапаттың негізгі мақсаты – қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға, қоғамдық пайдалануға арналған ғимараттардың жайлылығы мен эргономикасын арттыруға бағытталған экологиялық өмір салты, «жасыл» және төмен көміртекті технологиялар қағидаттарын ілгерілету.

Болашақта Компания өз активтерінің, қаржылық операцияларының, сондай-ақ несиелік қызметінің экологиялық әсерін бағалауға біртіндеп назар аударуды көздейді.

## Есепті кезеңнің негізгі көрсеткіштері

9,2

МЫҢ т$CO_2$-балама[46].

**Freedom Holding Corp. еншілес және байланысты ұйымдарының[47] атмосфераға парник газдары шығарындыларының көлемі (1-қамту, 2-қамту және 3-қамту)**

48,8

МЕГАЛИТР

**Жалпы су тұтыну**

**Компанияның ірі еншілес және байланысты ұйымдары бойынша парник газдары шығарындыларының көздеріне алғашқы түгендеу жүргізілді**

**Халықаралық Аралды құтқару қорының атқарушы дирекциясына қаржылық көмек көрсету туралы шартқа қол қойылды.**

## Компанияның экологиялық жауапкершілік саласындағы мақсаттары

- Табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру;
- Айналмалы экономика қағидаттарын ілгерілетуге бағытталған бастамаларды қолдау және дамыту.




45 Рио-де-Жанейроның 1992 жылғы қоршаған орта және даму туралы декларациясында көрсетілген №15 қағида
46 Есептеу кезінде $CO_2$, $CH_4$ және $N_2O$ шығарындылары ескерілді
47 Толығырақ ақпарат Климаттың өзгеруі бөлімінде

Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

# КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ

GRI 305-1 305-2 305-4

Есепті кезеңде есеп периметріне кіретін ірі еншілес ұйымдар бойынша парник газдары шығарындыларының көздеріне бастапқы түгендеу жүргізілді. Есепті жылдың соңында Freedom Holding Corp-та деректерді жинау және есепке алу жүйесін ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізілді. Келесі қадам – Компания халықаралық және жергілікті әдіснамалық тәсілдер мен талаптарға сәйкес 1-қамту және 2-қамту шеңберінде Freedom Holding Corp. парник газдарының жалпы шығарындыларын бақылау жүйесін құруды жоспарлауда.

GHGProtocol a Corporate Accounting and Reporting Standard халықаралық стандартына сәйкес парник газдары шығарындыларын сандық бағалаудың операциялық шектерінде парник газдарының тікелей шығарындылары (1-қамту), жанама энергетикалық шығарындылар (2-қамту) және жалға алынатын кеңселермен байланысты басқа да жанама шығарындылар (3-қамту, 8-санат) бөлінді.

1-қамту аймағына шығарындылар көздерінің келесі санаттары бөлінді:

- Қазба отындарын стационарлық жағу;
- Қазба отындарын мобильді жағу.

2-қамту саласында шығарындылар көздерінің мынадай санаттары бөлінді:

- Меншіктегі объектілердің қызметін қамтамасыз ету үшін Компанияның еншілес және байланысты ұйымдары сыртқы көздерден импорттаған электр энергиясын өндіруден шығарындылар;
- Меншіктегі объектілердің қызметін қамтамасыз ету үшін Компанияның еншілес және байланысты ұйымдары сыртқы көздерден импорттаған жылу энергиясын өндіруден шығарындылар.

3-қамту аясында шығарындылар көздерінің мынадай санаттары бөлінді:

- Жалға алынатын объектілердің қызметін қамтамасыз ету үшін Компанияның еншілес және байланысты ұйымдары сыртқы көздерден импорттаған электр энергиясын өндіруден шығарындылар;
- Жалға алынатын объектілердің қызметін қамтамасыз ету үшін Компанияның еншілес және байланысты ұйымдары сыртқы көздерден импорттаған жылу энергиясын өндіруден шығарындылар.

Есепті кезеңде парник газдарының жалпы шығарындылары:

- Парник газдарының тікелей шығарындылары (1-қамту) – 174 т$CO_2$-балама;
- Freedom Holding Corp. еншілес және байланысты ұйымдарына тиесілі объектілердің энергияны тұтынуы нәтижесінде пайда болатын жанама энергия шығарындылары (2-қамту) - 3 693 т$CO_2$-балама;
- Freedom Holding Corp. еншілес және байланысты ұйымдары жалға алған объектілердің энергия тұтынуы нәтижесінде басқа да жанама шығарындылар (3-қамту[48]) - 5 401 т$CO_2$-балама;
- Персонал бірлігіне парник газдары шығарындыларының үлестік мәні (1, 2 және 3-қамту) – 2,48 т$CO_2$-балама/ қызметкерді құрады.

Жалпы шығарындылар көрсеткішінің мәні соңғы үш жылдағы оң динамиканы көрсетеді. 2023 қаржы жылындағы шығарындылар көлемінің базалық жылға (2021 қаржы жылы) қатысты салыстырмалы өсуі 58%-ды құрады. Бұл осы кезең ішінде Компания бизнесінің қарқынды кеңеюіне, оның ішінде Freedom Holding Corp. еншілес және байланысты ұйымдарының кеңселерінің көбеюіне байланысты.

Freedom Holding Corp. басшылығы климаттың өзгеруімен күресудің маңыздылығын түсінеді. Болашақта 1-қамту, 2-қамту және 3-қамту шеңберінде парник газдары шығарындылары бойынша ашылатын деректердің егжей-тегжейін, толықтығын және дәлдігін арттыру (Greenhouse Gas Protocol technical Guidance for Calculating Scope 3 Emissions классификациясына сәйкес 8-санат), сондай-ақ климаттық тәуекелдерді бағалау әдістемесін әзірлеу және 3-қамтудың басқа санаттарының шығарындыларын бағалау жоспарлануда. Бұл тапсырмаларды орындау Freedom Holding Corp-қа тәуекелдерді басқарудың тиімділігін арттыруға, сондай-ақ климаттың өзгеруіне байланысты мүмкіндіктерді анықтауға және пайдалануға мүмкіндік береді.

Төмендегі графикте Freedom Holding Corp. еншілес және байланысты ұйымдарының 2021, 2022 және 2023 қаржы жылдарындағы парник газдарының шығарындылары көрсетілген:

### ҚАМТУ БОЙЫНША ПАРНИК ГАЗДАРЫНЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ, т$CO_2$-балама




[48] Greenhouse Gas Protocol Technical Guidance for Calculating Scope 3 Emissions жіктемесіне сәйкес 8-санат.

Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

## ПАРНИК ГАЗДАРЫНЫҢ ТІКЕЛЕЙ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ (1-ҚАМТУ)

Есепті кезеңде парник газдарының тікелей шығарындыларының негізгі көздері қазба отындарын стационарлық және мобильді жағу болды. Стационарлық жағу «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ энергия өндіретін жабдықты пайдалану кезінде ғана пайдаланылады. Есепті кезеңде отын ретінде табиғи газ және дизель отыны пайдаланылды. Басқа еншілес және байланысты ұйымдарда энергия өндіретін жабдық пайдаланылмаған. 2023 қаржы жылында стационарлық жағуға 59,15 т$CO_2$-балама тура келді. 2021 қаржы жылына қатысты есепті кезеңде шығарындылардың өсуі 205%-ды құрады.

### ОТЫНДЫ СТАЦИОНАРЛЫҚ ЖАҒУ КЕЗІНДЕГІ ПАРНИК ГАЗДАРЫНЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ, т$CO_2$-балама




Қазба отындарының мобильді жағылуына байланысты парник газдарының шығарындылары Freedom Holding Corp. еншілес және байланысты ұйымдарының теңгерімінде көрсетілген көлік құралдарын пайдаланумен байланысты (төмендегі кестені қараңыз).

### ОТЫНДЫ МОБИЛЬДІ ЖАҒУ КЕЗІНДЕГІ ПАРНИК ГАЗДАРЫНЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ, т$CO_2$-балама




### FREEDOM HOLDING CORP. ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ СТАЦИОНАРЛЫҚ ЖАҒУДАН БӨЛІНЕТІН ПАРНИК ГАЗДАРЫНЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ, т$CO_2$-балама

| Отын түрі | Өлшем бірлігі | FY 2021 | FY 2022 | **FY 2023** |
|---|---|---|---|---|
| Дизель | т$CO_2$-балама | 0,79 | 2,63 | **10,52** |
| Табиғи газ | т$CO_2$-балама | 18,62 | 24,22 | **48,63** |
| **Барлығы** | **т$CO_2$-балама** | **19,40** | **26,85** | **59,15** |

### FREEDOM HOLDING CORP. ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ[46] МОБИЛЬДІ ЖАҒУДАН БӨЛІНЕТІН ПАРНИК ГАЗДАРЫНЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ, т$CO_2$-балама

| Отын түрі | Өлшем бірлігі | FY 2021 | FY 2022 | **FY 2023** |
|---|---|---|---|---|
| Бензин | т$CO_2$-балама | 74,15 | 91,53 | **99,69** |
| Дизель | т$CO_2$-балама | 3,46 | 9,62 | **14,92** |
| **Барлығы** | **т$CO_2$-балама** | **77,61** | **101,15** | **114,61** |

Отын ретінде дизель және автомобиль бензині пайдаланылды. Есепті кезеңде мобильді жағудан парник газдары шығарындыларының көлемі 114,5 т$CO_2$-балама құрады, 2023 қаржы жылындағы эмиссиялардың өсуі 2021 жылға қатысты 47,7% -ды құрады.

Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
**ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ**
Қосымшалар

## ЖАНАМА ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ШЫҒАРЫНДЫЛАР (2-ҚАМТУ)

Жанама энергия шығарындыларының көзі Freedom Holding Corp. еншілес және байланысты ұйымдарының кеңселерінің өз қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін импортталған электр және жылу энергиясын өндіру болып табылады. Есепті кезеңде шығарындылардың жиынтық көлемі 3 693 т$CO_2$-балама құрады. Шығарындылардың басым бөлігі электр энергиясын тұтынуға тиесілі – 3 257 т$CO_2$-балама Бұл 2021 қаржы жылындағы ұқсас көрсеткіштен шамамен 30%-ға артық. 437 т$CO_2$-балама-дан сәл кем мөлшер Freedom Holding Corp. еншілес және байланысты ұйымдарының меншікті объектілерінің жылу энергиясын тұтынуына тиесілі. 2021 қаржы жылындағы ұқсас көрсеткішпен салыстырғанда бұл мән 13%-ға қысқарды. Жылу энергиясын тұтынумен байланысты 2-қамтудағы шығарындылардың салыстырмалы түрде аз үлесі «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ меншігіндегі кейбір жекелеген кеңселерде қысқы кезеңде жылыту электр энергиясымен жұмыс істейтін жабдықтар арқылы жүзеге асырылғандығымен түсіндіріледі.

**ПАРНИК ГАЗДАРЫНЫҢ ЖАНАМА ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ (2-ҚАМТУ),** т$CO_2$-балама




## ӨЗГЕ ЖАНАМА ШЫҒАРЫНДЫЛАР (3-ҚАМТУ)

Басқа жанама шығарындылардың көзі Freedom Holding Corp. еншілес және байланысты ұйымдарының жалдамалы кеңселерінің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін импортталған электр және жылу энергиясын өндіру болып табылады. Есепті кезеңде шығарындылар көлемі шамамен 5 401 т$CO_2$-балама құрады. Шығарындылардың басым бөлігі электр энергиясын тұтынуға тиесілі – 3 799 т$CO_2$-балама 2023 қаржы жылындағы эмиссиялардың өсуі 2021 жылға қатысты 95% -ды құрады. Есепті кезеңде жылу энергиясын тұтынуға 1 601 т$CO_2$-балама келеді. 2023 қаржы жылындағы өсім 2021 жылға қатысты 99%-ды құрады. Шығарындылардың көздер бойынша біркелкі бөлінуі қысы суық аймақтарда орналасқан жалға берілетін объектілердің едәуір мөлшеріне байланысты, бұл жылытудың үлкен қажеттілігін түсіндіреді.

Компания жалға берілетін объектілерде тұтынылатын энергия ресурстары бойынша деректерді басқармайтындығына байланысты парник газдары шығарындыларын есептеу кезінде жанама есептеулер арқылы алынған деректер пайдаланылды (Энергия тұтыну және энергия тиімділігін қараңыз). Осылайша, шығарындылардың осы санатын сандық бағалау нәтижелері қателік мүмкіншілігінің үлкен үлесімен сипатталады. Болашақта Компания деректерді есепке алу жүйесін жетілдіру арқылы есептеулердің дәлдігін арттыруға ниетті.

**ӨЗГЕ ЖАНАМА ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ШЫҒАРЫНДЫЛАР (3-ҚАМТУ, 8-САНАТ),** т$CO_2$-балама



# ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ

GRI 302-1 302-3

Freedom Holding Corp. және оның еншілес және байланысты ұйымдарының операциялық процестері энергетикалық ресурстардың айтарлықтай шығындарымен байланысты емес болғандықтан, энергияны тұтынудың негізгі көлемі кеңселер мен бөлімшелердің кең желісінің жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз етуге келеді. Электр және жылу энергиясын тұтынудың ең үлкен көлемі клиенттерге қызмет көрсетуге арналған кеңселер мен бөлімшелерге келеді.

Есепті кезеңде энергия тұтынудың жалпы көлемі 45 736 ГДж құрады. Бұл мән коммуналдық қызметтерді жеткізушілер ұсынатын тұтынылған электр және жылу энергиясының жиынтық көлемін, табиғи газ бен дизель отынын стационарлық жағуды, дизель отыны мен автомобиль бензинін мобильді жағуды қамтиды. Есепті жылы бір қызметкерге шаққандағы жиынтық энергия тұтынудың үлестік мәні 12,2 ГДЖ/қызметкерді құрады.

**45 736**

ГДж

**Энергияны тұтынудың жалпы көлемін құрады**

### КОМПАНИЯНЫҢ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ РЕСУРСТАРЫН ТҰТЫНУЫ

| Көрсеткіш | FY 2021 | FY 2022 | **FY 2023** |
|---|---|---|---|
| **Электр энергиясы:** | | | |
| кВт-сағ | 4 530 050 | 5 623 685 | **7 163 391** |
| ГДж | 16 308 | 20 245 | **25 788** |
| **Жылу энергиясы:** | | | |
| Гкал | 2 695 | 2 722 | **4 211** |
| ГДж | 11 285 | 11 394 | **17 627** |
| **Дизель отыны:** | | | |
| мың литр | 1,7 | 4,2 | **7,3** |
| ГДж (стационарлық жағу) | 10,57 | 10 | **42** |
| ГДж (мобильді жағу) | 45,87 | 128 | **198** |
| **Бензин:** | | | |
| мың литр | 31,9 | 39,1 | **42,4** |
| ГДж (мобильді жағу) | 1 025 | 1 266 | **1 379** |
| **Газ:** | | | |
| мың м$^3$ | 9,7 | 10,2 | **20,6** |
| ГДж (стационарлық жағу) | 331,50 | 350,24 | **703,26** |
| **Энергияны жалпы тұтыну, ГДж** | **29 006** | **33 393** | **45 736** |

**ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУ,** ГДж




Freedom Holding Corp. еншілес және байланысты ұйымдарының кеңселерінің электр энергиясын жиынтық тұтынуы есепті кезеңде 7 163 391 кВтсағ құрады. 2023 қаржы жылында осы көрсеткіш мәнінің өсуі 2021 жылға қарағанда 58%-ды құрады.

Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
**ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ**
Қосымшалар

Есепті кезеңде Компанияның еншілес және байланысты ұйымдарының меншігіндегі объектілердің электр энергиясын тұтынуы 3 306 106 кВтсағ құрайды. Бұл көрсеткіштің мәні 2021 қаржы жылымен салыстырғанда шамамен 30%-ға өсті.

Есепті кезеңде тұтынылған электр энергиясының көп бөлігі Freedom Holding Corp. еншілес және байланысты ұйымдары жалға алатын объектілерге тиесілі – 3 857 285 кВт/сағ. 2023 қаржы жылында осы көрсеткіш мәнінің өсуі 2021 жылға қарағанда шамамен 94%-ды құрады.

Freedom Holding Corp. еншілес және байланысты ұйымдарының жылу энергиясын жиынтық тұтынуы есепті кезеңде 4 211 Гкал құрады. 2023 қаржы жылында осы көрсеткіш мәнінің өсуі 2021 жылмен салыстырғанда шамамен 56%-ды құрады. Компанияның еншілес және байланысты ұйымдарының меншікті объектілерінің жылу энергиясын тұтынуы 903 Гкал құрайды. 2023 қаржы жылында осы көрсеткіштің 2021 жылға қатысты қысқаруы шамамен 13%-ды құрады.

Тұтынылатын жылу энергиясының көп бөлігі Freedom Holding Corp еншілес және байланысты ұйымдары жалға алған нысандардан келеді – 3 308 Гкал. 2023 қаржы жылында 2021 жылға қатысты осы көрсеткіш мәнінің өсуі 99%-ды құрады.

Энергия тұтынудың жалпы өсуі Freedom Holding Corp. бизнесінің қарқынды кеңеюіне байланысты, бұл кеңсе кеңістігінің маңыздылығы мен қызметкерлер санының өсуіне әкелді. Сонымен қатар, бұл кезең COVID-19 пандемиясынан кейін қалпына келтіруге және қызметкерлерді кеңседе жұмыс істеудің дәстүрлі форматына қайтаруға дөп келді.

Жалға берілетін объектілерде энергия тұтынуды есептеу есепке алу жүйесінің ерекшелігіне және жалға берушілерден нақты деректердің болмауына байланысты[49] жанама есептеулер негізінде жүргізілді. Есептеулер қателіктің үлкен үлесімен сипатталады, болашақта Компания деректерді есепке алу жүйесін жетілдіру арқылы есептеулердің дәлдігін арттыруды жоспарлап отыр.

**ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУ, КВТСАҒ,** кВтсағ




**ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУ,** Гкал




# СУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ

GRI 303-5

Су еншілес ұйымдар мен байланысты компаниялардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін қажетті негізгі ресурстардың бірі болып табылады. Осыған байланысты Компания өз кеңселерінде және өзге де үй-жайларда су ресурстарын ұтымды пайдалануға ұмтылады. Freedom Holding Corp. жер үсті және жер асты көздерінен су алуды жүзеге асырмайды. Компания нысандарында пайдаланылатын суық және ыстық су орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйелерінен келеді.

Суды тұтыну көлемінің мониторингі суды есепке алудың коммерциялық есептегіштерінен алынған деректер негізінде немесе сумен жабдықтау қызметтеріне ақы төлеу нақты су тұтынуды есепке алмай жалдау шартына сәйкес жүргізілетін жағдайларда аудан бойынша консервативті аппроксимациялау жолымен жүзеге асырылады.

Компания кеңселерінің су шығыны есепті кезеңде 48,8 Мл құрады, оның 41,4 Мл-ы жалға берілетін объектілердің тұтынуына тиесілі. 2023 қаржы жылындағы осы көрсеткіш мәнінің 2021 жылға қатысты өсімі шамамен 91,9%-ды құрады.

[49] Энергия ресурстарын тұтыну туралы нақты деректер болмаған жағдайда коммуналдық қызметтердің құнын ақшалай түрде қайта есептеу жүргізілді. Бұл қайта есептеу қызмет провайдері ұсынатын тарифтер туралы мәліметтерге негізделген. Есептеу барысында өлшем бірліктеріндегі жылу сыйымдылығының мынадай мәндері пайдаланылды: Солтүстік Қазақстан үшін 0,17 Гкал/м², Орталық Қазақстан үшін 0,23 Гкал/м² және Оңтүстік Қазақстан үшін 0,16 Гкал/м².


Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
**ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ**
Қосымшалар

Freedom Holding Corp. еншілес және байланысты ұйымдарының меншігіндегі үй-жайларға есепті кезеңде 7,3 Мл келеді. Осы көрсеткіштің 2023 қаржы жылындағы 2021 жылға қатысты өсімі шамамен 80%-ды құрады.

Соңғы үш жылда суды тұтыну көлемінің жиынтық өсуі Freedom Holding Corp. бизнесінің ауқымымен және COVID-19 пандемиясы аяқталғаннан кейін кеңседе жұмыс істейтін қызметкерлер санының артуымен байланысты.

Жалға берілетін объектілерде суды тұтынуды есептеу есепке алу жүйесінің ерекшелігіне және жалға берушілерден нақты деректердің болмауына байланысты жанама есептеулер негізінде жүргізілді[50]. Болашақта компания деректерді есепке алу жүйесін жетілдіру арқылы есептеулердің дәлдігін арттыруға ниетті.

**СУ ТҰТЫНУ,** мегалитр




**FREEDOM HOLDING CORP. ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ[50] СУ РЕСУРСТАРЫН ТҰТЫНУЫ**

| Меншік түрі | Өлшем бірлігі | FY 2021 | FY 2022 | FY 2023 |
|---|---|---|---|---|
| **Жалдамалы** | **м³** | **21 605** | **16 042** | **41 469** |
| **Меншікті** | **м³** | **4 082** | **5 330** | **7 334** |

Еншілес және байланысты ұйымдардың барлық кеңселері мен бөлімшелерінде суық сумен жабдықтау орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйелері арқылы жүзеге асырылады.

Кеңселер мен бөлімшелерді ыстық сумен қамтамасыз ету орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйелері арқылы да, өз қазандықтары мен су жылытқыштары арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін.

# ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ

GRI 306-2 306-3

Freedom Holding Corp. және оның еншілес және байланысты ұйымдарының қызметі қауіпті қалдықтарды өндірумен ұштаспайды. Компанияның қызметі нәтижесінде пайда болатын қалдықтардың негізгі түрлері қағаз, есептен шығарылған кеңсе жабдықтары және шығын материалдары болып табылады.

Freedom Holding Corp. өзінің еншілес және байланысты ұйымдарының қалыптасатын қағаз қалдықтарының есебін жүргізеді.

Есепті кезеңде 23 мың кг қағаз қалдықтары қалыптасты, бұл 2021 қаржы жылындағы ұқсас көрсеткіштің мәнімен салыстыруға келеді.

Компания бизнесінің қарқынды кеңеюі жағдайында өндірілетін қағаз қалдықтары көлемінің өсуін тежеу Freedom Holding Corp. еншілес және байланысты ұйымдарының құжат айналымын цифрландыру және автоматтандыру есебінен қамтамасыз етіледі.

**ҚАҒАЗ ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ,** т




[50] Су ресурстарын тұтыну бойынша нақты деректер болмаған кезде қызметтер провайдері ұсынған тарифтер туралы деректер негізінде коммуналдық қызметтерге арналған шығыстарды ақшалай мәнде қайта есептеу жүргізілді.

Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
**ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ**
Қосымшалар

# Қосымшалар

1-қосымша: Есепті кезеңнен кейінгі оқиғалар .....68
2-қосымша: Бас акционердің қосқан үлесі .....70
3-қосымша: Freedom Holding Corp., еншілес және байланысты ұйымдардың қызметін реттейтін негізгі ережелер .....74
4-қосымша: GRI көрсеткіштерінің кестесі .....76
5-қосымша: Глоссарий .....85

# 1-ҚОСЫМША: ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

Тұрақты даму туралы есепті дайындау Компанияның қаржылық емес есеп беру тәжірибесіндегі бірінші, бірақ маңызды кезең болып табылады. Біз орындалған жұмыстарға талдау жасадық және нәтижесінде одан әрі жетілдіру үшін әлеуеті бар салаларды анықтадық. Есепті кезеңнен кейін Компания өзінің тұрақты даму саласындағы қызметінің тиімділігі мен ашықтығын арттыруға баса назар аудара отырып, анықталған салаларды оңтайландыру жөніндегі іс-шараларды белсенді іске асыруды жалғастыруда.

Сонымен, Freedom Holding Corp. есепті кезеңі аяқталғаннан кейін көп ұзамай алғаш рет есептің периметріне кіретін еншілес және байланысты ұйымдардың жетілуіне талдау жүргізді («Есептілік шектерін» қараңыз). Қазіргі ESG тәжірибелері еншілес және байланысты ұйымдарды қамтитын салалардың үздік тәжірибелерімен салыстырылды. Талдау нәтижелері Freedom Holding Corp. және оның еншілес және байланысты ұйымдарының жоғарғы басшылығының назарына жеткізілді.

Сонымен қатар, есепті кезеңнен кейін еншілес және байланысты ұйымдар маңызды ESG тақырыптарын басқаруға байланысты қағидалар мен ережелер тізімін кеңейту бойынша жұмысты жалғастырды. Мәселен, 2024 қаржы жылының бірінші жарты жылдығында «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ-да Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, ал «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ-да санкциялық саясат қабылданды. Бұл шаралар Компанияның комплаенс-бақылау жүйесін нығайтудағы кезекті қадам болды.

Есепті кезең аяқталғаннан кейін қол жеткізілген тағы бір маңызды нәтиже – Freedom Holding Corp. Директорлар Кеңесі жанындағы Мәмілелер жөніндегі комитеттің ресми құрылуы. Бұл жетістік Директорлар кеңесінің маңызды мәселелерді басқаруды жалпы қадағалауын жетілдіру жолындағы тағы бір қадам болып табылады.

Бұл оқиғалар Компанияның тұрақты даму тәжірибесін жетілдіруге бағытталған тұрақты күш-жігерімен қатар жүреді. Оларға мыналар жатады:

1. Үздік салалық ESG тәжірибелеріне мерзімді бенчмаркинг, тұрақты даму тұрғысынан Компанияның күшті және әлсіз жақтарын диагностикалау және анықтау.
2. Мүдделі тараптардың талаптары мен үміттерін талдау.
3. ESG департаментінің қызметкерлері мен Компания басшылығын үздіксіз оқыту. Оның ішінде қаржы реттеушілері, салалық қауымдастықтар және тұрақты даму саласындағы халықаралық бастамалар тарапынан өткізілетін семинарлар мен конференцияларға қатысу.
4. Компанияның тұрақты даму саласындағы мақсаттарына және оларға қол жеткізуге қатысты Компания басшылығымен қарым-қатынас жасау, ESG көрсеткіштерінің аналогтық компаниялармен салыстырғанда ағымдағы жай-күйі туралы жаңартылған ақпарат беру.
5. Тұрақты даму саласындағы жыл сайынғы есептерді дайындау, жергілікті жердегі деректер иелерінен алынатын ESG-деректерді жинау, шоғырландыру және өңдеу жүйесін жетілдіру.

## Тұрақты қаржыландыру

Компания тұрақты қаржыландыру мүмкіндіктерін зерттеуді жалғастыруда және тұрақты қаржыландыру құралдары мен ESG принциптарына сәйкес келетін жобаларға 200 млрд теңге инвестициялау мақсатын қойды. 2023 жылғы маусымда «Фридом Финанс» АҚ KASE алаңында 6,3 млрд теңге сомасына «Онлайн КазФинанс» МҚҰ» АҚ-ның екі жылдық гендерлік облигацияларын орналастыру бойынша бас андеррайтер рөлін атқарды. Облигацияларды орналастырудан түскен қаражат әйелдерді олардың мүмкіндіктерін кеңейту және гендерлік теңсіздікті азайту мақсатында іскерлік ортада қолдауға бағытталған.




## HR еңбегін мойындау

Freedom Holding Corp.[51] еншілес және байланысты ұйымдарының HR-мамандарының жұмысы қыркүйек айында Астана қаласында Қазақстанның HR-менеджерлер қауымдастығы өткізген HUMAN Capital FORUM 2023 іс-шарасында жоғары бағаланды. Компанияның марапаттау рәсімінде «HR Интеграция» мойындау сертификаты табысталды. Байқауға қатысу Компанияның еншілес және байланысты ұйымдары үшін алғаш рет болды. Бағалау үшін біздің компаниялардың ішінде HR мамандары әзірлеген және сәтті жүзеге асырған бірнеше жобалар ұсынылды. Бас компания – Freedom Holding Corp. – 20 қатысушының ішінен олардың қызметі мен әлеуетін іске асыру шеңберінде қызметкерлерді дәйекті және жүйелі интеграциялаудың дамыған тәжірибелерінің арқасында үздік болып таңдалды.

[51] Байқауға Freedom Holding Corp. еншілес және байланысты ұйымдары қатысты: «Фридом Финанс» АҚ, Freedom Finance Global PLC, «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ, «Freedom Finance Insurance «СК» АҚ, «Freedom Life» ӨСК» АҚ, «Фридом Финанс Узбекистан» ЖШҚ ШК, Freedom Finance Europe Ltd., «Aviata» ЖШС, «Интернет Туризм» ЖШС, «Freedom Pay» ЖШС, ReKassa PCI Reader, «Arbuz Group (Арбуз Груп)» ЖШС, «Ticketon Events» ЖШС, Freedom Finance Azerbaijan LLC, Freedom Finance Ukraine LLC.

Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

FREEDOM ŞAPAĞAT




## «Freedom Shapagat» корпоративтік қоры

«Freedom Shapagat» корпоративтік қоры (бұдан әрі – Қор) 2023 жылғы 8 тамызда құрылды және Қордың инвестициялау үшін жобаларды таңдауына әсер ететін негізгі инвестициялық бағыт және стратегия ретінде экологиялық, әлеуметтік және басқару факторларына негізделген.

Қордың Мақсаттары:

- БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары мен қаржылық параметрлері негізінде жасыл облигациялар мен инвестицияларды қоса алғанда, қор жобаларының портфелін басқару;
- Freedom Holding Corp. демеушілік және қайырымдылық қызметін орталықтандыру.

Осы есеп шыққан кезде Корпоративтік қор жалпы сомасы 480 000 млн теңгеден астам білім беру, спорт және гуманитарлық көмекті қолдауға бағытталған 4 жобаны қаржыландырды.

### ҚАЗА ТАПҚАН КЕНШІЛЕРДІҢ ОТБАСЫЛАРЫНА ҚОЛДАУ

2023 жылы Қор Қарағанды облысындағы Костенко шахтасында болған төтенше жағдай кезінде қаза тапқан кеншілердің отбасыларына қайырымдылық көмек көрсетті. Қолдаудың жалпы сомасы 470 млн теңгеден асты.

### СТУДЕНТТЕРГЕ СТИПЕНДИЯ ТАҒАЙЫНДАУ

Қор Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті колледжінің он бакалавриат студенті мен білім алушысына әлеуметтік жағдайы осал студенттерді қолдауға бағытталған жылдық стипендиялар тағайындады. Конкурстық іріктеу экономикалық және ақпараттық-техникалық бағыттар бойынша білім алушылар арасында өткізілді. Стипендия иегерлері ғылыми жұмыстарды қарау, оқу үлгерімінің көрсеткіштері, мотивациялық хат және бейне форматта өзін-өзі таныстыру қорытындылары бойынша анықталды.

### ЖАСӨСПІРІМДЕР ХОККЕЙ КОМАНДАСЫНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИРГЕ ҚАТЫСУҒА КӨМЕКТЕСУ

Қор «Стрижи» командасының Қазанда (Ресей) өткен 2009 жылы туған балалар командалары арасында ALGA CUP шайбалы хоккейден ашық турнирге қатысуы үшін жалпы сомасы 5 млн теңгеге демеушілік және қаржылық қолдау көрсетті.

### АЛМАТЫДА ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН ФУТБОЛ ТУРНИРЛЕРІН ҚОЛДАУ

Қор қалада жасөспірімдерге арналған футбол турнирлерін ұйымдастыру үшін Алматы қаласының беделді футбол лигасына 1,7 млн теңге көлемінде қаржылай қолдау көрсетті.

Қор жалпы сомасы 14 млрд теңгеге 18 жоба бойынша жұмысын жалғастыруда. Олар әртүрлі бағыттарды қамтиды, мысалы:

1. Білім беру бастамалары, оның ішінде оқу орындарының инфрақұрылымын дамыту, білім беру қорларымен ынтымақтастық және т.б.
2. Қалалық инфрақұрылымды дамытуға, экологиялық акциялар мен қоқысты сұрыптау жобаларын жүргізуге бағытталған экологиялық бағдарламалар және т.б.
3. Спорт орталықтарын салу, футбол және хоккей командаларына демеушілік көрсету, балалар шахматын дамыту арқылы спортты қолдау.
4. Сонымен қатар, Қор жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруға бағытталған жобаларға қолдау көрсетеді.

Компания тұрақтылықты арттыруға және БҰҰ ТДМ сәйкес жобаларды қолдауға күш жұмсай отырып, саладағы ESG тәжірибесінің көшбасшылығына ұмтылады. Бұл ретте нормативтік талаптарды сақтауға және қаржылық көрсеткіштерге қол жеткізуге ғана емес, қоғамға және қоршаған ортаға оң әсер етуге де баса назар аударылады. Қазіргі уақытта Компания «Freedom Shapagat» Корпоративтік қорының бастамалары арқылы осындай қағидаттарды белсенді түрде енгізіп, анағұрлым жауапты келешекке қарай ілгерілеуде.

Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

# 2-ҚОСЫМША: БАС АКЦИОНЕРДІҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Freedom Holding Corp. компаниялар тобының ішіндегі тұрақты даму қызметінен басқа, Компания сондай-ақ бақылаушы акционер Тимур Турловтың Компаниядан бөлек жүргізетін тұрақты даму саласындағы қызметі мен жобаларына да қызығушылық танытады. Бұл жобалардың кейбірін болашақта Компания конъюнктуралық негізде сатып алуы мүмкін деп болжануда.

Турлов мырза жоғары технологиялық жобалар мен инновациялық стартаптарға ірі стратегиялық инвестор болып табылады, осылайша өзінің инвестициялық қоржынын жоғары деңгейдегі кәсіпқойлар командаларымен, серпінді технологиялармен және клиенттік базалармен байытады. Сатып алу үшін стартаптарды таңдау кезінде жобаны іске асырудың оң әсеріне қатты назар аударылады. Жергілікті және жаһандық ауқымдағы әлеуметтік, экологиялық және экономикалық міндеттерді шешуге бағытталған жобаларға артықшылық беріледі.

Турлов мырза сонымен қатар Turlov Private Holding, Ltd арқылы әлеуметтік, экологиялық және инфрақұрылымдық жобалардың кең ауқымын қаржыландырады. Бұл оның тұрақты өсуді ілгерілету және қоғамға оң әсер ету қағидатын ұстанатынын баса көрсетеді.

## Негізгі көрсеткіштер

KZT7.18[53]

МЛРД

**Білім беру, спорттық және экологиялық жобаларға көрсетілген сыртқы қаржылық көмек**

### Freedom Holding Corp.[52] және Бас акционердің цифрлық экожүйесі




**FREEDOM HOLDING CORP. ҚҰРАМЫНА КІРЕТІН КОМПАНИЯЛАР**

Есеп периметрінде: Freedom Broker, Freedom Bank, Freedom Insurance, Freedom Life.

Есеп периметрінен тыс: Freedom Way, Ticket on, Aviata, Arbuz, Redkassa, Chocotravel.

**FREEDOM HOLDING CORP. БАС АКЦИОНЕРІ ҮЛЕС САТЫП АЛҒАН КОМПАНИЯЛАР**

Freedom Mobile, Freedom Drive, ChocoFamily, Naimi, Cerebra AI, Med365, CITIX, Relog, CTOgram, Upravdom, EasyTap, QazTracker.

Есепті кезең аяқталғаннан кейін сатып алынған.

[52] Схемада ұсынылған брендтер мынадай компанияларға қатысты: Freedom Broker – «Фридом Финанс» АҚ және Freedom Finance Global PLC, Freedom Bank - «Банк Фридом Финанс» АҚ, Freedom Insurance – « Freedom Finance Insurance «СК «АҚ, Freedom Life –» Freedom Life «ӨСК «АҚ, Freedom Pay -» Freedom Pay «ЖШС, Ticketon -» Ticketon Events «ЖШС, Chocotravel -»Интернет Туризм» ЖШС, Aviata - «Aviata» ЖШС, Arbuz - «Arbuz Group (Арбуз Груп)» ЖШС, ReKassa - ReKassa PCI Reader, Chocotravel - «Интернет Туризм» ЖШС, Freedom Mobile - «Мобильный Мир» ЖШС, Freedom Drive - «Freedom Drive» ЖШС, ChocoFamily - «Chocofamily Holding Ltd.» жеке компаниясы, Naimi - «Naimi.kz» ЖШС, Cerebra AI - «Cerebra.ai Ltd.» жеке компаниясы, Med365 - «MED365» ЖШС, CITIX - « Citix Ltd.» жеке компаниясы, CTOgram - «CTOgram» ЖШС, Upravdom - «Expo Capital Ltd.» жеке компаниясы, EasyTap - «EasyTap» Ltd.» жеке компаниясы, QazTracker - «QazTracker» ЖШС.

[53] Сома есепті кезеңде жасалған демеушілік қолдау туралы шарттары, қызмет көрсету шарттары негізінде есептелді.




Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

## Білім беру бастамаларын, мәдениет пен спортты қолдау

### IQANAT МЕКТЕБІНІҢ ЖАҢА КАМПУСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫН ЖҮРГІЗУ

2023 жылдың наурыз айында Freedom House атауын алатын IQanat мектебінің жаңа кампусын салу үшін шамамен 1,5 млрд теңге көлемінде демеушілік қолдау көрсетілді.

Жоба Щучье көлінің жағасында жүзеге асырылады. Құрылыс жоспарына сәйкес кампуста 420 орындық амфитеатр, инновациялық жабдықтармен жабдықталған планетарий, жаратылыстану пәндерін оқуға арналған заманауи кабинет, 7 мың кітап қоры бар кітапхана және ашық терраса орналасатын болады. Құрылыс қорытындысы бойынша мектептің сыйымдылығы 120 орынға ұлғаяды деп жоспарлануда.

### TEACH FOR QAZAQSTAN БІЛІМ БЕРУ ҚОРЫН ҚОЛДАУ

Есепті кезеңде Teach for All жаһандық бастамасының бөлігі болып табылатын Teach for Qazaqstan білім беру қорымен серіктестік жасалды. Бүгінгі таңда әлемнің 60 елінде жүзеге асырылып жатқан бұл қоғамдық ұйымның миссиясы – мектеп мұғалімдеріне қайта бағыттау және кадрлар жетіспейтін аймақтарға жіберу үшін әртүрлі қызмет салаларынан мамандарды тарту. Қордың басты мақсаты – өңірлердің қашықтығы, мектептердің аз қамтылуы және мұғалімдердің тапшылығы сияқты көптеген әлеуметтік-экономикалық факторларға байланысты білім беру теңсіздігін азайту. 450 млн теңге көлемінде демеушілік көмек бүкіл ел бойынша оқыту деңгейін арттыру және оқытудың заманауи әдістемелерін енгізу үшін арнайы әзірленген педагог кадрларды қайта даярлау жөніндегі ауқымды білім беру бағдарламасын іске қосу және жүзеге асыру үшін пайдаланылады. Осы бастама аясында мұғалімдер қызықты және қолайлы оқу ортасын құруға бағытталған шеберлік сыныптарына, семинарларға және мамандандырылған оқу модульдеріне қол жеткізе алады.



*IQanat мектебінің жаңа кампусының іргетасын қалау рәсімі*




Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

**ШАХМАТ СПОРТЫН НАСИХАТТАУ**

2023 жылдың қаңтарында Freedom Holding Corp. Бас атқарушы директоры Тимур Турлов Қазақстан шахмат федерациясының президенті лауазымына сайланды. Ұйымның басты міндеттерінің бірі шахмат секцияларының санын 7 мыңнан 14 мыңға дейін екі есеге ұлғайту, зияткерлік ұлттың қалыптасуына үлес қоса отырып, шахматты насихаттау жөніндегі жұмысты жалғастыру болып табылады. 2022 жылдың маусым айында «Фридом Финанс» АҚ Қазақстандық шахмат мектебімен бірлесіп Алматы қаласында 5 -16 жас аралығындағы балаларға арналған қайырымдылық акциясын іске қосты. Бұл бастама барлық бастаушы шахматшыларға тәжірибелі шахмат шеберлері тарапынан кәсіптік оқыту мен жаттығуға мүмкіндік береді. Авторлық оқыту әдістемесі бойынша Қазақстандық шахмат мектебі 11 жасқа дейінгі санатта 2018 жылғы әлем чемпионын тәрбиеледі.

2023 жылдың наурызында Freedom Holding Corp. демеушілігімен беделді KazChessAwards сыйлығы құрылды. Жыл сайынғы тапсыру іс-шарасын өткізу Қазақстан Республикасының шахмат қоғамдастығының үздік өкілдерін атап өтуге және көтермелеуге арналған. Осындай жобаларға инвестиция сала отырып, Компания дарынды шахматшыларға өздерінің ерекше дағдылары мен таланттарын атап өтетін платформа жасайды. Есепті кезеңде Компания 2023 жылдың сәуір айында Астана қаласында шахматтан әлем чемпионатын өткізуге шамамен 2,3 млрд теңге көлемінде қаражат бөлді.

**СПОРТТЫ ҚОЛДАУ**

2022 жылдың қыркүйегінде Қазақстан футбол федерациясымен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды, оның шеңберінде шамамен 1,3 млрд теңге көлемінде қаржыландыру көрсетілетін болады. Серіктестік спорттың балалар-жасөспірімдер және бұқаралық бағыттарын, сондай-ақ инфрақұрылымды дамытуға, оның ішінде Қазақстан өңірлерінде ойын алаңдарын салуға



бағытталған. Келісімнің негізгі бөлігі – кәсіби жастар футбол лигасын құру. «Каспий» футбол клубын қолдау аясында Компания есепті кезеңде құрал-саймандар мен спорттық жабдықтарды сатып алуға 270 млн теңге бөлді.

Есепті кезеңде Super Bol спорттық реалити-шоуына 490 млн теңге көлемінде қаржылық қолдау көрсетілді. Жобаға 16 жастан 25 жасқа дейінгі жастар қатысты. Түсірілім кезінде жобаның үздік қатысушылары атақты жаттықтырушылардың басшылығымен толыққанды футбол базасында жаттығуға, содан кейін кәсіби келісімшарттар жасасуға мүмкіндік алды.





Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

## Экологиялық жобалар

### МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА ТҰЩЫ СУ ТАПШЫЛЫҒЫ МӘСЕЛЕСІН ШЕШУ

Турлов мырза таза және сенімді су ресурстарына қол жеткізу халықтың әл-ауқаты мен қызмет көрсету өңірлерінің тұрақты дамуы үшін маңызды екенін түсінеді. Су стресінің деңгейі жоғары Қазақстанның ең құрғақ өңірлерінің бірі Маңғыстау облысы болып табылады, онда ауыз су тапшылығы тәулігіне 50 мың $м^3$ құрайды. Сумен жабдықтау мәселесін шешу үшін Маңғыстау облысының әкімдігімен ынтымақтастықта 2022 жылғы 28 қазанда тұщыландыру зауытынан Ақтау қаласындағы орталық сумен жабдықтау торабына дейін сорғы станциясы мен сумен жабдықтау желілерінің құрылысын қаржыландыру бойынша меморандум жасалды. Демеушілік көмектің жалпы сомасы шамамен 2,1 млрд теңгені құрады. Инженерлік құрылыстарды салу нәтижесінде Ақтау қаласы мен Ақшұқыр және Саин Шапағатов ауылдарының 230 мың халқы сапалы ауыз сумен үздіксіз қамтамасыз етілетін болады.



# 3-ҚОСЫМША: FREEDOM HOLDING CORP., ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН РЕТТЕЙТІН НЕГІЗГІ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР

| АҚШ | ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ | ҚАЗАҚСТАН | ӨЗБЕКСТАН |
|---|---|---|---|
| Невада заңдарының жинағы түзетулерімен | Еуропалық Одақтың 2014/65/EU «Қаржылық құралдар нарықтары туралы» директивасы | «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-II Заңы | Депозитарлық есеп пен есептіліктің бірыңғай қағидалары (стандарттары) |
| АҚШ Бағалы қағаздар мен биржалар комиссиясының талаптары | Еуропалық Одақтың 600/2014 / EU «Қаржылық құралдар нарықтары туралы» реттеуі | 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-II «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы | «Қылмыстық қызметтен алынған кірістерді заңдастыруға, терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Өзбекстан Республикасының Заңы |
| 1934 жылғы Бағалы қағаздар туралы АҚШ Заңы | Кипрдің Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясының талаптары | 1995 жылғы 31 тамыздағы №2444 Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы | «Бағалы қағаздар нарығындағы инвестициялық делдалдың қызметі туралы ережені бекіту туралы» Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік мүлкі жанындағы Бағалы қағаздар нарығының жұмысын үйлестіру және бақылау орталығының Бас директорының бұйрығы |
| Сарбейнз — Оксли Заңы (SOX) | Кипрдің Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясының 158(1)/2018 Ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландырудың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі директивасы | 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126 «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы | Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жанындағы бағалы қағаздар нарығының жұмысын үйлестіру және бақылау орталығы Бас директорының «Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының ішкі бақылауы туралы ережені бекіту туралы» бұйрығы |

Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

| АҚШ | ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ | ҚАЗАҚСТАН | ӨЗБЕКСТАН |
|---|---|---|---|
| Қаржылық қызметтер саласын реттеу қызметінің (FINRA) талаптары | «Ақшаны жылыстату жөніндегі қызметтің алдын алу және жолын кесу туралы» 2007 жылғы Кипр Заңы | 2009.08.28 № 191-IV «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы | «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Өзбекстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Өзбекстан Республикасының Заңы |
| Шетелдегі сыбайлас жемқорлық туралы заң | Кипрдің Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясының №C418 циркуляры | АХҚО қаржы қызметтерін реттеу комитетінің жалпы ережелері | «Қылмыстық қызметтен алынған кірістерді заңдастыруға, терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Өзбекстан Республикасының Заңы |
| Шетелдік активтерді бақылау басқармасының (OFAC) ережелері | DI87-01(A) қаржы құралдары мен клиенттерге тиесілі қаражаттың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі директива | АХҚО қаржы қызметтерін реттеу комитетінің іскерлік қызметін жүргізу қағидалары | «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Өзбекстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Өзбекстан Республикасының Заңы |
| Шетелдік шоттар бойынша салық есептілігі туралы заң | MiFID II өнімдерін басқару талаптары бойынша ESMA нұсқаулығы | Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және АХҚО қаржы қызметтерін реттеу комитетінің санкцияларына қарсы іс-қимыл қағидалары | «Қылмыстық қызметтен алынған кірістерді заңдастыруға, терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Өзбекстан Республикасының Заңы |
| | | Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларын, брокердің және (немесе) дилердің банк операцияларын жүргізу тәртібін бекіту туралы» 2014 жылғы 3 ақпандағы № 9 қаулысы | |
| | | Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Инвестициялық қоржынды басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 3 ақпандағы № 10 қаулысы | |
| | | «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (өзгерістермен) | |

Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

# 4-ҚОСЫМША: GRI КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ КЕСТЕСІ

| | |
|---|---|
| Пайдалану туралы мәлімдеме | Freedom Holding Corp. 2022 жылғы 1 сәуірден 2023 жылғы 31 наурызға дейінгі кезеңдегі GRI стандарттарына сілтеме жасай отырып есеп дайындады. |
| Пайдаланылған GRI 1 | GRI 1: Foundation 2021 |
| Қолданылатын Салалық GRI стандарттары | Қолданылмайды |

| GRI стандарты | Ашып көрсету | Есептің беті | Есептің бөлімдері | Түсініктеме |
|---|---|---|---|---|
| **Общие раскрытия** | | | | |
| **GRI 2: Жалпы ашып көрсетулер 2021** | 2-1 Ұйым туралы ақпарат | 2-бет | Freedom Holding Corp. туралы | |
| | 2-2 Ұйымның тұрақты даму саласындағы есептілігіне енгізілген заңды тұлғалар | 3-бет | Есеп туралы | |
| | 2-3 Есепті кезең, есептілік кезеңділігі және байланыс ақпараты | 3-бет | Есеп туралы | Байланыс ақпараты есептің соңғы бетінде берілген. |
| | 2-4 Ақпараттағы өзгертулер | 76-бет | 4-қосымша: GRI көрсеткіштерінің кестесі | Бұл Тұрақты даму туралы есеп Freedom Holding Corp. үшін алғашқы болып табылады. Есепті кезеңдегі ақпаратта маңызды өзгерістер жоқ. |
| | 2-5 Есептілікті сыртқы куәландыру | 97-бет | 4-қосымша: GRI көрсеткіштерінің кестесі | Бұл есеп сыртқы растау рәсімінен өткізілмеген. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **GRI 2: Жалпы ашып көрсетулер 2021** | 2-6<br>Ұйымның қызметі, қосылған құн құру тізбегі және өзге де іскерлік байланыстары туралы мәліметтер | 2-бет | Freedom Holding Corp. туралы | 2-6-d. Бұл тұрақты даму туралы есеп Freedom Holding Corp. үшін алғашқы болып табылады. Есепті кезеңде бұл көрсеткіш бойынша ақпаратта маңызды өзгерістер жоқ. |
| | 2-9<br>Басқарма құрылымы мен құрамы | 41-бет | Корпоративтік басқару жүйесі | 2-9-c.vi. Компания Директорлар кеңесі мүшелерінің құпиялылық себептері бойынша жеткіліксіз ұсынылған әлеуметтік топтарға тиесілігі туралы ақпаратты ашып көрсетпейді.<br>2-9-c. viii. Директорлар кеңесінің Төрағасы Тимур Турлов бақылаушы акционер болып табылады және осылайша Директорлар кеңесінде акционерлердің мүдделерін білдіреді. |
| | 2-10<br>Жоғарғы басқару органын сайлау және бекіту тәртібі | 48-бет | Корпоративтік басқару жүйесі | |
| | 2-11<br>Жоғарғы басқару органының басшысы | 41, 54-бет | Корпоративтік басқару жүйесі; Іскерлік әдеп және комплаенс | |

Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **GRI 2: Жалпы ашып көрсетулер 2021** | 2-12<br>Әсерлерді басқаруды бақылаумен қамтамасыз етудегі жоғары басқару органының рөлі | 41, 51-бет | Корпоративтік басқару жүйесі | 2-12-b. Компанияда ESG әсеріне қатысты тиісті қырағылықтың жеке рәсімі қарастырылмаған.<br>Оның орнына Freedom Holding Corp. Директорлар кеңесі тәуекел-менеджмент, ішкі бақылау және ішкі аудит функцияларын қадағалауды жүзеге асыру арқылы Компания қызметінің ықтимал теріс әсерін қадағалауды жүзеге асырады.<br>2-12-c. Компанияның Директорлар кеңесіне жыл сайынғы негізде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау функцияларының тиімділігі туралы басқарушылық есептілік жіберіледі. |
| | 2-13<br>Әсерлерді басқару бойынша жауапкершілікті табыстау | 50-бет | Корпоративтік басқару жүйесі | |
| | 2-14<br>Тұрақты даму туралы есептілікті бекітудегі жоғарғы басқару органының рөлі | 4, 18, 20, 50-бет | Жоғары басшылықтың үндеуі; Тұрақты дамуды басқару жүйесі; Корпоративтік басқару жүйесі | |
| | 2-15<br>Мүдделер қақтығысы | 54-бет | Іскерлік әдеп және комплаенс | |
| | 2-16<br>Коммуникация/ маңызды мәселелер туралы хабарлау | 41, 51, 58-бет | Корпоративтік басқару жүйесі; Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару; Кері байланыс тетіктері | |

Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **GRI 2: Жалпы ашып көрсетулер 2021** | 2-17<br>Жоғарғы басқару органының ұжымдық білімі | 41-бет | Корпоративтік басқару жүйесі | |
| | 2-18<br>Жоғарғы басқару органының жұмысын бағалау | 41-бет | Корпоративтік басқару жүйесі | Есепті кезеңде Компанияның Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігіне алғашқы бағалау жүргізілді. Жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша қандай да бір маңызды түзету әрекеттерін орындау үшін негіздер анықталған жоқ. |
| | 2-19<br>Сыйақы саясаты | 49-бет | Корпоративтік басқару жүйесі | |
| | 2-20<br>Сыйақы белгілеу тәртібі | 49-бет | Корпоративтік басқару жүйесі | |
| | 2-21<br>Жылдық өтемақының жалпы коэффициенті | 79-бет | 4-қосымша: GRI көрсеткіштерінің кестесі | Деректер құпиялылығы саласындағы шектеулерге байланысты ақпарат ашылмайды. |
| | 2-22<br>Тұрақты даму стратегиясы туралы мәлімдеме | 79-бет | 4-қосымша: GRI көрсеткіштерінің кестесі | Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Компанияда тұрақты даму стратегиясы әзірленбеген. |
| | 2-23<br>Ұйымның ішкі құжаттарында бекітілген міндеттемелер | 2, 18, 53, 58-бет | Іскерлік әдеп және комплаенс; Кері байланыс тетіктері; Тұрақты дамуды басқару жүйесі | |
| | 2-24<br>Саясат пен міндеттемелерді енгізу | 19, 53, 58-бет | Іскерлік әдеп және комплаенс; Кері байланыс тетіктері | |

Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **GRI 2: Жалпы ашып көрсетулер 2021** | 2-25<br>Жағымсыз әсерді азайту тетіктері | 58-бет | Кері байланыс тетіктері | 2-25-d. Компанияда 2-25-b ашып көрсету шеңберінде ұсынылғандарды қоспағанда, шағымдар мен өтініштерді қараудың қолданыстағы корпоративтік тетіктері туралы кері байланыс жинаудың қосымша арналары көзделмеген.<br>2-25-e. Компанияда шағымдар мен өтініштерді қараудың корпоративтік тетіктері жұмысының тиімділігін бағалау процесі бекітілмеген. |
| | 2-26<br>Кеңес алу және келелі мәселелер туралы хабарлау тетіктері | 58-бет | Кері байланыс тетіктері | |
| | 2-27<br>Заңнаманы сақтау | 80-бет | 4-қосымша: GRI көрсеткіштерінің кестесі | Компания бұл ақпаратты АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясы үшін 10-К нысаны бойынша жыл сайынғы есептілікте ашып көрсетеді. |
| | 2-28<br>Қауымдастықтарға мүшелік | 13-бет | Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік | |
| | 2-29<br>Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тәсілі | 24-бет | Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу | |
| | 2-30<br>Ұжымдық шарттар | 80-бет | 4-қосымша: GRI көрсеткіштерінің кестесі | Freedom Holding Corp. компаниясында ұжымдық шарттарды жүргізу тәжірибесі жоқ. |
| **Маңызды тақырыптар** | | | | |
| **GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021** | 3-1<br>Маңызды тақырыптарды анықтау тәртібі | 20-бет | Маңызды тақырыптарды анықтау | |

Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

| | | | |
|---|---|---|---|
| **GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021** | 3-2<br>Маңызды тақырыптар тізімі | 20-бет | Маңызды тақырыптарды анықтау |
| **Энергия** | | | |
| **GRI 302: Энергия 2016** | 302-1<br>Ұйым ішіндегі энергия тұтыну | 64-бет | Энергия тұтыну және энергия тиімділігі |
| | 302-3<br>Энергия сыйымдылығы | 64-бет | Энергия тұтыну және энергия тиімділігі |
| **Парник газдарының шығарындылары** | | | |
| **GRI 305: Шығарындылар 2016** | 305-1<br>Парник газдарының тікелей шығарындылары (1-қамту аймағы) | 61-бет | Климат |
| | 305-2<br>Парник газдарының жанама шығарындылары (2-қамту аймағы) | 61-бет | Климат |
| | 305-4<br>Парник газдары шығарындыларының қарқындылығы | 61-бет | Климат |
| **Қалдықтар** | | | |
| **GRI 306: Қалдықтар 2020** | 306-2<br>Қалдықтармен байланысты маңызды әсерлерді басқару | 66-бет | Қалдықтарды басқару |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 306-3<br>Қалыптасатын қалдықтар | 66-бет | Қалдықтарды басқару | |
| **Еңбек қатынастары және жұмыспен қамту** | | | | |
| | 401-2<br>Уақытша немесе штаттан тыс қызметкерлерге берілмейтін штаттық қызметкерлерге арналған жеңілдіктер | 30-бет | Әлеуметтік қолдау, ынталандыру және еңбекақы төлеу | |
| | 401-3<br>Ата-ана демалысы | 30-бет | Әлеуметтік қолдау, ынталандыру және еңбекақы төлеу | |
| **Адам капиталын дамыту** | | | | |
| **GRI 405: Алуантүрлілік және тең мүмкіндіктер 2016** | 405-1<br>Басқарушы органдар мен қызметкерлердің алуантүрлілігі | 44-бет | Корпоративтік басқару | |
| **Әлеуметтік дамуға үлес** | | | | |
| **GRI 203: Тікелей емес экономикалық әсер 2016** | 203-1<br>Инфрақұрылымға инвестициялар және ақысыз қызметтер | 34-бет | Жергілікті қоғамдастықтарды дамытуға үлес | |
| **GRI 303: Су және төгінділер 2018** | 303-2<br>Төгінділермен байланысты әсерлерді басқару | 82-бет | 4-қосымша: GRI көрсеткіштерінің кестесі | Кәріз суларын бұру орталықтандырылған қалалық кәріз жүйесі арқылы жүзеге асырылады. |
| | 303-5<br>Су тұтыну | 65-бет | Су ресурстарын тұтыну | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **GRI 413: Жергілікті қоғамдастықтар 2016** | 413-1<br>Қызмет көрсету өңірлерімен өзара әрекеттесу, қызмет көрсету өңірлеріне қызметтің әсерін бағалау және қызмет көрсету өңірлерін дамыту бағдарламаларын іске асыратын бөлімшелер | 34-бет | Жергілікті қоғамдастықтарды дамытуға үлес | |
| **Іскерлік әдеп** | | | | |
| **GRI 415: Саяси қызмет 2016** | 415-1<br>Саяси жарналар | 83-бет | 4-қосымша: GRI көрсеткіштерінің кестесі | Freedom Holding Corp. саяси партияларға, қайраткерлерге немесе олардың өкілдеріне қаржылық қолдау көрсетпейді. |
| **Киберқауіпсіздік** | | | | |
| **Тұтынушының жеке өміріне қол сұқпаушылық 2016** | 418-1<br>Тұтынушының жеке өміріне қол сұқпаушылықтың бұзылуы немесе ақпараттың жоғалуы туралы расталған шағымдар | 83-бет | 4-қосымша: GRI көрсеткіштерінің кестесі | Есепті кезеңде клиенттердің жеке өміріне қол сұқпаушылықты бұзумен байланысты негізделген шағымдар түскен жоқ. |
| **Экономикалық нәтижелілік** | | | | |
| **GRI 201: Экономикалық нәтижелілік 2016** | 201-2<br>Қаржылық салдар және климаттың өзгеруіне байланысты басқа тәуекелдер мен мүмкіндіктер | 106-бет | 4-қосымша: GRI көрсеткіштерінің кестесі | Есепті кезеңде Компанияда қаржылық салдарды немесе шығындарды есептеу және климаттың өзгеруіне байланысты кірістерді болжау жүйесі болған жоқ. Компания бұл мүмкіндікті оқиғалардың орта мерзімді келешегінде (3-5 жыл) қарастырады. |

Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **GRI 201: Экономикалық нәтижелілік 2016** | 201-3<br>Зейнеткерлік жоспарлар бойынша бекітілген міндеттемелер | 84-бет | 4-қосымша: GRI көрсеткіштерінің кестесі | Компания қызмет көрсететін өңірлерде қызметкерлер үшін заңнамада көзделмеген арнайы зейнетақы қорлары немесе бағдарламалары жоқ. Компания өзінің қызмет көрсету юрисдикциясының заңнамасында көзделген міндетті зейнетақы жарналарын төлейді:<br>Қазақстан Республикасы - 10%;<br>Өзбекстан Республикасы - 8%;<br>Кипр Республикасы - 8,5%;<br>АҚШ - 7,65%. |
| | 201-4<br>Үкіметтен алынған қаржылық көмек | 84-бет | 4-қосымша: GRI көрсеткіштерінің кестесі | Есепті кезеңде Компания үкіметтен осы көрсеткіште көзделгендей қаржылық көмек алған жоқ |
| **Салықтар** | | | | |
| **GRI 207: Салықтар 2019** | 207-1<br>Салыққа көзқарас | 84-бет | 4-қосымша: GRI көрсеткіштерінің кестесі | Компания бұл ақпаратты АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясы үшін 10-К нысаны бойынша жыл сайынғы есептілікте ашып көрсетеді |
| **GRI 207:  Салықтар 2019** | 207-2<br>Салық мәселелерін басқару, тәуекелдерді бақылау және басқару | 84-бет | 4-қосымша: GRI көрсеткіштерінің кестесі | Компания бұл ақпаратты АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясы үшін 10-К нысаны бойынша жыл сайынғы есептілікте ашып көрсетеді |

Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

# 5-ҚОСЫМША: ГЛОССАРИЙ

| Аббревиатура / Қысқарту | Толық атауы |
|---|---|
| **AIX** | Astana International Exchange / Астана қор биржасы |
| **CEO** | Chief Executive Officer / Бас атқарушы директор |
| **CFO** | Chief Financial Officer / Бас қаржы директоры |
| **$CH_4$** | Метан |
| **$CO_2$** | Көміртек диоксиді |
| **COVID-19** | Короновирустық инфекция |
| **ESG** | Environmental social governance |
| **FINRA** | Financial Industry Regulatory Authority / Қаржы қызметтерін реттеу қызметі |
| **FY** | Fiscal year / Қаржы жылы |
| **GRI** | Global Reporting Initiative |
| **HR** | Human Resources |
| **Inc.** | Incorporated Company |
| **KASE** | Қазақстан қор биржасы |
| **LLC** | Limited Liability Company |
| **LLP** | Limited Liability Parnership |
| **Ltd.** | Limited Company |
| **$N_2O$** | Азот оксиді |
| **NYSE** | Нью-йорк қор биржасы |
| **PLC** | Public limited company / Жауапкершілігі шектеулі ашық жария компания |
| **SEC** | Securities and Exchanges Commission / Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссия |
| **SOX** | Сарбейнз-Оксли заңы |
| **US GAAP** | United States Generally Accepted Accounting Principles / Жалпы қабыл-данған бухгалтерлік есеп қағидаттары |
| **USAID** | АҚШ Халықаралық даму агенттігі |
| **USD** | АҚШ доллары |
| **UX** | Украин биржасы |
| **UZCE** | Өзбек республикалық валюталық биржасы |
| **UZSE** | «Тошкент» Республикалық қор биржасы |
| **АҚ** | Акционерлік қоғам |
| **ҚНРДА** | Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі |
| **ЖОО** | Жоғары оқу орны |
| **ЖШ** | Жаһандық Шарт |
| **ГДж** | Гигаджоуль |
| **Гкал** | Гигакалорий |
| **ЖКО** | Жол-көлік оқиғасы |
| **ЕО** | Еуроодақ |
| **АҚ** | Ақпараттық қауіпсіздік |
| **ЖК** | Жеке кәсіпкер |
| **АЖ** | Ақпараттық жүйе |
| **АТ** | Ақпараттық технологиялар |
| **кВт-сағ** | Киловатт-сағат |
| **НТК** | Негізгі тиімділік көрсеткіштері |
| **ӨСК** | Өмір сақтандыру компаниясы |
| **Мл** | Мегалитр |
| **ХАҚҚ** | Халықаралық Аралды құтқару қоры |
| **АХҚО** | «Астана» Халықаралық қаржы орталығы |
| **БАӘ** | Біріккен Араб Әмірлігі |
| **ЕҚЫҰ** | Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы |
| **БҰҰ** | Біріккен Ұлттар Ұйымы |
| **ЖШҚ** | Жауапкершілігі шектеулі қоғам |
| **ҚОҚ** | Қоршаған ортаны қорғау |
| **ПГ** | Парник газдары |
| **ҚР** | Қазақстан Республикасы |
| **ТМ** | Тәуекел-менеджмент |
| **ДК** | Директорлар кеңесі |
| **СК** | Сақтандыру компаниясы |
| **БАҚ** | Бұқаралық ақпарат құралдары |
| **ТМД** | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы |
| **АҚШ** | Америка Құрама Штаттары |
| **ЖШС** | Жауапкершілігі шектеулі серіктестік |
| **ТД** | Тұрақты даму |
| **ТДМ** | Тұрақты даму мақсаттары |



Есеп туралы
Freedom Holding Corp. туралы
Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ
Қосымшалар

## БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ


Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 77/7, Esentai Tower бизнес-орталығы

Есепке қатысты барлық сұрақтар мен ұсыныстар бойынша ESG Департаментіне хабарласуыңызға болады.

**E-mail: esg@ffin.kz**

**Телефон: +7 (727) 355 7555**